

# ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

## Хрестоматия

Жалпы білім беретін мектептің  
жаратылыстану-математикалық  
бағытындағы 10-сыныбына  
арналған оқу құралы

# 10

*Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*

Алматы



«Жазушы», 2019

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 84 Қаз-922  
Қ 17

*Құрастырушылар:*  
С.Қасқабасов, Р.Әлмұханова, Е.Раушанов,  
Қ.Қайырбай, Д.Оспан

**Қ 17 Қазақ әдебиеті: Хрестоматия.** Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқу құралы / *Құраст.:* Қасқабасов С., Әлмұханова Р., Раушанов Е., Қайырбай Қ., Оспан Д. – Алматы: «Жазушы», 2019. – 112 бет.

ISBN 978-601-200-638-4

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 84 Қаз-922

© Қасқабасов С., Әлмұханова Р., Раушанов Е.,  
Қайырбай Қ., Оспан Д., 2019  
© «Жазушы» баспасы, 2019  
Барлық құқықтары қорғалған  
Басылымның мүлкітік құқықтары  
«Жазушы» баспасына тиесілі

ISBN 978-601-200-638-4

## АЛҒЫ СӨЗ

### Құрметті оқушылар!

Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығының хрестоматиясы сендердің рухани жан дүниелеріңнің бай болуы үшін жинақталған. Өйткені қазақ әдебиеті тек сөз өнері ғана емес, ол – халқымыздың терең тамырлы тарихын, салт-дәстүрін, бүкіл ойлау ерекшелігін бойына сіңірген, ұрпақтарға әрдайым айтары бар мәңгілік құнды өлем.

Бұл хрестоматияда бағдарламада қарастырылған «Қалың елім, қазағым» деп аталған бірінші бөлімге сай Абай Құнанбайұлының шығармаларын көбірек таныстыруды мақсат еттік. Сол себепті «Өлең – сөз патшасы, сөз сарасы», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Болыс болдым, мінеки» өлеңдері, отыз үшінші қарасөзі мен «Ескендір» поэмасы ұсынылды.

Сонымен бірге хрестоматияда негізгі сабақта авторлық шығармалардың тақырыптық, мазмұндық, көркемдік, идеялық мақсаттарын анықтау, салыстыру жұмыстарына қосымша шығармалар қажет болатындықтан, «Өз қызығушылығымен оқу» бөлімін ұйымдастырдық.

Оқулықтың екінші бөлімінде «Қаныш Сәтбаев» атты роман-эссе берілгені ескеріліп, ертедегі қазақ даласындағы тіршілік көзі – құдықтарды қазу қалай болғанын білулерің үшін көрнекті жазушы Әбіш Кекілбаевтің «Шыңырау» повесі ұсынылды. «Қаныш Сәтбаев» романының авторы Медеу Сәрсекенің шығармаларындағы тақырып ауқымын таныту мақсатында «Семей қасіреті» атты жаңа еңбегі енгізілді.

Оған қоса Айгүл Кемелбаеваның «Тобылғысай» әңгімесін, Оразақын Асқардың «Шаттан, қазақ», «Дербестік», Жәркен Бөдешұлының «Туған жұртқа барғанда», «Атамекен» өлеңдерін оқи аласыңдар.

Қадірлі достар, бұл рухани құндылықтардың қадірін қазірден бастап түсіне білулерің абзал. Біздің халық бар арманын, тарихын ұрпақтарға аманат етіп, айтып та, жазып та кеткен, сондықтан бабалардың ардақты сөздерін бағалай, қадірлей білу – парыз, борыш, міндет. Сендердің тұлғалық қалыптасуларың, кемел адам болуларың ақыл-парасаттарыңа байланысты. Сондықтан, қадірлі достар, көркем мұралардың қадірін біліп, сырлы өлеммен дос болыңдар. Іске сәт, достар!

*Құрастырушылар*



## I бөлім

# ҚАЛЫҢ ЕЛІМ, ҚАЗАҒЫМ

## АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ

(1845–1904)



### ӨЛЕҢ – СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ, СӨЗ САРАСЫ

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыннан қиыстырар ер данасы.  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,  
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,  
Ол – ақынның білімсіз бишарасы.  
Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,  
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.

Әуелі хаят<sup>1</sup>, хадис<sup>2</sup> – сөздің басы,  
Қосарлы бәйіт мысал келді арасы.  
Қисынымен қызықты болмаса сөз,  
Неге айтсын пайғамбар мен оны Алласы.

Мешіттің Құтпа<sup>3</sup> оқыған ғұламасы,  
Мүнәжәт уәлилердің<sup>4</sup> зар наласы.  
Бір сөзін бір сөзіне қиыстырар,  
Әрбірі келгенінше өз шамасы.

<sup>1</sup> Хаят (араб) – аят – Құран сүрелерінің бір шумағы тәрізді бөлігі.

<sup>2</sup> Хадис (араб) – Мұхаммед пайғамбардың істеген істері немесе ұйғарған мәлімдемелерін көзі көрген кісілердің сөзімен жеткен әңгімелер.

<sup>3</sup> Құтпа – мешітте жұма намазының алдында арабша оқылатын қысқаша уағыз.

<sup>4</sup> Уәли (араб) – дос; әулие.



Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,  
Сонда да солардың бар таңдамасы.  
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын  
Қазақтың келістірер қай баласы?

Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,  
Мақалдап айтады екен, сөз қосарлап.  
Ақындары ақылсыз, надан келіп,  
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап.

Қобыз бен домбыра алып топта сарнап,  
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.  
Өр елден өлеңменен қайыр тілеп,  
Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап.

Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап,  
Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап.  
Жат елде қайыршылық қылып жүріп,  
Өз елін бай деп мақтар Құдай қарғап.

Қайда бай мақтаншаққа барған таңдап,  
Жиса да, бай болмапты, қанша малды ап.  
Қазаққа өлең деген бір қадірсіз,  
Былжырақ көрінеді солар даңдақ.

Ескі бише отырман бос мақалдап,  
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.  
Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел,  
Сендерге де келейін енді аяңдап.

Батырды айтсам ел шауып алған талап,  
Қызды айтсам, қызықты айтсам қыздырмалап,  
Әншейін күн өткізбек әңгімеге  
Тыңдар едің әр сөзін мыңға балап.

Ақыл сөзге ынтасыз, жұрт шабандап,  
Көнгенім-ақ соған деп жүр табандап.



Кісімсінген жеп кетер білімсіз көп,  
Жіберсем, өкпелеме, көп жамандап.

Амалдап қарағайды талға жалғап,  
Өркім жүр алар жердің ебін қамдап.  
Мақтан қуған, малқұмар нені ұға алсын,  
Шықпаса мыңнан біреу талғап-талғап.

Мал жиып арамдықпен ұрлап-қарлап,  
Қусың десе, қуанып жүр алшандап.  
Қақса-соқса бір пайда түсе ме деп,  
Елдің байын еліртіп «жау мұндалап».

Ынсап-ұят, ар-намыс, сабыр, талап –  
Бұларды керек қылмас ешкім қалап.  
Терең ой, терең ғылым іздемейді,  
Өтірік пен өсекті жүндей сабап.

### **САБЫРСЫЗ, АРСЫЗ, ЕРІНШЕК**

Сабырсыз, арсыз, еріншек,  
Көрсеқызар, жалмауыз,  
Сорлы қазақ сол үшін,  
Алты бақан алауыз.  
Өзін-өзі күндейді,  
Жақынын жалған міндейді  
Ол – арсыздық белгісі.  
Ұятсынбай, ойланбай,  
Қой дегенге тіл алмай,  
Іс қылмай ма үлгісі?  
Бір-ақ секіріп шығам деп,  
Бір-ақ қарғып түсем деп,  
Мертігеді, жатады.  
Ұрлықпен мал табам деп  
Егессе ауыл шабам деп,  
Сүйтіп Құдай атады.



Бұл нең десе, біреуге  
Жоқ нәрсені шатады.  
Құтылам деп ісінен,  
Бәрін көріп кісіден,  
Шығынға әбден батады.  
Бұл болмаса онысы,  
Аударылып қонысы,  
Алыстан дәм татады.  
Қызмет қылып мал таппай,  
Ғылым оқып ой таппай,  
Құр үйінде жатады.  
Ел қыдырып ас ішіп,  
Еркек арын сатады.  
Бала-шаға, ұрғашы  
Үйде жарап қатады.  
Еңбегі жоқ еркесіп,  
Бір шолақпен серкесіп,  
Пысық деген ант шықты.  
Бір сөз үшін жау болып,  
Бір күн үшін дос болып,  
Жүз құбылған салт шықты.  
Пысық кім деп сұрасаң –  
Қалаға шапса дем алмай,  
Өтірік арыз көп берсе,  
Көргендерден ұялмай.  
Сыбырдан басқа сыры жоқ,  
Шаруаға қыры жоқ,  
Өтірік, өсек, мақтанға  
Ағып тұрса бейне су.  
Ат-шапаннан кем көрмес,  
Біреу атын қойса «қу».  
Қу нәпсісін тыя алмай,  
Атым шығып жүрсін деп,  
Берекеге қас болса,  
Желіктірген айтаққа,  
Арақ ішпей мас болса.  
Ел тыныш болса азады,



Ерігіп өле жазады.  
Үйде отырса салбырап,  
Түзге шықса албырап,  
Кісіні көрсе қылжаңдап,  
Қалжыңшылсып ыржаңдап.  
Өз үйінде қипаңдап,  
Кісі үйінде күй таңдап,  
Ақылы бар кісіні  
Айбаттайды<sup>1</sup>, даттайды.  
Ауқаты бар туғанды  
Қайырсыз ит деп жаттайды.  
Мал мен бақтың дұшпаны,  
Кеселді пысық көбейді,  
Күшік иттей үріп жүр,  
Кісіден кеммін демейді.  
Қу тілменен құтыртып,  
Кетер бір күн отыртып,  
Қызмет қылған кісісін  
Құрытуға таяйды.  
Қылып жүрген өнері:  
Харекеті – әрекет.  
Өзі оңбаған антұрған  
Кімге ойлайды берекет?  
Кімді ұялып аяйды?  
Расы жоқ сөзінің,  
Ырысы жоқ өзінің,  
Өңкей жалған мақтанмен  
Шынның бетін бояйды.  
Бұл сөзімде жалған жоқ,  
Айтылмай сөз қалған жоқ,  
Абайлаңыз, байқаңыз –  
Елдің жайы солайды.

---

<sup>1</sup> Айбаттау – ғайбаттау, сөз қылу, жала жабу.





## БОЛЫС БОЛДЫМ, МІНЕКИ

Болыс болдым, мінеки,  
Бар малымды шығындап.  
Түйеде қом, атта жал  
Қалмады елге тығындап.  
Сөйтсе-дағы елімді  
Ұстай алмадым мығымдап.  
Күштілерім сөз айтса,  
Бас изеймін шыбындап.  
Әлсіздің сөзін салғыртсып,  
Шала ұғамын қырындап.  
Сыяз бар десе жүрегім  
Орнықпайды суылдап.  
Сыртқыларға сыр бермей,  
Құр күлемін жымыңдап.  
Жай жүргенде бір күні,  
Атшабар келді лепілдеп:  
«Ояз шықты, сыяз бар»,  
«Ылау» деп, «үй» деп дікілдеп.  
Сасып қалдым, күн тығыз,  
Жүрек кетті лүшілдеп.  
Тың тұяқ күнім сүйтсе де,  
Қарбаңдадым өкімдеп.  
Старшын, биді жиғыздым:  
«Береке қыл» деп, «бекін» деп,  
«Ат жарамды, үй жақсы  
Болсын, бөрің күтін» деп.  
Қайраттанып халқыма  
Сөз айтып жүрмін күпілдеп:  
«Құдай қосса, жұртымның  
Ақтармын осы жол сүтін» деп,  
Қайраттысып, қамқорсып,  
Сайманымды бүтіндеп...

Оңашада оязға  
Мақтамаймын елімді,



Өз еліме айтамын:  
«Бергенім жоқ, – деп, – белімді».  
Мақтанамын кісімсіп,  
Оязға сөзім сенімді.  
«Көрсеттім» деймін, ымдаймын  
Кәдік қылар жерімді.  
Сөз көбейді, ұлғайды...  
Қазақты жеген қайратты «ер»,  
Ұрынды да берінді.  
Әрлі-берлі тартысып,  
Ісі арамы жеңілді.  
Алқыны күшті асаулар  
Ноқтаға басы керілді.  
Үлкен-кіші ақының  
Бәрі сөз боп терілді.  
Қайрауы жеткен қатты би  
Қайрылып нетсін көңілді.  
Өз малым деп қойған мал  
Иесіне берілді.  
Ақылы жандар қамалап,  
Кептірді сонда ерінді.  
Арызшылар көбейді...  
Қайтсін байғұс демейді.  
Бір кептірмей терімді,  
Күн батқанша шабамын  
Әрлі-берлі далпылдап.  
Етек кеткен жайылып...  
Оязға жетсін деген боп,  
Боқтап жүрмін барқылдап.  
Кейбіреуге таяғым  
Тиіп те кетті бартылдап.  
Пысықтың көбі бұғып жүр,  
Беттесе алмай шаңқылдап.  
Ашылып омырау, күн ыстық,  
Қойын кетті алқылдап.  
Елі жөнді болыстар  
Мақтанып жүр тарқылдап.



Күлкісі жақсы қарқылдап,  
Үні бөлек сартылдап.  
Сөйлесе кетсе бір жерде,  
Ағыны қатты аңқылдап.  
Оязға кірсе, өзгеден  
Мерейі үстем жарқылдап.  
Елің бұзық болған соң,  
Ояз жатыр шартылдап.  
Табаныңнан тозасың,  
Құр жүгіріп тарпылдап.

Антұрғанмын өзім де,  
Бір мінезбен өтпеймін.  
Момындық күшті екенін  
Көрсем-дағы, күтпеймін.  
Сыяздан соң елімді  
Қысып алып кетпеймін...  
Мықтыға не қып беттеймін?  
Жуанды қойып, жуасты  
Біраз ғана шеттеймін.  
Ояз бардағы қылықты  
Ояз жоқта етпеймін.  
Кәкір-шүкір, көр-жерді  
Пайда көріп ептеймін.  
Мынау арам, тентек деп,  
Еш кісіні теппеймін.  
Өзімдік бол деп ел жиып,  
Құрастырып, септеймін.  
Бұзақының бүлігін  
«Жақсы ақыл» деп, «құп» деймін.

Сүйегім жасық, буын бос,  
Біраз ғана айлам бар.  
Айлам құрсын, білемін –  
Болыстықтың жолы тар.  
Қайтіп көмек болады  
Антұрған өңкей ұры-қар?



Көргенім әлгі, ойлашы,  
Ұят, намыс, қалды ма ар?  
Ендігі сайлау болғанда,  
Түсе ме деп тағы шар,  
Бұл күніме бір күні  
Боламын ғой деймін зар.  
Ақыл айтар туғандар,  
Бұл сөзімді ойлаңдар.  
Кәтелешке көбейді,  
Сөгіс естіп, тозды ажар.  
Мынау елді ұстарлық  
Кісі емеспін, кел, құтқар!  
Қолдан келмес қорлыққа  
Неге болдым мұнша іңкәр?  
Ел жайылды, жетпей ме,  
Оязға да бір хабар?

Тағы бүйтіп кеттің деп  
Қозғау салар, қолға алар.  
Қатты қысым қылған соң,  
Басым сотқа айналар.  
Кірлі болып түскен соң,  
Көрген күнім не болар?  
Өзіне мәлім, тентектер  
Өз бетімен не табар?  
Қағаз берер, қарманар,  
Аяғында сандалар.

Бұрынғыдай дәурен жоқ,  
Ұлық жолы тарайды.  
Өтірік берген қағаздың  
Алды-артына қарайды.  
Өз қағазы өз көзін  
Жоғалтуға жарайды.  
Тауып алып жалғанын,  
Қылмысыңды санайды.  
Өзі залым зақуншік<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Зақуншік (орыс) – закон – заңқой.



Танып алды талайды,  
Көрмей тұрып құсамын  
Темір көзді сарайды.

### МӘЗ БОЛАДЫ БОЛЫСЫҢ

Мәз болады болысың,  
Арқаға ұлық қаққанға.  
Шелтірейтіп орысың  
Шенді шекпен жапқанға.

Күнде жақсы бола ма,  
Бір қылығы жаққанға?  
Оқалы тон тола ма  
Ар-ұятты сатқанға?!

Күлмең қағып қасқайып,  
Салынып ап мақтанға.  
Таң қаламын, қампайып,  
Жоқты-барды шатқанға.

Үйі мәз боп, қой сойды  
Сүйіншіге шапқанға.  
Әуре қылды, салды ойды  
Үйдегі тыныш жатқанға.

Еш нәрсе емес, жұбанар,  
Ақыл көзбен баққанға.  
Жас баладай қуанар  
Бір дәмдіні татқанға...

Қуанарлық қыз емес  
Жылтырауық таққанға.  
Өзгелерді, біз емес  
Түсірмекші қақпанға.



Осы да есеп бола ма  
Ар, абұйыр тапқанға?  
Миың болса, жолама  
Бос желігіп шапқанға.

Бір бес надан, оңбассың,  
Нансаң, онын қосқанға.  
Жасық, жаман болмассың,  
Жамандықтан қашқанға.

Ол «Болдым-ақ» дей берер,  
Бұлғақ қағып басқанға.  
Елең қағып елбіер,  
Елертіп көзді аспанға.

Жайы мәлім шошқаның,  
Түрткенінен жасқанба.  
Бір ғылымнан басқаның  
Кеселі көп асқанға.

Одан үміт кім қылар,  
Жол табар деп сасқанда?  
Үйтіп асқан жолығар  
Кешікпей-ақ тосқанға.

## БОЙЫ БҮЛҒАҢ

Бойы бұлғаң,  
Сөзі жылмаң –  
    Кімді көрсем, мен сонан  
Бегті бастым,  
Қатты састым,  
    Тұра қаштым жалма-жан.

Өз ойында  
Тұл бойында



Бір міні жоқ пендесіп,  
Түзде мырзаң,  
Үйде сырдаң,  
Сөзі қылжаң еркесіп.

Бас құрасып,  
Мал сұрасып,  
Бермегенмен кетісер.  
Адам аулап,  
Сыпыра саулап,  
Байды жаулап жетісер.

Сөз қыдыртқан,  
Жұрт құтыртқан,  
Антын, арын саудалап.  
Бұтты-шатты,  
Үй санатты,  
Байдан атты алмалап.

Кедейі – ер,  
Кеселі зор,  
Малды байдан сорлы жоқ.  
Аш көмектің,  
Жемдемектің,  
Босқа әлектің орны жоқ.

Ел қағынды,  
Мал сабылды.  
Ұрлық, өтірік гу де гу.  
Байы – баспақ,  
Биі саспақ,  
Әуелі аспақ сыпыра қу.

Ақы берген,  
Айтса көнген,  
Тыныштық іздер елде жоқ.  
Аққа тартқан,



Жөнге қайтқан,  
Ақыл айтқан пенде жоқ.

Өз тұтуға,  
Сыйласуға  
Қалмады жан бір татыр.  
Сыпыра батыр,  
Пәле шақыр,  
Болдың ақыр тап-тақыр.  
Су жұғар ма,  
Сөз ұғар ма,  
Сыпыра жылмаң желбуаз<sup>1</sup>?  
Айтты – көндім,  
Алды – бердім,  
Енді өкіндім – өзіме аз.

### ОТЫЗ ҮШІНШІ ҚАРАСӨЗ

Егерде мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан қолөнерлі – қазақтың әулиесі сол. Бірақ Құдай Тағала қолына аз-маз өнер берген қазақтардың кеселдері болады.

Әуелі – бұл ісімді ол ісімнен асырайын деп, артық ісмерлер іздеп жүріп, көріп, біраз істес болып, өнер арттырайын деп, түзден өнер іздемейді. Осы қолындағы аз-мұзына мақтанып, осы да болады деп, баяғы қазақтың талапсыздығына тартып, жатып алады.

Екінші – ерінбей істей беру керек қой. Бір-екі қара тапса, малға бөге қалған кісімсіп, «Маған мал жоқ па?» дегендей қылып, еріншектік, салдау-салғырттыққа, кербездікке салынады.

Үшінші – «Дарқансың ғой, өнерлісің ғой, шырағым», немесе «Ағеке, нең кетеді, осы ғанамды істеп бер!» дегенде, «Маған да біреу жалынарлыққа жеткен екенмін» деп, мақтанып кетіп, пайдасыз алдауға, құ тілге алданып, өзінің уақытын өткізеді. Және анаған дүниенің қызығы алдауды білген дегізіп, көңілін де мақтандырып кетеді.

---

<sup>1</sup> Желбуаз – дәмелі болу.





Төртінші – тамыршылдау келеді. Бағанағы алдамшы шайтан тамыр<sup>1</sup> болалық деп, бір болымсыз нәрсені берген болып, артынан үйтемін-бүйтемін, қарық қыламын дегенге мәз болып, тамырым, досым десе, мен де керектінің бірі болып қалыппын ғой деп, және жасынан іс істеп, үйден шықпағандық қылып, жоқ-барға тырысып, алдағанды білмей, дереу оның жетпегенін жеткіземін деп, тіпті, жетпесе өзінен қосып, қылып бер дегенінің бәрін қылып беріп, күні өтіп, еңбек қылар уақытынан айрылып, «Жоғары шыққа» қарық болып, тамақ, киім, борыш есінен шығып кетіп, енді олар қысқан күні біреудің малын бұлдап қарызға алады. Оны қылып берейін, мұны қылып берейін деп, соныменен табыс құралмай, борышы асып, дауға айналып, адамшылықтан айрылып, қор болып кетеді. Осы несі екен? Қазақтың баласының өзі алдағыш бола тұрып және өзі біреуге алдатқыш болатұғыны қалай?

## ЕСКЕНДІР

(поэма)

Осы жұрт Ескендірді<sup>2</sup> біле ме екен?  
Македония<sup>3</sup> шаһары – оған мекен.  
Филипп патша баласы, ер көңілді,  
Мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам екен.

Филипп өлді, Ескендір патша болды,  
Жасы әрең жиырма бірге толды.  
Өз жұрты аз көрініп, көршілерге  
Көз алартып қарады оңды-солды.

Сұмдықпен ғаскер жиып қаруланды,  
Жақын жерге жау болды, тұра аттанды.  
Көп елді күтінбеген қырды, жойды,  
Ханды өлтіріп, қаласын тартып алды.

<sup>1</sup> Тамыр – дос.

<sup>2</sup> Ескендір Зұлқарнайын – III Александр, әкесі – Филипп, б.з.б. 336 жылдан Ежелгі Македонияның патшасы болған, әлемдегі ұлы қолбасшылардың бірі. Александрдың әскери қабілетіне таңғалған халық оны тегін адам емес, ерекше деп ойлап, «Зұлқарнайын», яғни мүйізді деп ойлаған.

<sup>3</sup> Македония – Еуропаның оңтүстігінде, Балқан түбегінде орналасқан мемлекет.



Жазасыз жақын жердің бөрін шапты,  
Дарияның суындай қандар ақты.  
Шапқан елдің бөрін де бодан<sup>1</sup> қылып,  
Өкіметін қолына тартып апты.

Ескендір елде алмаған хан қоймады,  
Алған сайын көңілі бір тоймады.  
Араны барған сайын қатты ашылып,  
Жердің жүзін алуға ой ойлады.

Қан ішер қаһарлы хан ашуы көп,  
Атағынан қорқады жұрт қайғы жеп.  
Сол күнде қошеметші айтады екен,  
Ханның ханы, патшаның патшасы деп.

Атағы талай жерге оның жетті,  
Жердің жүзін алуға талап етті.  
Есепсіз әскер ертіп, жарақтанып,  
Есіткен елдеріне жүріп кетті.

Алдынан шыға алмады ешкім мұның,  
Бөрін де алды, қорқытты жолдағының.  
Жан шықпады алдынан, тоқтауы жоқ,  
Жер жүзін жеке билеп алмақшының.

Жүре-жүре бір елсіз шөлге түсті,  
Алып жүрген суының бөрін ішті.  
Адам, хайуан бөрі де бірдей шөлдеп,  
Басына Құдай салды қиын істі.

Сандалды сар далада су таба алмай,  
Шөлдеген жұрт қайтеді бос қамалмай?  
Қызметкердің бөрін де өлтірмекші  
Болыпты, шөлдегенге шыдай алмай.

---

<sup>1</sup> Бодан – орыстың подданный деген сөзінен шыққан.



Мысалы, астындағы ат о дағы ұшты,  
Ескендір де атының жалын құшты.  
Жалтырап сәуле берген бір нәрсеге  
Патшаның ат үстінде көзі түсті.

Барса, бір сылдыр қаққан мөлдір бұлақ,  
Таспадай бейне арықтан шыққан құлап.  
Түсе сала Ескендір басты қойды,  
Ішсе, суы өзгеше, төтті тым-ақ.

Кешкен балық келтіртті сонда тұрып,  
Сол суға балықты алды бір жудырып.  
Исі, дәмі өзгеше болып кетті,  
Таң қалды мұның бәрін суға жорып.

Ескендір қолына айтты: «Бұл неткен су?  
Бәрің де ішіп, бұл суға бетіңді жу!  
Бір бай елден осы су шыққан шығар,  
Өрлеп барып, үстіне тігелік ту.

Бұл салқын, төтті суға қаныңыздар,  
Шақ келер маған жан жоқ наныңыздар.  
Менен қалмай, бұл суды шапшаң өрлеп,  
Талқан қылып шаһарын алыңыздар!».

Жарлық шашты, қол жүрді суды өрлей,  
Шаһарына жеткенше дамыл көрмей.  
Көкпеңбек темір киген өңкей батыр  
Тарттырып жөнеледі сырнай-керней.

Сол әскер суды өрлеп талай жүрді,  
Судың басы бір құзар шатқа кірді.  
Шаттың аузын бекіткен алтын қорған,  
Қақпасы бекітулі, көзі көрді.

Қақпаны ашайын деп хан ұмтылды,  
Тұтқасын олай-бұлай қатты жұлды.



Аша алмады қақпаны, үміт үзді,  
Ақылдасып тәуір-ақ амал қылды.

Ескендір тоқтау көрмей өскен жан ғой,  
Келмей ме тоқтаусыздың бәрі даңғой?  
Дел-сал болып бәрі де қайта шықты,  
Алысып әл келмесін байқаған ғой.

Долдықпен хан Ескендір ашуланды,  
Ашуланып қақпаға жетіп барды.  
Қақпаны дүбірлетіп қағып-қағып:  
– Қақпаны аш! – деп барынша айғай салды.

Қақпаның ар жағынан біреу келді,  
Күзетшісі сол екен, дыбыс берді.  
– Қақпаны саған ашар рұқсат жоқ,  
Бұл – Құдайға бастайтын қақпа, – деді.

– Білмесең, мен Ескендір патша деген,  
Жер жүзінің соғыста бәрін жеңген.  
Қақпанды аш, хабарыңды айт, білдір маған,  
Қорлығым өзім тауып, көз көрмеген.

– Мықтымын деп мақтанба, ақыл білсең,  
Мықты болсаң, өзіңнің нәпсіңді жең!  
Іші тар, көре алмастың біреуі – сен,  
Ондай кісі бұл жерге келмейді тең.

– Талпынған талаппенен мен де бір ер,  
Көп жүрдім, кездей келді көрмеген жер.  
Ең болмаса, халқыма көрсетейін,  
Сый қылып, белгі болар бір нәрсе бер.

Қақпадан лақтырды бір орамал,  
Сыйым – осы, падиша, мынаны ал!  
Ішінде бір нәрсе бар ақыл берер,  
Апар дағы ойланып, көзіңді сал!



Орамалды қуанып қолына алды,  
Сый алдым деп халқына қайта салды.  
Қараса, ішінде бір қу сүйек,  
Бұл не еткен мазағы деп аң-таң қалды.

Ашуланып, сыйына болды кекті,  
– Ең болмаса, білмеді сый бермекті.  
– Осы менің теңім бе? – деп ақырып,  
Лақтырып жіберді сол сүйекті.

Жолдасы Аристотель<sup>1</sup> ақылы мол,  
Лақтырған сүйекті алады сол.  
Ханға айтты: «Қасиет бар бұл сүйекте,  
Көзіңе көрсетейін, хабардар бол».

Сол күнде Аристотель жеке дара,  
Ақыл сөзін тыңдамай бар ма шара:  
– Таразыны әпкел де, сүйекті сал,  
Бір жағына алтын сап, өлшеп қара!

Бұл сөзге Ескендір де қарай қалды,  
Таразыны құрдыртып, ортаға алды.  
Қанша алтынды күміс пен салса дағы,  
Бір кішкентай сүйекті аудармады.

Мұны көріп Ескендір аң-таң қалды,  
Бар қаруын алтынға қоса салды.  
Енді қайтер екен деп қарап еді,  
Бұрынғыдан қу сүйек ауырланды.

Аристотель хәкімге патша келді:  
– Мына сүйек қазынаның бәрін жеңді.  
Бұл сүйекті басарлық, нәрсе бар ма?  
Ақылыңмен ойланып тапшы! – деді.

<sup>1</sup> Аристотель – б.з.б. 384 – б.з.б. 322 жылдар аралығында өмір сүрген, адамзаттың ұлы ұстазы атанған ежелгі грек философы, Александр Македонскийдің ұстазы.



Хәкім жерден топырақ алып барды,  
Бір уыстап сүйекке шаша салды.  
Ана басы сылқ етіп жерге түсіп,  
Сүйек басы жоғары шығып қалды.

Ескендір мұны көріп аз тұрады,  
Хәкімді аулақ жерге шақырады.  
– Таң қаларлық іс болды мұның өзі,  
Мәнісін айтып берші, – деп сұрады.

– Бұл – адам көз сүйегі, – деді ханға.  
Тоя ма адам көзі мың мен санға?  
Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да,  
Өлсе тояр, көзіне құм құйғанда.

Кәпір көздің дүниеде араны үлкен,  
Алған сайын дүниеге тоя ма екен?  
Қанша тірі жүрсе де, өлген күні  
Өзге көзбен бірдей-ақ болады екен.

Ашуланба, ей, патшам, айтайын дат:  
Алтын қақпа бермеді сізге рұқсат.  
Сый сұрадың, бергені – бір қу сүйек,  
Мұны көріп, алыңыз сіз де ғибрат!

Ойлап-ойлап патшаның мойны түсті,  
Құдайым көрсетті деп бұл бір істі.  
Бекерлік екен менің бұл ісім деп,  
Қолын алып жұртына қайта көшті.

Аз-ақ сөз айттым, бітті бұл әңгіме,  
Мұны бір өзге сөздің бірі деме.  
Қарның тойса, қайғырма мақтан үшін,  
Тоймас кезің толар деп қайғы жеме.

Қу өмір жолдас болмас, әлі-ақ өтер,  
Өз күлкіңе өзің қарық болма бекер!




Ұятың мен арыңды малға сатып,  
Ұятсызда иман жоқ, түпке жетер.

Мақтанасың біреуге мақтасын деп,  
Шаужайымнан еш адам қақпасын деп,  
Сен кеткен соң артыңнан күліп қалар,  
Антұрғаннан Құдайым сақтасын деп.

Ақылсыз өзін мақтап былжырайды,  
Бойыңа өлшеп сөйлесең,нең құрайды?  
Жақсы болсаң, жарықты кім көрмейді,  
Өз бағанды өзіңнен кім сұрайды?!

## АЛЕКСАНДР МАКЕДОНСКИЙ



Александр Македонскийге арналған бюст  
(Б.з.б. 356 ж. – 10/13 маусым б.з.б.323 ж.)



## II бөлім

# ӨЗ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫМЕН ОҚУ

**ӘБІШ  
КЕКІЛБАЕВ**

(1939–2015)



**ШЫҢЫРАУ<sup>1</sup>**

I

Еңсеп ол күні бұл зымыранға енді қайтып түспейтінін білген жоқ. Шай ішіп шықты да, ыстық қайта, құдықтың басына келді. Серіктері шайланып болғанша, айналада шашырап жатқан шеген тастарды көрді. Ернек шың бұл арадан үш қонып төртінші түнемелікке өзер жететін жерде. Одан беріде тас баласы табылмайды. Жылмиған қара сұр жазық.

Байсал бай жайлауға көшкенде, қиялама ат жолдан шығады. Ернек асқан соң, екі түнемелікте суат бар да, үшінші түнемелік, құламаның құла түзі, малды да, көшті де әбден болдыртып тастайды. Нағыз қоңыр бұйра кең өріс суат жоқтықтан қысырап жатыр. Өткен жазда қырқым өте Байсал бай Еңсепке құдық қазып бер деп қолқа салған-ды.

Ол шыңырауды<sup>2</sup> дәл осы арадан, ала қырдың үстінде оқшау қылауытқан тастақ жүлгенің терістігінен қазатын болды. Бір-екі ақсақал тастақ жыраның құбыла бет құйрығын қалай көріп

<sup>1</sup> Кекілбайұлы Ө. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Өлке, 1999. – Т. 6.

<sup>2</sup> Шыңырау – жер бетінен бастап 15–20 метр тереңдіктегі құдық.





еді, оған Еңсеп өзі ыңғай берген жоқ. Сонша қыңыр тартуында бір мән бар. Бірақ оны өзiр жан баласына тiсiнен шығармақшы емес. Шет жағасын ертең Байсал байға шыңырау бiткен той үстiнде айтпақ.

Шеген тастардың бiрсыпырасы түсiптi. Әрқайсысы алып тоқаш сияқты; қалыңдығы қарыс жарым да, биiктiгi кез жарым. Бұндай тасты сонау үш күндiк жердегi құлама ернектен тасып әкелудiң өзi күш. Ол үшiн белдi-белдi нарды кәтептeп<sup>1</sup>, ауыттап<sup>2</sup> қомдайды да, екi жағына бiр-бiр шеген тас сыйып кететiн екi үлкен кебеже теңдейдi. Оған нардың нары ғана шыдайды, анада зауза<sup>3</sup> айында, жабағы жүндi ернектiң астында қырыққан Байсал бай Жем бойына көшiп өткен-дi. Жол жөнекей бұның қосының қасына бiр күн қонды. Сонда Еңсеп Байсал байдың келе-келе түйелерiн аралап жүрiп, тас тасытуға осы шыдайды-ау деген он бес нарды өзi таңдап алып қалып едi. Қазiр соны жетi-жетiден кезек аттандырып тұр.

Жылмиған үстiрт айнала ақ шың ернекке тiрелiп таусылады. Сол ернектiң бiр ұшпа аңғарында iнiсi Теңсел тас кесiп жатыр. Таудан арамен кесiлiп алынған сандық тастар ернектiң үстiне шығарылады. Кескенге жұмсақ болғанымен, жел мен суға берiк сар кемiк тастың ортасын ойып, шыр айнала қырнап, тоқаштан аударып алғысыз тығырық кейiпке келтiредi. Ернектен алыстаған сайын жердiң топырағы қалыңдап, астындағы көл-көсiр таудың көк тас қабаты тереңдей түседi. Осы жолы бұл көк тасқа он кiсi бойы жер қазып зорға жеттi. Мұнша жердi шегендеу үшiн қыруар тас керек. Сегiз нарды ендi бiр мәртебе жiберiп алса, жетiп қалар түрi бар.

Еңсеп тастарды көрiп шыққан соң, құдықтың түбiнен алынған көк қиыршықтың үстiне құйрығын басып, жүрелеп отырды. Мойнына күмiс шынжырлап тағып қойған ақ мүйiз шақшасын алып, бас бармағының басына насыбай үйдi. Сосын екi танауына кезек-кезек тосып едi, ащы көк бұйра кеңсiрiгiн дуылдатып, таңқ-таңқ түшкiрiп жiбердi. Күштi насыбайдан көзiне ыршып шыққан жасты жалаңаш бiлегiмен сүйкеп тастады да, астындағы көк қиыршақтың бiр уысын кесiп алып, алақанына жазып қарады. Құдық түбiнен бұдан бiр шай iшiм бұрын шыққан, көк қиыршақ тас мынандай шыжып тұрған талма түсте түгел кеуiп үлгермептi, әлi дымқыл. Су я бүгiн, я ертең түске дейiн шығып қалар түрi бар. Жалаңаш иығын күн шағып барады. Құдықтан екi аттам жердегi киiз үйден гу-гу дыбыс шығады. Жiгiттердiң шамалыда шайланып шыға қоятын түрлерi көрiнбейдi. «Ау, болсаңдаршы», – деп айқайлап қойды.

<sup>1</sup> Кәтеп – жүк артқанда, нардың өркешiне ауыр салмақ салмау үшiн салынатын қом.

<sup>2</sup> Ауыт – нар түйенiң ершiк тәрiздi етiп iстелген шом ағашы.

<sup>3</sup> Зауза – мамыр айының арабша атауы.



Шай ішіп, бусанып шыққан жігіттер қасына кеп насыбай атысты. Соңыра салқын түсе, ел қыстауға қайтып келе жатқанда, Байсал бай құдық байғазы тойын қай жерде өткізетінін айтып таласты. Атақты байдың тойында жүлдеге түсетін жүйріктер мен палуандарды санасты. Байсал байдың бөйгеге не тігетініне сырттай тон пішті. Үстірттің үстіндегі ең терең, ең өрісі мол шыңырау осы болмақ. Шығыр<sup>1</sup> тартқанда, қара атан қазірдің өзінде екі жүз қадамнан асып қайтып жүр. Кешеден бері құдықтан шыққан топырақтың қиыршығы азайып, жентек-жентек саз ұшыраса бастады. Суының тұщы болуы да ғажап емес. Енді Еңсеп сол туырлық сазды түгел ойып біткенде, ар жағынан балдай тәтті тұщы су тесіп шықса, Байсал бай ханға сәлем берер ме?! Аман болса, бүкіл ала қырдың үстіндегі жалпақ ел бұл шыңырауға көзін сүзіп өтеді. Байсал бай дәулетін осы жолы төкпегенде қайда төгеді?! Айдыны асқан жерде аямай, сілтеп қалатын шығар!

Еңсеп жігіттердің кеу-кеу әңгімесіне араласқан жоқ. Балағын түріп, тізесінің үстіне шығыршықтап түйіп алды. Сосын құдықшыларға тігілген екі үйге қарады. Қырдағы кәсіпқордың қанша мал тапса да, үзгі бозармайтын құрым шатпасы. Азын-аулақ тұяқ пен бала-шаға ауыз судың басында. Оларды көрмегеніне де біраз болып барады. Бір жылдан бері осы бір қызыл төмектің маңынан шықпады. Тек сонау суық көктемде, мал төлдеп жатқанда, азғантай шаруасының күйін өз көзімен бір көріп шыққалы қатын-баласына барып қайтқан.

Мынау екі үйде өңшең еркек. Ас пісіріп беретін, үйге ие болатын екі бала жігіт бұлар құдық қазып жатқанда, ауыз суға кетеді. Қазір күн ауа екі атанды қомдап, метейлерді<sup>2</sup> теңдеп, таңдайларына қойдың көкше құртын басып, күн өтіп кетпесін деп, бастарына шекпен бүркеніп, жолға шығады да, ертең күн ыси қайтып оралады. Осындай көші-қонды күйкі тірлікте жүретін құдықшы ауылда не сән, не салтанат болсын.

Ала қырдан су іздеп, құдық қазуды ата кәсіп қылып алатын Қараш әулеті бесіктен белі шықпай жатып еститіні мазақ: «Қараш, тіккені күрке, асқаны бақыраш, иті үрегеш, қызы күлегеш, ақ боз үйге кіре алмас, шоңқайма етік кие алмас, шөккен түйеге міне алмас!..»

Қараш пақырға, әйтеуір, тамақ іше алмас демегендеріне де шүкірлік. Бірақ Байсал байдың ернекте жайлайтын ерке інісі. Өтеске: «Күн ысып кетті, сауынға бір-екі түйе берсін», – деп, кісі жіберсе: «Қараштың қарнына қара көжеден басқа ас тұрушы ма еді», – деп, келеке қып қайтарыпты.

<sup>1</sup> Шығыр – су тарту үшін қолданылатын ағаштан жасалатын құрылғы.

<sup>2</sup> Метей (жергілікті сөз) – ағаштан жасалған кішкене күбі, ыдыс.



Әдетте, етікші мен ұстаның байқатпай, шаптан тістейтін шақпа тілі болады. Құдықшыда о да жоқ. Болғанда да жеті қат жердің астындағы оның сөзін кім естиді?

Еңсеп шырт түкіріп қойды. Оның әлденеге томсырайып отырғанын көрген жігіттер кеу-кеу әңгімеден тыйылып, тоқырасып қалыпты. Ол орнынан тұрды. Сосын анадай жерде шөгерулі жатқан шығыр тартып жүрген қара атанды меңзеді.

– Ана бейшара да шөп үзсін, тұсап жібере тұрыңдаршы!

Жігіттердің біреуі қара атанның шығыр арқанын шешіп, тұрғызып, тұсап қоя берді. Еңсеп беліне қыл арқан байлап, құдыққа беттеді. Төрт-бес жігіт қатарласып, қыл арқаннан ұстады.

Құдықтың ішіне үңілсең, басың айналады – саңылауы жоқ қара түнек. Еңсеп ыссыдан өңін жоғалтып алған күлгін аспанға қарады; сосын құдықтың ішіне аяғын салбыратып, сыз қабырғадан тесіп жасаған теппеге башпайын тіреді. Манадан бері күн қыздырып тастаған бақайы мұздап қоя берді. Кеңірдегін созып қарап еді, құдықтан шыққан сұрғылт төмпешіктердің ар жағында екі құрым күрке қарауытты. Арқаннан ұстап, құдыққа төніп-төніп тұрған жігіттердің әбден күнге шыжғырылған қап-қара сирақтарын көрді.

Жаңа ғана айнала сағым шалып жатқан көл-көсір көкжиек енді қара сирақтардың ара-арасынан қылт-қылт жылтырайды. Қыл арқаннан ширене тартып, тағы бір теппе төмен түсті. Жігіттердің қайыс қара жүзінде моншақтап тер шығыпты. Бәрі де түү сонау зымыранға түсіп бара жатқан бұған телміре қарайды. Шалқар дария кең аспан шара табақтай боп, құдықтың аузына төңкеріле қалды. Сыз құдықтың салқын лебі енді шындап сезілді. Тершіп тұрған жауырыны оқыс мұздап, тұла бойы түршігіп кеткендей болды. Тағы да төмендей берді. Құдықтың ішіне кесе-көлденең түскен күн сәулесі түү сонау төбеде. Маңайының бәрі бозғыл, бұлыңғыр тартты. Жарықтың бәрі жоғарыға серпіліп, дәл құдықтың аузына мұнардай ұйысып тұрып алыпты.

Сыз лебі манағыдай емес, күшейе түсті. Төмендеген сайын бақайы қарылып, қатырып барады. Әдетте, жоғары шыққанда бір теппе биіктеген сайын көңілің өсіп сала береді.

Көзін құдықта ашса да, жер астына әр түскен сайын бір жас қартайғандай болады. Аяғының астында, сонау көзге түртсе көрінбес қара түнекте, ол өмірі көрмеген бір дүлей аранын ашып, тісін сақ-сақ қайрап тұрғандай ту сыртына мұздай тер шығады. Қашан аяғы жерге тірелгенше, төменге бір қарамайды, көзі көкте болып, жаңа ғана артында қалған жа-



рық әлемнің сонау бір алақандай жұрнағына телмірумен болады. О да барған сайын кішірейе түседі. Құдықтың аузындағы жігіттер шыңыраудың түбіне бір тал шаштай боп, сымша тартылып, созыла түскен жіп-жіңішке қыл арқанның ұшына жармасып, тырбаң-тырбаң етеді.

Топырақ таусылып, көк тасқа жетті. Төңірегіндегі жаңағы бір қара көлеңке бұлыңғыр жарық та сарқылды. Қара да емес, қоңыр да емес, жым-жылас тас түнек. Бұл сырттан түскендіктен, әлі көз үйренбегендіктен. Өйтпесе, қазір-ақ айналасын айқын көре алмағанмен, түксиген тас қабырғаларды еміс-еміс ажыратуға болады. Құдықтың ауыз жағы қылдырықтанып жіңішкере түсті. Ауыздағы адамдардың жобасы жоғалып, әлдеқандай қара ноқаттар қылауытады. Екі жүз қадам жердің асты...

Күнде-күнде шығып-түсіп, теппелер әбден жатталып қалған. Осы түсу деп аяғын тіреген жері теппе боп шығады. Ишекке-ай... Табанынан өткен суық шекесін тесіп барады. Қыс болса, сыртта қара өкпек соғып, қар суырып тұрғанда мына шұңқырдың ішінде буы бұрқырап, денесі жайылып отырар еді.

Қазір сыртта шыжыған шілде тамыз. Мынау көрдің іші үскіріп тұрған ақ боран.

Шиыршық атқан қыл арқан емшек тұсына, екі бұғанасына қыз-қыз батып, күйдіріп барады.

...Міне, жетті-ау, ақыры!

Еңсеп көзін тарс жұмып, ұзақ тұрып қалды. Біраздан соң қайта ашты. Жан-жағынан түксиген қара сұр қабырғалар қарауытады. Жалма-жан беліндегі арқанды шешті. Сосын арқанды қағып, жоғарыдағыларға белгі берді. Қыл арқан қайтадан көкке көтерілді. Шелтеңдеген ұшы көкірек тұсынан сипап өтіп еді, тікендей тиді. Өлгінде ғана екі жүз құлаштан астам түксиген сұр қара тас, мелшиген меңіреу қара жердің астындағы оны еріктерімен, жер үстіндегі жарқыраған тірлікпен, мүп-мүздай сұп-сұр қабырғаларды шыжыған шаңқай түстегі күннің оттай ыстық нұрымен байланыстырып тұрған қыл арқан енді жеті қабат жердің астына жаңғыз тастап, өзі сонау иненің жасуындай сығырайма тесікке, жарық дүниеге қарай жаныға, өрмелеп барады.

Кенет көз ұшында сығырая жылтыраған жаңғыз саңылау да бітеліп қалды. Алыстан болса да, атой беріп, емексітіп тұрған жарық дүние жым-жылас ғайып болды.

Еңсеп жан-жағынан анталап тұрған сыз қабырғаларды, бөрібір, көріп отыр. Қатпар-қатпарға тығылған үрейлі көлеңкелер қазір тұтаса ұйысып,



меңіреу қараңғыға айналыпты. Табанын қарыған суық шекесінен өтіп барады. Башпайларының да быртып-быртып ісіп кеткен түрі бар.

Көп ұзамай, ту жоғарыдағы ұйлыққан тұтас қою түнек қайта жыртылды. Қол басындай қап-қара бірдеңе төмен зулап келеді. Жарқ ете қалған жабағы нұр шашырай сынып, зулап келе жатқан жұдырықтай қараның жан-жағынан жапа-тармағай шарпып жатыр. Бұл – құдықтың ауыз жағындағы жарық. Ол мына тұңғыыққа жете алмай, орта жолда өлеусіреп жоғалады.

Еңсеп құдықтың аузын қара көлеңке көмген сайын қорқып қалады: ол қазынды топырақты сыртқа шығаратын емен күбішелек пе, әлде сырттан домалап кеткен кесек пе, жоқ, жер астында зарығып жалғыз отырған құдықшының онсыз да ойнақшумен болатын үркек жүрегін тас төбесіне шығаратын тағы бір көлденең кесепат па, қашан қасына жетіп, қолымен ұстағанша сенбей, көктен көзін алмайды.

Сөйтсе, өлгі қараңдап түсіп келе жатқан сыртқа топырақ шығаратын, қос құлақты емен күбі болып шықты. Ішіне мұның жылы көкірекшесін, құлынның жарғағынан қонышы қара санына жеткізіп тігілген саптама етігін салыпты. Құдықтың ішіне түсерде қиын болады деп, киімін бөлек жібереді.

Дірдектеп тұрған денесіне жылы киім майдай жақты. Жан-жағынан аш қасқырдай анталаған үрей де кейін серпілгендей болды. Қолына шапқысын ұстап, түксиген сыз қабырғаны сипады. Шып-шып тершіп, су шығып тұрған ештеңесі жоқ. Бірақ қиыршақ тастар, тіптен, былбырап кетіпті. Жентек саз таусылыпты. Ащы ма екен, тұщы ма екен? Сыз қабыршақты ерніне тигізе-тигізе, дәмін ажыратудан да қалып барады.

Оның қолы қырық қайтара істеп, әбден дағдыланып қалған үйреншікті жұмысқа кірісуі мұң екен, көңіліне қырық қайтара ойлап, қырық қайтара есіне алған, бірақ ойлаған сайын тереңдей түсетін тұңғыық ойлар қайта оралады.

Құдықшының қыран-топан қызыққа белшеден батқан берекелі өмірі жоқ. Түксиген сыз қабырғалар мен су қиыршық топырақтан басқа, екі иінінен аждаһадай айқара басқан көр-қараңғыдан басқа көргені де шамалы. Бірақ оның осы қара көр қуыс пен бір шөкім сұрқай өмірінен бөгде ойлайтын да ештеңесі жоқ еді.

Тыным тауып отыра алмайтын күс-күс қолы сыз қабыршақтарды үңгіп, жер астының қатпар-қатпарынан су іздеуге кіріскенде, мынау мимырт жұмыстан зерігіп кеткен көңілі өз өмірінің азын-аулақ қалқа-қалтарыстарын тінткілей жөнеледі.



## II

Тағы да сонау жер бетіндегі жарық дүниеде алшаң басып жүрген күндері, мынандай қара көр жер астынан атымен бейхабар кездегі аз ғана қызықты дәурені еске түседі. Неге екенін білмейді, жасы ұлғайған сайын сол бір қас қағым келте дәурен есіне тым жиі оралып, көз алдына дәл осы қазір көріп отырғандай, бәрі сайрап, ап-айқын елестейтін болып жүр. Әсіресе, әлденеге алаң боп, жүрегі ойнақшыған сәттерде өткен-кеткен жадына оралғанда, шиыршық атып шамырыққан жүйкесі бір түрлі өз-өзінен жұмсарып сала беретіндей көрінеді.

Ал бүгін кеп көкसेп отырған сол аз ғана қызық дәуренінде, тап осы күндерім ертең арман болар деп, тіпті де, ойлаған емес-ті.

Табаны жарық-жарық қара бала әуелі ортасына үңгіп қорғасын құйған құлжаның сақасы қолыма түссе деп армандады. Құлжа қолына түскенмен, о да өткінші өмірдің өзге қызықтарындай көп тұрақтамады. Ол ханталапай ойнап, қағанағы қарқ, сағанағы сарқ боп жүргенде, осы бүгін ұтсаң, ертең ұтылатын итжығыс ойын тек асықпен тынбай, бүкіл ғұмырына кететінін білген жоқ-ты. Ышқырын толтырып, асық ұтып әкелген күндері көңілі жер-көкке сыймай, күпсіп жүретін-ді. Нелер төтті қиялдар мен армандар да тап сондай күндері есіне түсетін.

Ол ең әуелі осы өңірдегі ең өктем адам Бигелді болыстай болғысы келді. Астында көк жона тоқым, күміс бас ер, көк мойнақ арғымақ; қолында – өзегіне күміс құйған, сабына алтын әшекей жүгірткен шашақты төрт өрме қамшы; артында – әр ауылдың пысықайлары. Байға қонып, мырзаға түстеніп, ел аралайды. Ел үсті жүрістен жалыққанда, қасына қарулы екі-үш жігіт ертіп, аң аулайды. Айдалада сайранды сала-сала құмарынан шыққанда, серіктерін ауылға қайтарады да, жол-жөнекей шаруа көріп қайтатын боп, теліген қайныларына бармай, болыстың панасынан дөметіп, жалғыз тұратын жесір келіншек, керме қас Жаңылдың үйіне түседі; сұлу әйел шынашағын шошайтып құйған қан күрең шайды ішіп, құс төсекте қарнын сипап, рақаттанып жатады. Еңсеп ол кезде өзі ер жеткенше, керме қас Жаңылдың қартайып кететінін білмейтін еді.

Еңсеп келе-келе, Бигелдінің де соңына сөз еріп, түсіп қалғанын көрді. Оны болыстықтан құлатқан көзі тұздай, жирен сақал Шоңмұрын би еді. Ақ көйлегінің жайдақ жағасын ашып салып, ылғи быршып терлейді де жүреді. Шүңірек көк көзінің шалғайына саулаған ащы терді шынашағымен қағып жіберіп, қайқақ төсіне төгіле құлаған жирен сақалды бір сипап



қойып, есіліп сөйлеп отырады. Оның соңында да – айғыр топ қошеметші. Оның да еститіні – тек қолпаш. Қара бала қайта осы Шоңмұрындай болсам тіптен қатып кетер ме еді деп те ойлайды.

Әйтеуір, ол әркімдер әлімжеттік жасай беретін тілік табан, жалақ бет қара бала күйінде қалып қойғысы келмейді. Ал енді ауылдың шетіне оқшау қонып ап, артқы үзігін ескі жабумен жамап, алдыңғы үзігіне алаша сырыған қырық құрау құрым үйдің оң жағына көрік құрып, шыжыған шілдеде сексеуілдің шоғына шыжғырылып отыратын әкесі Құлжандай болудан ат-тонын ала қашады. Құлжанды қазанының түбі тесілген, шәйнегінің шүмегі ұшқан көрші әйелдер «қайнағалағанмен», қалған жұрт сыртынан ылғи кекеп, мошқап жүреді. «Қырсық Құлжан» атанған әкесінің ел көзіне неге сонша сүйелдей қадалатынына қара бала еш түсінбейді. Әкесінің өзінен сұрауға батылы бармайды.

Мойны ішіне кірген ала көз әкесі лып-лып жанған сексеуілдің шоғына темір ұстап, бір қолымен көрікті басып, күні бойы ұсталық құрады. Үй ішінде ешкімге жақ ашпайды. Анасына айтатыны да: «Шайың қайнады ма?», «Ананы алып берші!» сияқты келте сауалдар мен келте бұйрықтар. Еңсеп әкесінің біреумен кер-мәр сөйлесіп жатқанын әлі көрген емес, бірақ пәленшекеңді, түгеншекең сөзден жығып кетіпті дегенді талай естіген. «Қырсық Құлжан» аталуы да сол жөн сөйлемей, қасақана бұра тартып отыратын қырыс мінезінен болса керек. Қалған Қараштың бәрі құдық қазып жүргенде, жаңғыз өзі темір соғып ұста боп кетуі де сол қырсықтығы шығар.

Ешкімге жылы шырай, оң қабағы жоқ Құлжаннан балалары қатты айбынады. Ол ләм-мим тіл де қатпайды, ақыл да айтпайды, ешқайда, ештеңеге жұмсамайды да, тек көзінің астымен сынап-мінеп қарап отырады. Содан ба, балалары анасының айтқанын қалт етпей, лышып тұрады.

Еңсеп он беске енді іліккенде, әкесі қылтамақ болып, бір жыл бойы қақ төрде қара ала алашаның үстінде жатты да қойды. Ем-дом жасамақшы болып келген бақсы-балгерді: «Жәрмеңкеге барып, сатып алған жаным жоқ, мырзасып берген Құдай сараңдығы ұстаса, қайтып-ақ алсын» деп қасарысып, маңына жуытпайды...

Әкесі содан қайтып оңалмады. Аттың ащы теріне әбден піскен қамшымен жарса да, тамағынан ас өтпеді. Ми қайнатқан ыстық басталды. Дені сау адамның өзі жанын қоярға жер таппады. Әкесін шөл шыдатпады, шыжыған шілденің қақ ортасында көз жұмды.

Өлерінде әйелін, балаларын қасына шақырды. Өлсіреген солғын дауыс еміс-еміс естіледі.



– Ал, балаларым, кетіп барам. Артында дәулет қалдырмады деп, өкелеріңе өкпелемессіңдер. Қара жер орнында тұрса, тышқан мен Қараш аштан өлмес, тіпті, болмаса жер шұқырсыңдар.

Дүниеде құдықшы дейтін кәсіп барын Еңсеп сонда білді. Өр ауылда жаңғыз-жаңғыз үй кірме болып отыратын Қараштың азын-аулақ азаматы жиылып, әкесін көмді. Қабырдан қайтқан соң, садақаға жиылған төрт-бес шал Құлжан балаларының бас көтерері Еңсепті оңаша шақырып алды.

– Шырағым, өкеден айрылдың. Құлжан пақыр қасарыспа болғанмен, ер жігіт еді. Есіл қайраты далаға кетті. Сүйегін орарға қара ала алаша зорға табылды. Шалқар дәулетке кенелтпесе де, бала-шағаның қарнын ашыртпаған ата кәсіптен қол үзгеннен, опа тапқан ол жоқ. Сен де өкеңшілеп, ата-баба ырзығын аяққа баспа. Қаршадай бауырларың мен анаң қалды. Дәржан ағаң үйлеріңді көшіріп өкетпек. Соған еріп, жолын ұста, – деп ақыл айтып, қолдарын жайып, бата қылды.

Дәржан ағасындай емес, денелі, бұлшық еті ойнақтап, ылғи жалаңаш жүреді...

Сөз дегенді атымен білмейді. Үйінің ішінде де, сырт жұртқа да не тәтті, не қатты тілі жоқ. Қатарларынан біреу-міреу көңілінен шықпаса: «Көріңді ұрайын!» – деп, бір дүңк еткізеді де, сосын қайтып жақ ашпайды.

Жұрт: «Қырсық Құлжан мен қорбаң Дәржан бір енеден туған деуге адам нанғысыз», – деп аңыз қылады...

Әйелі Ханым қол-аяғы балғадай, бойлы-сойлы, өңді кісі. Дөңгелек отты көзінің нұры жұмсақ. Ағайын-жекжатқа да араласымы мол. Дәржан қанша бауыр тартса да, көшпелі ауылға ұста боп кеткен қырсық Құлжан, қанаты сынған қарғадай, әр бұтаның түбінде бүгежекпен қала беретін құдықшы ауыл тірлігін місе тұтпай, өзі илікпей қойған-ды.

Иесі өлген жетім үйді Ханым жылы шыраймен қарсы алды. Абысынын қой сойып, қол қусырып қонақ етті; бетін сүйектеп, сыңғырама құлып салған әшекейлі сандықтан мата алып, көйлек тікті, басына жарқыратып жаулық тартты.

Құлжанның үйі көшіп келген соң, пәлен күн бойы Ханымның қолынан оймақ түскен жоқ. Үсті-басы ебіл-себіл балалардың иіні жаңарды. Құлжанның өмір бойы бозармай кеткен қара құрым үзігі өлген соң ағарды.

Ханым... қайнағасының үйі қонып, есігінен бала-шаға кіріп-шығып жатқан соң, тіпті, құлпырып кетті. Кішкене теңселге сүт пісірсе, қаймақ жалатып, нан илесе, шетінен тоқаш ұстатып, әбден асты-үстіне түсіп жүр.





Дәржан үйіне шаршап келсе де, балаларды көргенде, екі езуін жия алмай, ырсыңдап күліп, мәз-мейрам боп қалады. Құлжанның суық қабағынан ықтап өскен балалар әуелі Дәржанға да дөттері бармай, жуымай қойды. Бірақ көп ұзамай, өне бойы уда-дуда еңгезердей үндемес кісінің бет алдының жұмсақтығын іштері сезсе керек, шай ішуге келгенде, Еңсептен басқалары бірі тізесіне мініп, бірі мойнына асылып тапалайды да жатады. Қыңқ дейтін Дәржан жоқ, қолындағы шайын үстіне төгіп-шашып, ыржиып отыра береді.

Еңсеп сонау жетім көкірек бала кезіндегі жүрегіне қона қалған осы бір ыстық ықылас пен жылы мейірімді ойлағанда, әлі күнге ет бауыры елжіреп, жидіп кеткендей болады. Қанша шаршап-шалдығып, қанша кісіден көңілі қалып, беті қайтса да, сол бір жылы қабақ, жұмсақ алақанды ұмыта алмайды. Нелер тағаты таусылып, сабыры сарқылған, у ішкендей боп, көкірегі өт татып, жарық жалғаннан түгел түңіліп, сырттап кете жаздап тұрған кездерде, сол бір шұғылалы шуақ есіне сап ете қалады. Асылы, адам көңілі өмірдің көп өткіншісі шұбырып жататын айдау қара жолының үстіндегі қайыршының кетік тостағаны сияқты; өткіншілердің біреуі у тамызады, біреуі бал тамызады; өңшең у болса, әлдеқашан жер қабар едің, аз болса да, анда-санда бір тамса да, жер үсті тіршіліктің тәттілігін сездіріп, таңдайынды татытып кететін балы бар ғой тағы да. Адамның есінен қанша танғанымен, есірік дөмеден қол үзбей, ылғи әлденеге тырмысып, арам тер болып жүретіні де сондықтан шығар.

Дәржан қапелімде Еңсепті, «Кел, көр, үйреніп ал» деп, құдыққа сүйреген жоқ. Маңдайына бала бітіп көрмеген кісі жер шұқып, топырақ қазғанды өзі сияқты қу сіңірлер де зорға шыдайтын тауқымет санап, бала жігіттің етін жырттып, көңілін сындыруға әлі ерте көріп, аяп, құдық маңына жуытпады. Еңсеп ағасының үйінің қасына келген соң, тағы екі жыл балалық дәурен құрды. Ашаң қара торы жүзі жылтылдап, көзінің оты оянып, ер жетіп келе жатқан қайнысын ақылды Ханым атқа өзі мінгізді. Дәржан, шүкір, ол кезде табысты еді. Бірақ қонағы келсе, пышағы әзір, көңілдесі келсе, аты әзір Дәржанның іргесінің көңі қалындамады. Дегенмен ағасы мен өз үйін ішер ас, киер киімге кенде қылмайтындай, қазанының түбі қаңсымас күйі бар-ды. Дәржанға біткен жылқының ішінен маңдайында бармақтай ақ жұлдыз меңі бар құндыз торы дөненді жеңгесі Еңсепке мінгізді, ер-тұрманын да өзі түзеді. Сосын бір жылы жазғытұрым Дәржан екеуі төркініне көрісе барғанда, қастарына оны да ертіп кетті.

Ханымның төркіні тек мал жиғанына мәз сасық байлар емес-ті. Дәулетке сай сәулет те түзеп, көшін де, дастарқанын да, төсек орнын да



салтанатпен ұстайтын сәнқой ауыл-ды. Алпыс үй ақ төс Арын атанған ауылдың жігіттері ылғи сән түзеп, ауыл қыдырып, ат үстінде жүрер еді. Шетінен Орынбордың қара мандаласынан тіктіріп, қынама бешпет киетінді; омырауларын ашық тастап, ақ шәйі көйлектері анадайдан жарқырап келе жатар-ды. Олар не торы, не қара, өңшең сүлік сұлу ат мініп, төстері жарқырап, жал басына шыға келгенде, қапелімде қай-қай ауыл да сасып қалар-ды. Қыз-келіншек дереу үй-ішін жөндеп, самауыр қойып, сар қарын әйелдер мен кемпірлер жалма-жан ыдыс-аяқ тазалай бастайды. Арын аулының жігіттері аттарынан да сәнмен түседі, тізелерін бүкпейді, тізгіндерін ұстап, қолтықтарынан демейтін – ауыл иелері. Қашан аттанып кеткенше, көліктің жайын сұрамайды. Мамық төсектің астында сынық арпа жатса, бірден біле қояды. Шетінен сайқымазақ; жұрт ел ішіне жайып кетеді деп, көбіне-көп Арын жігіттерінің қуақы тілінен қорқады. Еңсепті Ханым жеңгесі сол еркебұлан жігіттердің тобына қосты.

Бай ауылдың ерке-шораларына Еңсеп тез сіңісті. Сері жігіттер бұны кірме көрген жоқ. Ашаң, қара торының әдемісі, аттың құлағында ойнайды; шырқау биік болмағанмен, майда қоңыр даусы бар, әнді нәшіне келтіріп, тындаушысының құлағын кесіп алардай қып, қылқылдатып, ерекше бір назбен салады. Дала жасының бір басына бұл аз өнер емес...

Сол күндері еске түскенде Еңсептің егде тартқан жүрегін әлі күнге бір жұмсақ мұң шарпиды; жер қазып, тас қашап ширатылып қалған бұлшық еті біртүрлі балғын тартқандай, балбырап сала береді. Бұл үйлі-баранды егде адамның көңілін қайдағы жоқ иектеп енді қолға көп түсе бермейтін жігіттікті көксегені емес-ті; сонау келмеске кеткен жас дәурені еске түскенде, кісі өмір-бақи армандап, өлерінде де көріп өлдім бе, көрмей өлдім бе деп, күмәнмен кететін жаңғыз аңсары –бақыттың шын дидарын көрсе, тек жас шағында ғана көре алатынын, бірақ бақытты жастық бақыттылығы сонша, тіпті, басындағы бақыттың өзін тұсында байқай алмай қалатынын ойлағаны еді. Адам асылы, өмір бойы көңіл деген көтерем тұғырды бас-көзге төпеп бақыт құған сайын, одан солғұрлым алшақтай түсетін сияқты; бақыт құған адамның тапқан бақытынан жоғалтқан бақыты көп болса керек. Бақыт... Адам байғұстың қиялы жеткен жердегі жақсы мен тәттіні бір бойына сыйғызған осы бір сөз қашан кісінің көңіліне шемен боп байланған сәтінен бастап, бастапқы мән-мағынасының бөрінен түгел айрылып, онсыз да кем қанағат, онсыз да өлермен пендені онан сайын жан алқымға түсіретін қайыс қамшыға айналатын көрінеді. Ондай қайыс қамшының саныңнан қан саулатып сабылтып жеткізетін жері – бақ шығар, дәулет шығар, даңқ шығар, әйтеуір, бақыт емес.



...Алдындағы емен күбіге салған топырағы сырғанап тұрмады. Өлдеқашан толып кетті. Арқанды қағып, жоғарыдағыларға белгі берді. Шүпілдеп толған емен күбі сусып, жоғары көтерілді. Еңсеп қап-қара үңгірдің ішінде тағы да сонау жарық дүниемен байланысы үзіліп, жалғыз қалды. Тас төбесіне найзадай төнген қара үңгірде тек арқанның дір-дір дыбысынан басқа үн жоқ.

Емен күбіні жоғары тартып әкеткенде, Еңсептің ойы қашанда үзіледі. Дағдарып отырып қалды. Сосын тағы да сыз қабырғаларды үңгуге кірісті. Бірақ жаңа-жаңа бойы сергіп келе жатқан кісіге маңдайы енді жіпси бастағанда, қайтадан тер қатқандай, ал-сал тартып қоя берді. Бірдеңесін ұмытқандай ойы он-сан бөлініп, жаңа ғана жайылма судай жан-жағынан ентелеп келе жатқан ескі елестер мен тап осы қазір табан астында туып отырған ойлардың бәрі бір жаққа безіп кеткен. Шықшыты бүлкілдеп, әлдебір ашу көтерілгендей... Кеңсірігі қаңсып, басы мең-зең тартты...

### III

Еңсеп құдалардың аулында дырду-думанның соңында қанша жыл жүрем десе де, «Қой, бала, жетер енді» дейтін Дәржанның түрі көрінбейді. Қайта анасы байғұс шыршақталап, өз-өзінен қысылып, мұның бос селтең жүрісін қойып, ағасына қолғабыс жасайтын уақыты өлдеқашан жеткенін құлақ қағыс қылды. Еңсеп те анасының көмейін түсініп, өзінің шыннан да шаруаға қырсызданып бара жатқанын байқады. Жұлдыз меңді торы атын жылқыға қосты. Бұған енді ағасының ауыл арасына мінетін буырыл тұғыры ерттелді. Ол кезде Дәржанға Төкен бай құдық қаздыртып жатқанды. Ағасы Еңсепті әлі де аяп, «Әуелі көрсін, үйренсін» деп, қиынға сала қойған жоқ. Құдықшыларға шай қайнатып, тамақ пісіреді.

Көктем шығып, көк көріне бастаған кез. Баурай-бауырындағы індігеш<sup>1</sup> екеш індігештерге дейін шиқ-шиқ үнге бөгіп, табиғаттың қағанағы қарқ шағы. Мұндайда қазақ іргесі күбір сасып, отыра алмай, қыстаудан біржола көтеріледі; жал-жалдың басына самсап, ақ жұмыртқа ауылдар қонады.

Еңсеп те күн бата бере, буырыл тұғырды ерттеп ап, құдықшылар қосынан безіп отырады. Ауылдардың біріне түсіп, шалдардың шаруа жайы мен жыл сыңайын айтқан кеу-кеу әңгімесіне құлақ тосады, қой сауып, қозы айырғандардың ызы-қиқы, у-дуын құныға тыңдайды. Заржақ қатындар-

<sup>1</sup> Індігеш – тышқан іні, індердің мол жері. Үстінен басқанда ойылып кететін көп іннің орны. Індігештер көбіне ойпаң жерде көбірек кездеседі.



дың қозысын алмаған саулықты иітпек боп: «Тұбай-тұбайлаған» көйгөйі құлағына күйдей жағады.

Еңсеп әкесінің елмен бірге көшіп, бірге қонып жүретін ұсталыққа құмар боп, құдықшылықтан неге қашқақтап өткеніне енді түсінді.

Буырыл ат қой маңырап, ит үріп ызы-қызы болып жатқан ауыл жаққа қарай ентелей басады да, ертесіне қосқа қайтқанда, мойны салбырап, митың-митың мандымай қояды.

Жан-жануар түгілі қара жердің де дені жайылғандай. Самиян<sup>1</sup> дала кеудесіндегі ол қызық пен ұлан-асыр сән-көрікті, енді өрбіп өркендей бастаған балауса тірлікті үркітіп, шошытып алмайын дегендей, шуаққа омырауын тосып, маужырай, керіліп жатыр.

Кең дүние түп-түгел серпіліп, сергіп шыға келіпті. Тек Еңсептің ғана назары сынық. Мынау қарсы алдына шығып ап, бет-аузын аймалап келе жатқан майда самал да, өн бойы шырынға толып, жұпар аңқи бастаған көк шөп иісі де бұны өз-өзінен елегіздіріп, жеңінен тартқылап, әлдеқайда, ту-ту алысқа «Жүрші-жүршілеп» азғырғандай.

Ондайда албырт көңіл ауаланып, көрдің аузындай індігешке телміріп отырған құдықшылар қосынан атымен безіп, мынау маң даланың әлдебір тұсына маңып кеткісі келеді.

Сілті ішкендей, ішек-бауыры түгел жидіп, мимырт бурылға қамшы ұруға да дәрмені жетпей, дел-сал келе жатады. Тізгінінен тартып, басын басқа жаққа бұрған ешкім болмаған соң, бурыл ат үйреншікті сүрлеуге түсіп ап, құдықшылар қосының іргесінен кеп бір-ақ тоқтайды.

Жаз шықты. Шөп пісті. Қозы-лақ аяғынан тік тұрып, айдауға көнетіндей боп, буындары бекіді. Ауылдар қырқымға кірісті. Жабағы жүнінен айрылып тұлдыр жалаңаш қалған қойларды көргенде, Еңсеп өз-өзінен жүдеп сала береді.

Бір күні Арын аулы жайлауға көшеміз, қоштасып қалсын деп, қызы мен күйеуін шақыртыпты. Ханым қайнысын да ерте жүрді.

Бай ауыл мөре-сөре. Еркек жағы ат ұстап, түйе матап, әйел жағы жүкті буыш-түйіп абыр-сабыр. Тізгінге әлі жететін балалар ертең көш-жөнекей мінетін тайларын жуасытып табандарынан таусылып жүр. Ақсақалдар қайта-қайта иіріліп, жол бағыты мен жолай суаттар жайын мәслихаттасады.

Ертең көшеміз деген күні шаңырақ сайын бір-бір боз қасқаның басы қырқылды. Шалдар дастарқан басында ұзақ мақамдап, жолдың сәті мен өрістің оңына бата бағыштады. Еңсеп ол күні елегізіп жата алмады. Қайда

<sup>1</sup> Самиян – жазық.



бес кісінің басы қосылса – соны жағалайды. Көз таса оңашада оң қабақ құдашаларымен қалжыңдасты, ойын-шыны аралас назын айтты. Біреу-міреу үстімізден шығып қала ма деп сыртқа елеңдей құлақ тосқан бойжеткендер, жігіттің үзіле айтқан сиқырлы сөздерінің буына балқып, үнсіз күлімдеседі. Қоштасарда қыр қызының тілсіз, тылсым пейілінің куәсіндей жан-жағына моншақ төгіп кестелеген жібек орамал ұсынады.

Ертеңіне ауыл таң бозарар-бозармаста ұйқыдан оянды. Өдетте, әрі-бері аунақшып, төсектен тұрып болмайтын балаларға дейін бүгін елден бұрын атып-атып тұрып, байлаулы тұрған тайларына жүгірді. Жаулығы қарқарадай кәрі әжелер таяқтарына сүйеніп ап, үй жығып жатқан қыз-келінге анадайдан жөн-жосық айтып қояды. Жас келіндердің де жүгіріп бағатыны осы тұс. Кімнің көшінің бұрын жөнелгені, ең алдымен, соларға сын. Ене-лердің шыдамсыздау қазымыр жағы қайта-қайта таяқтарын шошандатып, зіркілдеп ала жөнеледі де, ал сабырлылары жас әйелдердің әр қимылын қалт жібермей, үнсіз бағулы.

Түйелер қомдалды. Жүк артылды. Әжелер мен жас балалар мінетін түйелерге шырық айнала текемет қоршалды. Қаруы қайта қоймаған сары қарын бәйбішелер жаулығы қарқарадай боп, алдыңғы түйеге мініп көш бастайды.

– Иә, пірім!

– Е, біссіміллә!

Жүк артқан түйелер орындарынан тұра бастады. Көштің алды жөнге шықты. Қос қапталда қаз қатар тізіліп, сәукелелері сылдырап, үкілері бұлғаңдап қыз-келіншектер барады. Еркектер жағы әлі аттарына мінген жоқ. Құтты қоныс болған ескі жұртқа Құран оқып аттанбақ. Алақан жайылды, бет сипалды. Қонышқа тығулы қамшылар қайтадан қолға алынды. Бірінің тізесіне бірі таянып, ақсақалдар орнынан тұрды. Оларға ілесе, басқа еркектер де дүр көтеріліп, аттарына беттеді.

Жасы үлкендер жағы жол сілтейміз, өріс, суат барлаймыз деп, желе-жортып, ілгері озып кетті. Жастар көш қапталындағы қыз-келіншектер тобына келіп қосылды...

Көк ала жонға көтерілгенде, жан-жақтан шұбырып шығып жатқан өзге ауылдардың да көштері көрінеді. Тай мінген балалар жағы енді соларды қызықтамақ боп, құйғытып ала жөнеледі. Үлкендер де: «Е, мынау пәленшекем аулы ғой, барып көштеріне құтты болсын айтайық», – деп, аттарына қамшы басады.

Көш басында жайлы сары атанға текемет қоршап, кілем жауып жайғасқан кәрі әже жол-жөнекей амандасқалы келген сәлемші жастарға қор-



жыннан жілік-жілігімен ет үлестіріп, балалар жағына бауырсақ ұстатып, қолынан дәм таттырады.

– Әй, әжеке, иманды бол! – деп, жел аяқ жастар тағы бір ауылдың үлкенінен дәм татып қалмаққа аттарына қайтадан қамшы басады.

Қыс қоныстан жаз жайлауға қарай шұбатыла көшкен тізбек-тізбек көштердің аралары осылай ерсілі-қарсылы ала шабуыл.

Құдалар аулын аға-жеңгесімен бірге қозы көш жерге ұзатып салған. Еңсеп жастайынан жадында жат боп қалған осы көріністердің бәрін жаңа көріп тұрғандай тамсана қарады.

Әдеттегі манаурап жататын қыр бүгін дүбірге толы. Кеудесінде жаны бардың бөріне желік біткен. Бөрі де бір жерде тағат таба алмай, әлдеқайда асығып, тыпыршып тұр. Маң-маң түйелердің де аяқтарына көз ілеспейді; ентелей басады.

Ақ текемет қоршаудың арасынан шақырайып көрінетін өжелердің шаңқай жаулықтары әлдеқайда ұша жөнелгелі қанатын қомдап отырған аққулардан аумайды.

Көш – қимыл-қыбыры аз дала тірлігінің әбден асып-тасқан мерекесі. Жақсы өріске, жаңа қонысқа, жаңа әсер, жайсаң ләззатқа ынтыққан сергек көңілдің шаттығы.

Ол күні көптен қозғалмай, шау тартып, буын-буындарын сарысу алған сырқау аяқ-қолдың өзі ойламаған жерден тыңайып сала береді.

Күйбең тірліктің бірлі-ұсақты көп уайымы қажап-қажап, қаяу тартқан көңілдер көбелек қанаттанып, елегізіп шыға келеді.

Көл-көсір далиып жатқан жазғы даланың самиян самалы көп тұрып, көнетоз тартқан мүліктен қыс бойы тұралаңқырап қалған қыр тірлігінің барша шаң-тозаңын сілкіп қағып, түү-түү алысқа аластап, бездіріп жатқандай.

Еңсеп қыр асып бара жатқан ұзын шұбақ көштің соңына көзі бота-лап көп қарады. Сонау маң-маң басқан тізбек-тізбек түйелер осы өңірден күні кеше жал-жалдың басында тізіліп-тізіліп отырған ақ жұмыртқа ғана емес, ың-жың үнді, ду-ду күлкіні, абыр-сабыр қимыл-қыбырды, күлкі тіршілікті жым-жылас көшіріп өкеткендей.

Көк майсаның ортасында түйме жараның орнындай боп ақтаңдақ-ақтаңдақ көне жұрттар жатыр.

Сол ақ таңдақ жұрттар құдықшы ауылда екі-үш егде еркектің қасында, жалғыз қалған Еңсептің көзіне көпке дейін шоқтай басылды да жүрді.



Құдықшы ауылда ебіл-себіл тіршілік. Алақандай шұқырдың айнала-сындағы күн сайын бөксесі бұлтиып көтеріле түскен көр төмпектен басқа көз қуаныш та жоқ. Көлдеу ойдың ортасындағы құрым күркелер көл-көсір даладан да таса қалыпты. Еңсеп осы ауылдың шайын ағартып отырған өрістен қайтып келе жатқан қараша інгенге қызыға қарайды. Мынау жер шұқыған екі аяқты пенделерден о да жақсы. Күн ұзаққа ала қырды аяғы жеткенше шарлап қайтады. Бір кезде бұл төңіректе де ду-ду өмір болғанын сездіретін көктемгі құмалақтар әбден күн жеп құрады. Еңсеп пен бурыл аттың екі ауылдың арасында сенделген соқпақ сұрлеулерінің сұлбасы жоғалды.

Еңсеп қолына күрек алды. Балауса бұлшық еті тастың астына түсіп жанышталып қалғандай; ал-сал қары салдырап белі талғанда, күңірсік иісті, қыр шөбінің кермек дәмі таңдайына татымай енесінің жып-жылы бауырына, бал татыған саумал сүтіне аңсары ауып, көзі қарауытып, зарлана боздайтын қараша інгеннің жаңа суалтқан ботасындай Еңсептің де есіне күні кешегі бостан шағы түсіп, басы мең-зең тартып, көзінің алдын қоймалжың буалдыр көлкештейді.

Енесінің бал емшегінен торыққан қараша бота боздай-боздай сұлдері құрып, өзегін тызылдата жалаған аштықтың аранын қайтармақ боп, ұлпа тұмсығын шаяндай шағып жолатпайтын жексұрын жантаққа амалсыз бас қояды.

Жалғыз қараша бота емес, індігештен-індігешке шөп-шөнге сүйреткен құмырсқадан бастап барша тіршілік иесі, қай сиқырдың құдіреті екенін кім білсін, әуелде де өзі тіленіп келмеген жарық жалғаннан өздігімен кете алмай, ішінен ештеңе өтпесе, шоқ түскендей жалап шыдатпайтын қу өңештің күйтін күйттеп тырбынып бағады.

Еңсеп енді әр нәрсеге алаңғасарланбай, сол күллі тіршілік иесінің бөрі секілді өз қамын өзі жейтін жасқа жетті...

Осы бір зұлматтың сұр жебесіндей оқыс сауал Еңсеп алғаш рет індігештің түбіне түсіп, топырақ аршып, мамықтай майса алақаны күлбіреп ісіп, тыз-тыз ашытып, күрек ұстатпай, тұңғыш рет түңіліп, күрсіне күйзелген күні ойына оралған да, балғын көкіректің барша балаусасын жапыра жайпап, жермен-жексен қып кеткен-ді. Сонда Еңсеп шұқырдың түбінде күрегіне сүйеніп, ұзақ толғанған-ды...

Қолындағы күректің шолақ сабы маңдайына қатты батты. Жалма-жан басын көтеріп алды. Мана келіп түскен емен күбінің өлі толмағанын көрді. Сусып құлаған қиыршық тасты күреп сала бастады. Емен күбі толды. Қыл



арқанды жұлқылап, жоғарыға белгі берді. Шүпілдеп толған емен күбі түү сонау төбедегі иненің жасуындай саңылауға қарай сырғанай жөнелді.

Еңсеп күрегіне маңдайын тіреп, қайтадан ойға шомды.

#### IV

Өуелі қолға мүйіз бітеді. Сосын күні кеше ал-сал боп алдыртпай жүрген балғын бұлшық ет, қатындар керегенің көзінен қазыққа орап тартып ширатқан қыл арқандай боп шиыршық атады. Қатайып, қатыгез тартқан бұлшық етпен бірге көңіл де бекиді. Алдымен арманның аяғына тұсау түседі.

Еңсеп құдық қазуда әжептәуір жөн біліп қалды. Бастапқы кезде топырақ шығаруға көмектесіп еді, енді құдыққа түсіруге де жарады...

Еңсеп бұрын қашақтап жүрген өнеріне кем-кемдеп дәм татқан сайын құныға түсті. Үлкендер: «Ананы өзің істей ғой, мынаны өзің істей ғой», – деген сайын бір масатанып қалады.

Адам алдана білмесе, кеп-келте ғұмырында басынан кешіретін сан-сапат тауқымет пен азапқа бір күн де төзе алмас еді. Көңілдің қорғанышы – алданыш. Адам армандаймын деп жүріп, алданумен болады, алданып жүріп-ақ, талайды бітіреді.

Еңсеп емен күбіні бір өзі тартып шығара алған күні төбесі көкке жетті. Екі қары талып, бұлшық еті созылған сайын кеше көзіне жас келсе, бүгін көңіліне жел бітетін болыпты.

Көр аузындай кішкене шұқырдың айналасындағы қызыл төмпешік бірте-бірте қоңырайды, сосын сұрғайды, күлгін тартты, ақырында, емен күбі жер астынан қиыр топырақ, жентек саз емес, қоймалжың лай алып қайтты. Күбі түбіндегі лай сұйыла түсті. Топырақ шығарып тұрғандар емен күбіні қайта тастағанда, шұқырдың ернеуіне жата қалып, тың тыңдайды. Емен күбі барып жеткенде, түү сонау зымыран түбі емескі<sup>1</sup> шылп ете қалады.

Кенет қыл арқан дір-дір етті. Топырақ шығарып тұрғандар құдықтың аузына жеткенше, барлық лай түбіне шөгіп, бет жағына мөлдіреп су тұнған емен күбіні төге салды да, былай алып қойды. Жалма-жан қосшы баланы жұмсап, анадайда жайылып жүрген сары атанды алдырып, шығырға жекті. Құдыққа ұшын тұзақтап, шығыр арқан тасталды. Сары атан бық етіп орнынан тұрып, күндегі үйреншікті сүрлеуіне түсіп, тарта жөнелді.

<sup>1</sup> Емескі – көмескі.





Ортасы кез ағаш доңғалақты сықырлатып, қыл арқан жыландай жылжып келеді. Ақыры, өне бойы балшық-балшық құдықшының өзі де көрінді. Құдықтың аузында тұрғандар оны екі қарынан демеп, шығарып алды.

Құдықшы шұқырдан аулаққа, құрғағырақ жерге барып жүрелеп отырды. Шақшасынан бармағының басына насыбай үйді.

Жігіттер құдық түбіне қайтадан күбі салды. Ол бұл жолы орта бөксе боп қайтты. Өңі әлі сарғыштау. Лай суға жапа-тармағай қолдарын салып, алақандарымен іліп алып, ауыз шайып көрісті. Өлі де топырақ татып тұр. Ащы-тұщысын ешкім жыға айыра алған жоқ.

Кешкі салқынға еті шімірігіп, қалтырап кеткен құдықшы орнынан тұрып, қосқа беттеді. Былайғы жігіттер де соңынан ілесті.

Табадағы қызыл шоққа бөксесін тығып, ызындай әндеткен шұнақ шүмек жез шәйнектің күрең шайы күні бойы дамыл көрмеген құдықшының денін жайып барады. Шыны аяқтың бетінде шашырап жүрген қуырған бидайды ернімен бір-бірлеп қуалап отырып сораптаған талқы шай тер шығарады, термен бірге өне бойын жерге сіңіріп бара жатқан зіл де тарайды.

Дастарқан жиналады. Қалжыраған құдықшылардың аузы әңгімеге енді қиысады. Жер түбінен қозғалған әңгіме, сірә, жоқ. Енді не істеу керек екенін қамдаған шаруа жайы.

Ертеңіне бәрі тағы да құдық басына жиналды. Емен күбіні жалма-жан құдыққа салды. Күндегідей қатты жерге тиіп, тық ете қалған жоқ, күмп ете түсті. Суы әбден тұнған. Құдықшы емен күбіні қос қолдап ап, бас қойып еді, суы тұщы. Енді жігіттер бірінің қолынан бірі жұлып алып, ішіп жатыр.

Ерні кезерген алатағанақ<sup>1</sup> қырдың тағы бір жерінен су шықты. Оған ең әуелі құрым күркелі құдықшы ауыл қуанды. Су шыққасын құдықшылардың қимылы, тіптен, тездеп кетті. Құдықтың төңірегінде шашылып жатқан тоқаш сияқты тығырық тастарды бірінің үстіне бірін өріп қалап, сонау көк тас қабатқа жеткенше, шегендеп тастады. Сосын тебін су қайта құйылмасын, мал-мүл түсіп кетпесін деп, шырқ айналдыра әйкел<sup>2</sup> салды. Сар кемік тастың ортасын ойып астау орнатты.

Жаңа құдықтың суын ең әуелі қараша інген мен қараша бота келіп ішті.

Сәске шамасында маңайдағы елдің өріске шыққан сауын түйелері, құдықшылар қосы отырған шұқыр сайдың ернегіне шыға келіп, күнде құ-

<sup>1</sup> Алатағанақ – сор мен тақыры аралас жер.

<sup>2</sup> Әйкел – арабтың ортасы ойық дөңгелек деген сөзінен шыққан; Құдықтың кенересі құлама үшін қойылатын ортасы тесік дөңгелек тас. Құдық әбден қазылып болған соң, аузын таспен әйкел аталатын қақпақ қиып орнатқан.



рым күрке ғана тұратын тепсеңге едірейе қарасты. Тас астаудағы мөлдіреп жатқан суды көріп, көздеріне сенер-сенбестерін білмей, аңырайып тұрды да, не де болса, барып білейік дегендей, бүлкілдей жөнелді. Тас астауға мойындарын салып, сырп-сырп сораптап, ұзақ тұрысты. Сосын екі бүйірін қампитып, теңселе басып, өріске тартты.

Күнде тас төбеден қиқу салып өте шығатын бір топ бұлдырық астау басындағы қара-құраның азайғанын тосып, тепсеңнің төбесінен шырқ үйіріліп шықпай жүр.

Тұс ауа алыс суатқа суыт жол тартқан бір үйір қарақұйрық ернектің басына шыға келді де, аң-таң тұрып қалды. Сосын қыбыр-қыбыр қимылдап жүрген адамдарды, құрым күркені, есік алдында мосыдағы қара шайнектің астында лапылдай жанып жатқан отты көріп, дүркірей қаша жөнелді.

Ертеңіне таңертең құдықтың айналасында түн қараңғыны пайдаланып келіп, астаудан су жалаған күзен, қарсақ, қоянның ізі толып кетіпті.

Күні кеше ала қырдағы не бас көтертпес оты, не бас сауғалайтын көлеңкесі жоқ, тап осы бір тайпақ тепсеңге мойын бұрмай, айналып өтетін барша тіршілік иесі оған аңсарлары ауып, жер түбінен әдейі іздеп келетінді шығарды.

Жылмағай дөңдегі ұры тепсең талай санаға мықтап орнап, талай көзге жер түбінен мен мұңдалап тұратын нысанаға айналады. Белгі бедері аз тұлдыр қоңыр дөңде жан-жақтан соған шұбырған тарам-тарам сүрлеу-соқпақ түсті.

Ала қырдан бір ұрттам су тата алмай аласұрып, әбден қаталаған тіршілік иелері көзі қарауытып, миы зеңіп келіп, бас қоятын сұлама дөңде жаңғыз бұлтиған осы бір әйкелді құдық ажал аузында сұлқ жатқан шалажансар дененің төсіндегі әлі суала қоймаған сыңар емшек сияқты.

Еңсептің қуанышы қойнына сыймай жүр. Ертелі-кеш құдық басынан шықпайды. Астаудың ернеуіне қонып, тамағының асты бүлк-бүлк етіп, су іше бастаған торғайларды қызықтайды.

Төкен бай үш күн өткен соң келді. Қасында айғыр топ адам. Мойындарын созып құдықтың түбіне үңіліп, шеген тастардың қалай өрілгенін көрді. Шығыр тартқан атанның жалғыз аяқ сүрлеуінің қанша қадам екенін өлшеді. Бір түнге қанша астау су өнетінін сұрады. Қауғамен су тартқызып алдырып, дәмін татып көрді, беті-қолдарын жуды.

Төкен байдың атқосшылары жаңа құдықты жабыла мақтады. Құдды осы құдықты сол қазып шығарғандай, ауыздары жалпылдап, барлық қошамет-қолпашты Төкенге айтып жатыр.



Көңілі өскен бай ертесіне Дәржанның алдына құдық ақы малын салып берді. Сол күні түс қайта құдықшылар қосын екі түйеге артып, ауылдарына, бала-шағаларына қайтты.

Еңсеп шұңқыр ойдың ортасында қалып бара жатқан кешеден бері «Төкен қаздырған» атанған жаңа құдыққа қия алмай көп қарады.

Ол Дәржан ағасының қасында үш жыл жүрді.

Еңсеп өзі алғаш рет құдықты Бөкен байға қазды. Қараш аулына жиендігі бар жас мырза әкесіне ас бермекші екен. Атақты байдың асын бұрыннан белгілі суаттардың қасында бермей, тусырап жатқан соны жерде өткізіп, сол маңайды «Пәленшекеңнің асы өткен жер» атандырмақ ойы бар боп шықты. Соған әдейі құдық қаздырмақ боп, нағашыларына қонаққа келді.

Қараштың үлкенді-кішісі жиылып: «Кәсібін енді бастайтын бала еді, сіздің тұқымдай ырзықты болар ма екен, бұл құдықты Еңсепжанға қаздырсақ қайтеді» деп, қолқа салды.

Бөкен бай әкесіне асты әрі тұяқ тимеген соны, әрі ат шаптыруға лайық жазық, әрі тұщы су шығатын топырағы асыл жерде өткізбекші.

Бұл шаруаға Қараш әулетінің ақсақал-қарасақалы түгел жұмылды. Ірге бағып қалған құр сұлдер шалдар да орындарынан тұрып, атақты байдың асы өтуге лайық жер қарады.

Дәржанның үйі күні-түні мәжіліс. Ақыры, бәрі өңшең тұщы су шығатын «Қырық астау» атанған ордалы құдықтың үстімен өтетін тайпақ қолаттың күнбатыс құйрығын қолай көрді. Ордалы құдықтан екі көштік жер.

Жылмиған жазық кенет сәл еңіс тартады да, қайтадан тақтайдай тегіс боп, қайқайып кетеді. Сырт көзге қапелімде байқалар-байқалмас ойпаң жүлгенің бойын Қараштың бас көтергендері бес күн бойы армансыз шарлап шықты. Ана жерге барып та, мына жерге барып та, топырағын қарайды, шөптің тамырын қазады, иісін иіскейді. Ең соңында, Бөкен байдың үйір-үйір жылқысын алдырып, біресе текіректетіп айдап өтіп, біресе шаптырып көрді. Қалың жылқы тасыр-тұсыр шаба жөнелгенде, ақсақал шалдар жата-жата қалып, жерге құлақтарын тосып, тың тыңдайды.

- Кеуек жоқ. Кеуек болса, дүсірге жаңғырығып, дүңкілдеп кетер еді.
- Сазы алыс білем, тұяқтың үні тұншығып шығады екен.
- «Қырық астаумен» екі ортада не сор, не кебір жоқ, қара жон.
- Шөбіне қарасайшы, шілденің ортасында да балауса татиды. Астында сор болса, ендігі тамыры күйіп кетер еді ғой.



Еңсеп ақсақалдардың кеу-кеу әңгімесін еліге тыңдағанмен, көбіне ештеңе түсіне қойған жоқ.

Үлкендер кеңесе-кеңесе кеп, ақыры, ала бөтен ұйлығып өскен қалың жантақтың арасына қазық қақты.

Бөкен бай қазықтың үстіне үй тікті. Қасына тағы да бір-екі қараша үй қондырды.

Сосын екі ауылдың шалдары қазықты шырқ айнала тізіліп отырып, Құран оқып, Бөкен бай мен Еңсепке баталарын берді.

Қоңыр марқаның басын мүжіген соң, ақсақалдар ауыл-ауылына тарады. Қасында төрт-бес жігіт қолғабысшымен Еңсептің өзі қалды. Ауық-ауық Дәржан соғып, хал-жағдайды сұрап, ақыл айтып кетеді.

Еңсеп бес қанат боз үйдің қақ ортасында қазық тұрған жерден құдық қаза бастады. Қашан төбесінен күн түспейтін тереңдікке жеткенше, киіз үй тігулі тұрды. Бай ауыл ет пен қымызға кенде қылған жоқ. Барынша сақи<sup>1</sup> атануға тырысатын Бөкеннің өзі де ат құрғатқан емес, Қараштың ақсақалдары біраздан соң, қайтадан келгіштеуді көбейтті. Құдық түбінен шығып жатқан топырақты алақандарына жазып қарайды. Келген сайын бай ауылдың бал қымызын сіміріп ішіп, бастарын изеп, бағыт жақсы деп кетеді.

Дәл үш айда, күзем жүн енді қырқылып біткенде Еңсеп құдықты қазып бітірді. Түбіне жақындағанда туырлық көк саз көбейіп кетіп, бір қорқытып еді, біраздан соң қалың саз таусылып, қайтадан қайыр шықты. Қайыр қиыршықты қайта-қайта ерніне тигізіп көреді, тұщы сияқты.

Әлі де қаза түсті. Сусыма қиыршық қалыңдап кетіп, құлап тұрмай ма деп, күдік алып еді, шықылдаған қатты тасқа айналды. Көк тасты қырнап ойып келе жатқан-ды; бір күні оң жақ шынтағының тұсы мұздап қоя берді. Жалма-жан сүйменді тастай беріп, сипалап көрді, әлгі жер бір түрлі тершіп тұр.

Су жақын. Осы маңайдан тесіп шығуы мүмкін. Ол құдықтың сыз қабырғаларын шыр айнала сипап шықты. Дымқылдың қай жерде мол екенінен судың ұлы жобасын білді. Су атып кетеді-ау деген күдігі аз қабырғаны бойлап, қаза түспекші. Көзді сосын барып ашады. Сонда су құдықтың түбіне мол жиналады; жоғарыдан түскен тас, кесек көзді бітеп тастай алмайды.

Еңсеп әлі де бір құлаштай қазып еді, тағы да бір тұстан су тамшылады. Екі иығына, омырауына мұп-мұздай қорғасын тамшылары тамып-тамып

<sup>1</sup> Сақи – жомарт, кең пейіл, ақкөңіл.



кетеді. Еңсеп судың жобасы білінген тұстың тасын көп қозғамай, қашқақтап, тереңдеп қаза берді. Кенет сүймен жап-жазық тақтай тасқа тиіп, шақшақ ете қалды. Жан-жақтан жаңбыр себелегендей тамшы көбейді. Еңсеп бұдан әрі тереңдей берсе, судың астында қалар түрі бар. Осы жер судың көзі-ау деп жобалаған жерлердің тасын қозғап, шұқып-шұқып көрді. Бір жерден манадан бері жолындағы қара тасты тесіп өте алмай, жақпар-жақпардан тырс-тырс тамып тұрған мұздай су сау ете түсті. Бір көз табылды.

Ол енді екінші шынтағын мұздатып тұрған тұсты аршып еді, о жерден де су тесіп шықты.

Екі көзден аққан су құдықтың табанындағы тақтай тасқа шалп-шалп құйылып жатыр.

Сол бір шалп-шалп дыбыс, бұл қашан құдықтың аузына жеткенше, құлағынан кеткен жоқ. Жүрегінің дүрсілі де сол дыбыспен бірге шығып тұрғандай. Мынау меңіреу қара жердің қойнында қамалып тұрған жерінен бұл босатып жіберген мыңдаған тамшы, тұңғиық түбіне жамыраса ағып, жарыса құйылуда. Тақтай тасты дүсірлете жөнелген қос түтек ағын жеті қат жер астынан тіршілік дабылын қағып жатқандай.

Асқа алты күн қалды дегенде, жаңа құдық шегенделіп<sup>1</sup> бітті.

Ойдағы-қырдағыны тегіс дүрліктірген ас өтті. Көптен бері құдықшының құрым қосынан көп алысқа ұзап шықпаған Еңсеп те бір желпініп қалды.

Адам пақыр талай нәрсеге үйреніскенмен, тап қара жердің астына үйренісе алмақшы емес. Ол азды-көпті зейнетінің қасында, ел-жұртының ортасында Құдайдың жарық күнін көріп, жұпар ауасын жұтып жүргенде, қай-қайдағыны ойлап уайымға батады. Сондай кем тағат, кем қанағат жанды жарық дүниеге жаратылған жұмыр басты пенденің қай-қайсысы да, аяғының астынан шаянша шағып жатқан сыз топырақ та жеті қат жердің астына, меңіреу тұңғиыққа күн сайын тірілей түсіріп қойған соң, не жорық!

Құдықшының жалғыз серігі – үрей. Оны жан-жағынан анталап тұрған сыз қабырғалар да, туу төбеде жылтырап, екі көзін төрт қылып, өзіне телміртіп қойған болмашы саңылау да, аяғының астынан шаянша шағып жатқан сыз топырақ та қорқытады. Осынша азаптанып қазғанда, жөнді су шықса – жақсы, ал судың кіндігі бір көш бұру қалуы да мүмкін ғой. Шықса да, ащы боп шыға ма, тұщы боп шыға ма?

Құдықшы сан-сапат жер шұқып, сан рет су шығарса да, өмір бойы әлденеге сезіктенумен, өзіне-өзі сенбеумен өтеді. Қазбас бұрын әбден тәптеш-

<sup>1</sup> Шегендеу – құдықтың қабырғасын таспен немесе ағашпен өріп шығу, нығарлау.



теп, тап осы араның күмәні жоқ деп, қазық шаншығанмен, жер астына кісі бойы түсуі-ақ мұң, қалың күдік қайтадан қамап алады. Енді сол күдігі жер астына бір елі тереңдеген сайын өсе береді. Екі шұқып, бір қараған мимырт жұмыс қандай жүйкені де жүнжітіп, қандай жүректі де қаралай күпті қылып бітетін болса керек. Маңынан тірі жанның не көзін көрмей, не сөзін естімей, бір өзі тырбандай беретін жалғыздық пен ештеңені анық көре алмай, пұшайман болатын су қараңғылық жігерін ұстарамен қырнағандай, күн санап, титықтата түсетін түрі бар. Құдықшы неғұрлым көпті көріп, жер ортасына жақындаған сайын солғұрлым күдікшіл, неғұрлым құдықтың түбіне жақындаған сайын солғұрлым үрейшіл болыңқырайтын секілді. Ал енді су, өне, шығады, міне, шығады дейтін күндері ол тұңғыш рет толғақ қысқан анадай, бұдан бір ай бұрын, бір апта бұрын, тіпті, күні кеше қуанғанын атымен ұмытып, өмір бойы өлім аузында жүрген кісідей, өң-сұры қалмай, қорқыныш құшағына біржола беріледі. Бір жыл ғана бұрын көкірегі алып ұшып, небір төтті қиялдарға бөктірген қуанышы енді кеп, табан астынан құрдымға құлататындай, шошына уайымдайды. Баяғы төтті арманның бәрін ерсі көріп, өзін есірік санайды. Әу баста осынша қауіп-қатердің барын көрмеген-білмеген желбуаздығына өлердей ызаланады. Тек осы жолы ісі оңға басып, ойлағанындай болып шықса, ендігері мұндай істің маңынан жүрмеуге іштей ант-су ішеді.

Еңсеп те өзі қайлалап тескен тас құрсаудың ортасына түскен сайын иманын үйіріп түсіп, жарық дүниеге әр шыққан сайын тәубе айтып шығатын-ды. Бірақ құдықты қазып бітіргенде, өне бойындағы күш-қуаты түгел сарқылғандай боп, жер астына енді беттеместей тауы шағылып шықса да, арада бес-алты ай өтер-өтпесте тағы да құрым күрке тігіп, тағы да жер шұқып жатады.

Күні кеше жігерін құм қылған қараңғы шұңқырға қайтадан жетелеп алып келген өзәзіл күштің аты не екенін ол кезде Еңсептің өзі де білмейтін. Келе-келе түсінді. Бірін-бірі жақсы мен жаманға бөліп, жағаластырып қойған мына дүниеде бөтеннің аузынан шыққан жылы сөз, қошамет-қолпаш әлі арыны қайта қоймаған арғымақ атқа қатты тебінген үзеңгімен бірдей екен. Ал ол кезде адам пақырды тауға ұрып, тасқа соқтыратын аяр алданыштың әлі арыны мұқалмаған арғымақ кезі еді.

Қошамет-қолпаш атты аяр Еңсепті қара жердің астына талай рет тірлей түсірді. Ол әуелі құдық қазылып біткенде, естіген ел-жұрт түгел қуанады екен деп ойлайтын-ды. Бірте-бірте ол ойының қате екеніне көзі жетті.



Өр шыңырау біткен сайын алдына мал түссе, артына сөз еретінді шығарды.

Құдық біткен күні жанына кеп:

– Апырай, мына байда иман жоқ екен, жетпіс құлаш шыңырауға бар болғаны жетпіс тоқты айдатыпты-ау, – деп сыбырлап қалатындар араға айлар салып өзі келеді.

– Еңсепжан, біз анау пәленше бай емеспіз. Ақынды жемейміз. Ернектің үстінен шыңырау қазып берсең, жүз тоқтыны алдыңа саламыз, – деп қолқалайды.

Еңсеп енді кез келген қолқашыға қолқ ете қалуды қойды. Алдына келген кісінің шапанына, ер-тұрманына, дәулетіне қарайтынды шығарды.

Көп ұзамай, Дәржан ағасы: «Шақырлаған ақ тауды тесіп, су шығара беруге тайыз ойдағы елге барам», – деп, Үстіртті тастап, көшіп кетті. Сол жақта бес жылдай ауыз суға құдық қазып жүрді де, ақырында, бір құмның етегінде құдық қазып жатқанда, жұмсақ топырақ үстіне жапырылып құлап, дүние салды.

Еңсеп шың үстінде шыңырау қазып қала берді. Өр құдық біткен сайын құдық ақы малдың саны өсе түсті. Бірақ оның есесіне қолқашының саны біртіндеп азайып барады. Дәулеті асқандар ғана атын шығару үшін Еңсепке ат шаптырады.

Үйінің іргесі саябыр тартты. Бір өкпелеп аттанғандар енді көрместей боп түңіліп кетті. Барып, басқа құдықшы іздеді.

Дәл сол шамада Хорезмнен Қалпақ деген біреу көшіп келді. Өуелі Қалпақ ер шабады, жона тігеді деуші еді. Енді құдық қазады деген атағы шықты. Еңсепке қолқасы жүрмегендер соған үймеледі. Кейбіреулері қыр көрсеткендей, түп-тура бұның аулының көк желкесіне жете беріп, бір сәскелік бұру отыратын Қалпақтың аулына қарай тізгін түзейді.

Бастапқы кезде Еңсеп ондай-ондай қоқан-лоқыға миығынан күлді. Біраздан соң аулының үстінен аттап өткендер шамына тие бастады. Түрулі іргеден Қалпақтың аулына қанша атты өткенін санап, олардың қай-қай ауылдың адамдары екендерін аңдитынды шығарды. Аталы-аталы үлкен ауылдардан әзір олай қарай ат ізі түсе қойған жоқ.

Еңсепке келген қолқашылар да әңгіме арасында әдейі Қалпақтың атын қыстырып қалатын болды. Ол ондай-ондайға мән бермеген қалып байқатты. Кейінірек: «Хорезм жақтың жері біздей ақар-шақар шың көк ала тас емес, саздауыт келеді. Саз ойып қалған адам таяз, таңқы құдықтар болмаса, тас қашап, шыңырау қазуға көндіге алар дейсің бе?» – деп, апшымаған нығыз рай танытты.



Сөйтіп жүргенде, Еңсептің алдынан сағы сынып қайтқан Сағынай бай Қалпаққа Үстірттің үстіне көш шығаратын ақ жолдың тап ұшар басынан құдық қаздырды. Ел ішінде Сағынай үйіне қонақ барғанда, қазанға ас саларда, сыртта ойнап жүрген немерелерінің біреуін шақырып алып:

– Әй, құлыным-ай, күні бойы тыным көрмей, шапқылайсың да жүресің. Мына қарашы, сүйек-сүйегіңнің бәрі ырсыып кетіпті. Қабырғанды қолмен санағандай. Кәні, кәні... біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу... Түу, түу... Омыртқаң одан да жаман. Біреу, екеу, үшеу... Сидіған қарыңа қарап, жұрт сені шыр жұқпаған үйдің баласы екен дейді ғой. Тұра тұр! Ойбай-ау, жауырыныңа шодырайып шығып келе жатқан мынау не жара! – десе, кемпірі қазанға жауырын, қары жілік, бес тал қабырға, үш тал омыртқа салады екен дейтін әңгіме бар-ды.

Сол сақалын қазанға малып, асты өзі санап салатын Сағынай сараң Еңсепке тісін қатты басса керек. Жұрт ол Қалпаққа ернектегі шыңырауды қазған ақысына түйеге бастатып жүз елу тұяқ атапты деп соғады.

Бір күні: «Ойбай, әлгі Қалпақ қазып жатқан шыңырау Үстірттің үстіндегі ең терең шыңырау болатын түрі бар. Қазірдің өзінде жүз қадамнан асыпты» деген хабар дүңк ете қалды. Содан былай ауыл-ауылдың арасына қатысқан бірен-саран адамның хабары сол Қалпақ қазып жатқан құдықтың төңірегінен шыр айналып шықпай қойды. Күн өткен сайын дабыры ұлғая түсті. Бүгін: «Жүз жиырма қадам болыпты», – десе, ертеңіне: «Жүз отыз қадамға жетіпті», – деп шығады.

Қойшы-қолаңның әңгімесін былай қойғанда, инабатты ақсақалдардың өзі Қалпақ қазып жатқан шыңыраудың жайын айтып, қызыл кеңірдек бола бастады. Біреулер: «Қалпақтың бабасы әулие кісі болған екен. Содан киелі темір қазық қалыпты. Сол қазықпен жер барласа, су шығатын жерге келгенде, алақаны тартып белгі береді екен. Қалпақ судың көзін солай табады екен», – деп дақпыртты.

Гу-гу әңгіме өрши берді. Бір-екі кісі: «Өз көзімізбен барып көрдік, шыңырау жүз қырық құлаштан асыпты», – деп келді. Енді жұрт жан-жақтан Қалпақ қазып жатқан құдықты іздеп барып, көре бастады. Тіпті, Еңсептің қоңсылары да ерінбей-жалықпай, ат сабылтып барып қайтты.

Өзірге қылп етпеген жаңғыз Еңсеп. Бұрын Қалпақтың жайын айтуға жұрт бұдан қысылатын болса, енді жұрттан бұл қысылатын болды.

Үй-үйдің көлеңке бетінде Қалпақтың құдығын айтып гүлдескен жұрт, Еңсеп қайтер екен деп, әдейі айтып отырғандай боп көрініп те кетеді.

Сыртынан сынап отыратын мінші көздерден Еңсеп қатты қаймықты. Бір күні не де болса, барып өз көзімен көріп қайтуға бекініп атына мінді.





Қалпақ орақ мұрын, шегір көз сары кісі екен. Жасы жер ортасына таяған адам болса да, Еңсепті көргенде, қалбалақтап қалды. Жалма-жан таңдайының астындағы насыбайын тілінің ұшымен жерге бір-ақ ытқытып, сиректеу жидіп біткен жирен мұртын жеңімен сүртіп, ауыл-аймақтың амандығын сұрай бастады. Иегінде тұқыл жоқ, көк жарғақ көсе. Маңдайы мен желкесінің арасы қарысқа жетпейтін қалақ басын әуелде не қара, не көк болғаны белгісіз күлгін орамалмен таңыпты да, бір ұшын құлағын бастыра, салбыратып қойыпты.

Әншейінде көзі кісінің жүзіне көп тоқтамайтын Еңсеп Қалпақтың тұла бойынан түк қалдырмай, түгел тінтіп шықты.

Қалпақ әйкелге түсірген тығырық тастың үстінде отыр. Құдықтың ішінен жаңа шықса керек. Тізесінен асыра қайырып қойған балағы су-су. Қара ала шекпенді жалаңаш иініне жамылыпты. Не тоңып отырғаны, не күліп отырғаны белгісіз, – сирек сарғыш шоқша тістері ақсиып тұр.

Қалпақтың сауалдарына сыпайы жауап қайтарған Еңсеп енді өзі жай сұрай бастады. Мал-жанның амандығына Қалпақтай қадала тоқталмай, шыңыраудың жай-жапсарына көбірек шұқшиды. Құбыла беттегі ақсиып жатқан шығыр тартқан түйенің жалғыз аяқ соқпағына қарап, көзімен мөлшерлеп, үнсіз тұрып қалды. Жұрттың айтып жүргені рас екен. Жүз елу қадамға жетіп қалған түрі бар. Манадан бергі сыпайы өңі күрт түтігіп кетті.

Өзі-өзінен жиырыла қалған маңдайын күшпен жазып, ерні өзер қиысып:

– Оң болсын, – деді.

– Айтқаның келсін, – деді Қалпақ.

Еңсептің құлағына оның даусы оқыс саңқ ете қалғандай ерсі естілді.

Жалт қарады да, қатулы жүзін жадыратқысы кеп, езуін жиырып:

– Судың қашан шығатын сыңайы бар? – деп сұрады.

– Ертеңдері шығып қалар.

Еңсеп атына беттеді. Қалпақ дәмге шақырып еді, аузына алдымен оралған бір сылтауды айтып, аяғын үзеңгіге салды. Қалпақ қолтығынан демеді.

Ол атына мініп, Қалпақтың жүзіне бір бұрылып қарап, қоштасты да, жүріп кетті. Оған Қалпақ соңынан мүсіркей қарап тұрғандай боп көрінді. Өлгі бір қолтығынан демегені де аяушылық жасағаны сияқты. Соны ойлағанда, біреу қолтығының астынан шымшып алғандай, тұла бойы түршігіп сала берді.



Атының сауырына қамшысының қалай барып қалғанын да, байқаған жоқ, шоқыта жөнелді. Бұл шыңырау, шынында да, Үстірттің үстіндегі ең терең құдық болғалы тұр екен. Оны жұрт қазірдің өзінде «Қалпақ қазған» атап кетті.

Еңсеп «Қалпақ қазғаннан» еңсесі түсіп қайтты. Айна таз ала қырдан талай су шығарған Дәржан ағасы «Пөленше қаздырған», «Түгенше қаздырған» деп, талай байдың атын шығарды да, өзі, ақыры, апанның астында қалып өлді. Атан түйені алып ұрардай қайратынан ат жалынан тартып мінгелі, өле-өлгенше тырбынып өткен еңбегінен, кенезесі кепкен талайды суға қандырып алған алғысынан не көрді? Қара дөңнің басындағы қалың қауымның шет жағасындағы қызыл төмпек көнереді, қасына басқа төмпектер қосылады. Сосын жел типылдап, қазып тастаған көне шұңқырдың астында кім жатқанын кім біледі? Сонда Дәржан өмір бақи қара жерді үңгіп өткенде, не көрді? Иттің итақайы ішіп-киіп жатқан аз күндік азық пен үстегі лыпа ма?

Өзгенің табан астында тасы өрге домалаған тосын бағы Еңсепке өткінші өмірдің ұйытқыма опасыздығын ұқтырды.

Енді іргесі, тіпті, босап қалды. Бұрынғы күдер үздіріп барып, бір соғатын сирек қолқашы там-тұмдап біржола құрыды. Алыста атты біреу қарауытса, өзіне келе жатыр деп ойлап қалған Еңсеп өлі де көкжиектен қарайған көрінсе, қашан ауылға жеткенше, қырық тыпыршып, тағаты таусылады. Бірақ біраздан бері бұл ауылға соғатын азын-аулақ қара-құраң өңшең бір мал жоғалтып жүргендер боп шығады.

Еңсептің құдық қазып жиып алған азғантай дәулетінің жыл өткен сайын етек-жеңі дөңгеленіп барады.

Ол енді әлденесі ұмыт қалғандай қараптан-қарап отырып, көңілі құлазып, бойы сергімей-ақ қойды. Үйреншікті әдетімен сары ала таңнан тұрады, әйелін асықтырып, шай қайнаттырады. Оны апыл-құпыл ішеді. Сосын бір кіріп, бір шығып, күйбеңдеп жүреді-жүреді де, төр алдына сылқ шөгіп, тоқырап отырып қалады. Бұрын сыз құдықтың ішінде жер шұқып отырғанда, күнді ұзақ көруші еді, енді жердің бетінде, жарық дүниеде, салқын ірге, салулы төсекте ұзақ күнді кеш қыла алмай, тағаты таусылады.

Ақыры, сабыры сарқылды. Атына мінді. Қырдың үстінде қара құйрық, киік жайлайтын көлдеу ойларға, олардың суатқа баратын жымдарына, арқары бар сай-салаға қақпан құрып, аңшылықты ермек етіп көріп еді, одан да пәтуа табылмады. Айдалада келе жатып аң барлаудың орнына жер барлайды. Қырқа-қырқаның, жұлге-жұлгенің қалай тоғыс-



қанын қадағалайды. Шөптің бітісіне зер салады. Алымы жоқ, берімі жоқ атынан түсе қалып, қамшысының сабымен топырақ қазып, алақанына жазып көреді.

Арқар қарап, қия-қия шатқалдарға тап болса, ара салуға, тасымалға оңтайлы тасы бар жер шолады.

Аң ұстап, қарық қылып жатқаны шамалы. Әйтеуір, қатын-баланың кірген-шыққанын аңдып жатқаннан жақсы ғой деп, лағып-лағып қайтады.

Жапан түзде өзі құсап аң қуалағандар ұшырасса, төңіректің хабар-ошарын сұрайды.

Сағынай рулы елі боп, Қалпақты қолдарынан шығармауға бекініпті. Ол «Қалпақ қазғанның» тұсынан ешкімді өткізбеймін, суатымды сарқып, өрісімді тоздырасың деп, көшке ұрынатынды шығарыпты. Байсал байдың екі қойшысын құдығымнан неге мал суарасың деп астауға таңып қойып сабапты. Содан бері екі бай ит пен мысықтай көрінеді.

Бір күні Еңсеп қақпан қарап қайтып келе жатып, іргесінде байлаулы тұрған бөтен атты көрді. Қапелімде өз көзіне өзі сенбеді. «Бұл кім болды екен?» – деп, ентелей басты. Ауылға жақындаған сайын жүрегі ойнақшып, өне бойын әлсіздік меңдеп барады. Бөтен аттың ер-тұрманына қарағанда, үйіне бір күйлі адам келіп түскен сыңайы бар.

Атын тұсап жатып, түрүлі іргеден Байсал байдың майлы желкесін көрді.

Ай қасқа маңдай, шоқша сақал Байсал есіктен кірген Еңсепке жадырай амандасты. Келген шаруасына бірден кіріспей, ауыл-аймақтың хабарын айтып, әңгімемен отырды. Көптен қонақ көрмей, құр болып қалған Еңсеп тоқты сойғызып, құрақ ұшып жүр.

Аттанарында Байсал:

– Еңсеп, мені өне бір қырға дейін шығарып салмайсың ба? – деді.

– Болсын.

Ауылдан былайырақ ұзай бере, бай сөз бастады.

– Еңсеп, естіп жатқан шығарсың. Анау Сағынай ата-бабамыз ежелден ұрыспай-қағыспай, жылма-жыл шығып-түсіп жүрген ақ жолды бір өзі иемденіп, өткен-кеткенмен ырылдасып, қырып барады. Сонымен басқалар-ақ шайнасын. Сасық күзендей шақылдаған немемен байланыса беріп, не пәтуа табамын? Осы өкпе тұстағы жалғыз аяқ ат жолдан көш шығарып, көш құлатпақпын. Бүгін содан шығып едім, жолының шаппа өрлігі болмаса, тап онша шаңырақ қағатындай тар емес сияқты. Үсті тұяқкешті емес, оты да бар. Тек бір кемісі – ернек асқасын екі түнемелікте ғана су



бар да, одан кейін шөл екен. Мен тағы да күн аралатып суаратындай жерден құдық қаздырам ба деп едім.

Байсал әңгімесін кенет тыйып, Еңсептің бет-жүзіне барлай қарады да, біраздан соң қайта жалғастырды.

– Келер жылғы күземді сол құдықтың қасында қырықсам ба деп едім...

Пәтуа байласылды. Байсал бай қоштасып жүріп кетті. Көшелі сары ат күзгі сар барқын даладан еміс-еміс қылағытып, тайпалта жорғалап барады. Еңсеп жаңа ғана өзімен қоштасып, көзді ашып-жұмғанша, анадай жерге ұзап кеткен Байсалдың соңынан Қызыр көргендей қарап қалыпты.

Бір уақытта есін жиып, атының басын аулына қарай бұрды. Сол-ақ екен, алыстан біреу бұның атын атап, айқайлағандай болды. Көк желкесі мұздап қоя берді. Байсал жол-жөнекей жаңағы уәдесінен айнып, қайтып келе жатқан жоқ па екен деп, артына бұрылып еді, бай көкжиектегі қара дөңнің үстіне көтеріліпті.

Біраздан соң тағы да бұрылып қарады. Байсал бұл жолы көкжиектен өрі асып тасаға түсіп кеткен екен.

## V

Байсалды шығарып салған соң, Еңсеп қатты толқыды. Қолқашылардың осы келмей кеткені кеткен шығар деп торығып қалған жүрегін енді көптен бері: «Әй, қайтадан құдық қазар болсам, бүйтер едім» деп, жан баласына тісінен шығармай, көмейіне бұқтырып келген бір арманына жете алам ба, жоқ па деген тымырсық күдік тызылдата бастады. Пәлен күн бойы атынан түспеді. Байсал бай меңзеген жонды бұта қалдырмай, түгел шарлады. Ол деңгейдегі жыра-жүлге, қырқа-қыраң суат атаулыны тегіс сүзіп шықты. Үйінде де ешкімге жақ ашпайды, өзімен-өзі. Кейде дастарқан басында қолындағы шыны аяғын жерге қоя салып, оң тізесін таянып, сұлқ отырып қалады да, біраздан соң ұйқысынан оянғандай, суып қалған шайына қайтадан қол созады.

Ұзақ толғанып жүріп, ақыры, осы араға тоқтады. Кеңескен рет жасап аталас бір-екі ақсақалдың алдынан өтті, бірақ ақылдасты деген атағы болмаса, олардың еш сөзіне мән берген жоқ.

Байсал Еңсеп қазық қаққан жерге үй тіктірді. Қолқабысқа төрт жігіт қосты. Еңсептің құдық қазуға кірісетін күні түні бойы кірпігі ілінбеді.

Біраздан бері қолына күрек ұстамағандықтан ба, жүрегі қайтып қалыпты. Темір қазыққа телміріп ұзақ тұрды. Қанша қажыса да, құдық



басына қайтадан жетелеп алып келетін баяғы ду-ду қошемет-қолпаштың үні өшкелі көп болды. Ол кездегі «Не болса да, көріп алдым» – деп қойып кететін тәуекелдің арғымағы бүгінде арыны қайтып, қанша қамшыласаң да, басын кекшитіп, баспай тұрып алатын жауыр тұғырға айналыпты.

Бірақ бұл жолы оны өзге күш жер астына желкелеп түсірмек... «Қалпақ қазғанды» барып көргелі бір бүйіріне шаншу боп қадалған, кейбір ұйқысыз түндерде өкпесін сығып, ара-тұра ақылынан тандырып кете жаздап, талма аурудай жабысып алған сол бір беймәлім дерттің атын атауға әлі күнге аузы бармайды. Күніне әлденеше рет тіршіліктің талай-талай жым-жымын шарлап қайтатын қаңғыма ойы сол жанын жегі құрттай жеп жатқан дерттің түрін түстеп, атын атауға келгенде, тайқып шыға келеді. Не де болса, сол жегі мұның жігері тұралап қалған тұғыр болмақ түгілі орға құлап, мертіккен асқақ есек болса да, сауырына темірдей қадалып, шаптырмай қояр түрі жоқ.

Міне, одан бері де бір жылдың жүзі ауыпты. Мелшиген меңіреу жерді тыным таппай үңгіп келеді. Екі-ақ рет жұмысы тоқтады. Екеуінде де атына мініп, тастақ жыраның құлау құйрығын бетке алып, қыр асып кетіп қалды да, бес-алты күннен соң, қайтып оралды. Соңғы рет осыдан екі күн бұрын барып қайтты. Қайда барды, неге барды? Ешкімге айтқан емес, Шыңырау ойындағыдай боп шықса, той үстінде Байсал байдың өзіне айтпақ.

Онда Еңсептің еңсесін ешкім түсіре алмайды. Содан кейін құдық қазбақ түгілі маңынан жүрмейді. Аз ғана дәулетін кіш-кіштеп шаруа күйттеп өмір сүреді.

Ал енді ол ойлағанындай болмаған күннің өзінде бұл осы ала қырдың үстіндегі ең терең шыңырау атанады. Ақ шың ернектен ұзаған сайын жылмиған Үстірт аласарып, ойпаң тартпайды, қайта анда-санда бір соғып отыратын бүкір жал, көлденең қырандардан асқан сайын, сонау ұлы құмдарға ұласқанша саты-сатылап биіктей түседі. Бұл білетін терең құдықтардың бәрі бұл деңгейден төменде, ернек жақта; ол араның суы бұдан әлдеқайда таяздан шығады. Ендеше бұл шыңыраудың суы кемі екі жүз қадамнан бері белгі бере қоймас.

Еңсеп бұл араға өткен жолы осындай іш есеппен қазық шанышқан-ды.

Анда шығыр тартып жүрген қара атан екі жүз қадамнан қайтқанда, қатты қуанған-ды. Содан бері көңілі орнықты жүр еді, кешелі бері су қиыршық көбейіп, қайтадан қабағы түсіп кетті. Су қиыршықтың мұнша көбейіп кетуі, әрине, тегіннен-тегін емес. Егер су бұл нысаналаған жерге жетпей, беріден шықса, онда ол атын екі рет босқа сабылтқан болды.



Еңсеп ауық-ауық төңірегіне құлақ тігіп, тың тыңдайды. Қолындағы сүйменнің сыз қабырғаға тиген сырп-сырп дыбысынан басқа дыбыс естілмейді.

Дымқыл қиыршық көп күш салмай-ақ, өзінен-өзі үгітіліп құлап жатыр. Емен күбі теп-тез толып қалады. Соған қарағанда, судың көзі жақын төрізді. Тіпті, осы маңайдан тесіп шығуы да мүмкін. Қай жақ қабырға әлі қатты екен деп, сипалап көріп еді, көк тас кезікпеді.

Егер мұның ойлап жүргеніндей болғанда, ендігі шақылдаған көк тас ұшырасса керек еді. Айналасының оп-оңай ылжырап кеткеніне түсінбей отыр.

Еңсеп сүйменді сыз қабырғаға сүйеп қойды да, ойланып қалды. Екі шықшыты дуылдап қышып қоя берді. Саз балшық қолымен қашыр-қашыр қасыды. Миына біреу құм құйып қойғандай, басы зіп-зілдей, ойына ештеңе түспеді.

Сүйменді қайта ұстады. Сыз қабырғаны дүк-дүк ұра бастады. Кенет тасқа тиіп, шық ете түсті. Еңсеп өгірік пе, шын ба дегендей, аңтарылып тұрып қалды. Сосын жаңағы сүйменіне қатты тиген жерді бойлап қаза түсті. Әлгі күрт-күрт дыбыс жоғалды. Сүйменнің тиген жері шақ-шұқ тас. Сыз қабыршақ таусылыпты. Аяғының асты су жиылып, шылпылдап қалыпты. Таң атқалы қазғаны үлкен көз емес екен; үлкен көз болғанда, ендігі су атып кететін мезгіл болып еді. Ол үлкен арнадан қашып шыққан ұры ағындар босатып тастаған қайыр қабат сияқты. Нағыз арна алда болса керек. Ол мынау тақ-тұқ жаңғырып жатқан тас қабаттың астында. Соны ойса, ар жағысу...

Анада алғашқы кетіп қалғанында інісі Теңселдің үйін шеген тас кессін деп, қиялама ақ шың ернекке апарып қондырып қайтқан-ды. Күні бойы көшіп-қондымен жүріп, үй тіккен бойда талықсып ұйықтап кетіп еді. Түн ортасы ауа көзін ашса, құлағына бір суыл келгендей болды. Әрі-бері тыңдап жатты-жатты да, сыртқа шықты. Шілдедегі иін тірескен көп жұлдыз жымың-жымың етеді. Қараңғы түнде пышақтың жүзіндей боп табаныңның астына кеп тіреліп жататын қап-қара көкжиек – шың ернек. Оның астында – теңіз. Жым-жырт түнде о да дыбыссыз. Тек сәлден кейін қармай алып, бойын шіміріктіре бастаған дымқыл ауа ғана жақын маңайда ұлан-асыр көп су жатқанын сездіргендей. Еңсеп салқын самалдан омырауын көлегейлеп, иығындағы шекпенін айқара қымтап, үйге қайта кірді.

Жастығына басы тиісімен манағы суыл құлағына тағы да оралады. Еңсеп енді ұйықтай алмады. Бір ауық күз-шындарда болатын үлкен-үл-



кен үңгірлерден күңірене шығатын желдің ызыңы дейін десе, күн тымық. Қиялы қырық саққа жүгіріп басы қатты, бірақ ұйқысы шайдай ашылып, кірпігі ілінбей-ақ қойды. Тезірек таң атқанын асыға күтті.

Таңертеңгі шайын іше сала, ернекті бойлап қыдырып кетті. Сеңгір-сеңгір ақ құздар көк теңізден біресе шалқая қашып, біресе сұғына төнеді. Кей тұста аппақ бір шыңдар ақ айран дарияның ортасына белуардан еніп кеткен. Сондай бір ақ тұмсықтың үстіне шыға беріп еді, құлағы тағы да елең ете қалды. Түні бойы ұйқысын қашырған суыл сол төңіректің бір жерінен шығып жатқандай. Құздың ернегінен үңіле қарады. Теңіз бүгін де тыныш. Көк атлас көйлектің қатарма етегіндей біріне-бірі ілескен қабат-қабат бұйра толқындар ақ шыңның аяғына жығылғанда, ауық-ауық шылп-шылп сүйіп қояды. Қарын жарып жатқан ақ түтек айдын емес. Ендеше мынау ненің суылы. Желді күнгі теңіздің айбарлы өксігіне де ұқсаңқырамайды. Құлағын тоса түсті. Сарқыраған ағын судың дыбысы сияқты. Бірақ мынау ақ тағанақ ала қырда теңізге құятындай өзен атымен жоқ. Бір-екі жердегі сордан бас алып сорға құятын ащы ағар жұлгелер теңізден алты көш алыста құрып бітеді.

Еңсеп өз құлағына өзі сенбей аң-таң. Теңізге өңмендей төнген ақ тұмсықтың қайтадан айдынды орағытып, кейін шегінетін ернегін бойлап жүріп кетті. Азу-азу ақ шыңдардың арасына кіріп кеткен үшкіл шағын шығанақты айнала бергенде, қарсы беттегі құздың табанында қарауытып жатқан үңгірді көзі шалды. Көк теңіздің шылп-шылп толқыны қара үңгірдің ішіне кіріп-шығып жүр. Өлгі сарыл сол үңгірден шығып жатқан тәрізді. Сол маңайдағы ақ шың ортан беліне дейін сарғыш тартыпты.

Еңсеп солай қарай асыға аяндайды. Үңгірдің өкпе тұсына жеткенде, өлгі сарыл күшейе түсті. Ыңырана соғатын теңіз толқынының шылпылы емес, суыт ағынның сарылы. Қара үңгірден көк теңізге жер астынан ағын құяды екен. Кенет көңіліне осындай ой қашты.

Еңсеп қара үңгірдің көк желкесінен оба үйді де, соны нысана қылып жолға шықты. Сөйтсе, сол ақ тұмсықтан осы өзі құдық қазып жатқан тастақ жыраға дейінгі екі орта оқтың-оқтың тілім-тілім тастақ ұшырасып отыратын ойпаң жұлге екен. Қырдың үстіндегі шыңыраудың көбі сол деңгейді бойлап қазылыпты. Еш жерден төбешік не қыраң соқпайды.

Еңсеп сонда құдықтардың бәрі сонау тұңғыық тереңде теңізге құлап жатқан үлкен арнаға су құятын бергі – жер бетіне жақындау майда тарамдардың кіндігінен шыққан сулар деп болжаған-ды. Сонау ащы теңізге су құятын сарқырама арнаға жеткен ешқайсысы жоқ.



Сол ойы есіне қайта оралған Еңсеп табанының астынан шыққан тақтай тасты төкпектете ұрғыштады. Екі құлағы шыңылдап кетті. Құлақтағы шуыл, сүйменнің дүсірі таң атқалы жым-жырт қара үңгірдің ішін үнге толтырып жібергендей.

Бір уақыт манадан бері сиз жерде тұрған темір сүймен алақанын қарыған соң, қолғабын киейін деп кідіріп еді, бір суыл шыққандай болды.

Ол құлағын тігіп тұрып қалды. Шөл далада, қапелімде сай-салада ұшырасып қалатын азын-аулақ жиде ағаштың түбінде жатсаң тап осындай суыл еститінсің. Бұл не суыл? Әлде осы арада жер үстіндегі кеуектермен жалғасатын жарық бар ма екен?

Қабырғаларды шырқ айналдыра, сипап көріп еді, еш жерден қолы сүрінбеді. Қайта тыңдады. Суылдың ар жағында бірдеңе сылдырайтын сияқты. Тағы қазды. Тағы тоқтады. Тағы тыңдап көрді. Сол баяғы түсініксіз суыл.

Еңсеп тақтай тасты ұрғылап жатып, ауық-ауық тоқтай қалып, әлгі суылға құлағын тосады. Сылдыраған дыбыс күшейе түскендей.

Кенет қуанып кетті. Мынау судың сылдыры. Еңсеп құлағын тосқан сайын күшейіп барады. Мынау кәдімгі күркіреп ағып жатқан сарқырама ағын ғой. Мелшиген сиз қабырғалар да жер астынан шыққан беймәлім дыбысқа құлақ түргендей телміріп тұр. Зымыран қара үңгірдің іші сол бір сарқыраған дыбысқа тегіс жаңғырыққандай.

Еңсеп тақтай тасты дүрс-дүрс түйгіштей жөнелді. Енді әлгі жер астындағы сарынды сүйменнің дүңк-дүңк дүсірі де жеңе алмады.

Еңсеп ештеңеге алаңдамады. Тақтай тасты төкпектете соққылады. Үскірік жер астында тұрғанына қарамастан, әуелі маңдайына, сосын омырауына шып-шып тер шықты. Тақтай тас сарт-сұрт сынып жатыр. Осылай қазыңқырай түссе, ұлы арнаға да жетеді. Жүрегін қуаныш кернеп, өне бойынан әл кетіп бара жатқандай. Темір сүймен қолынан шығып кетпей, шаққа тұр. Шеңгелін сыға түсті. Кенет дәл қасынан дүрс-дүрс дыбыс естілді. Қараңғы үңгірдің ішінде бұдан басқа тағы біреу тақтай тасты тарс-тарс төмпештеп жатқандай. Бұл ауық-ауық тоқтап, тың тыңдайды. Бұл тоқтағанмен, әлгі дүрсіл тоқтамайды. Әлдекім мынау тақтай тасты бұдан бұрын оям, ұлы арнаға бұрын жетем деп, жаныға қимылдағандай. Еңсеп сүйменіне қайта жабысты. Біраз шапқан соң, тағы кідірді. Әлгі бір жұмбақ дүрсіл құлағын жарып барады. Тағы да бұл тоқтағанмен, ол тоқтаған жоқ. Еңсеп қайтадан екілене ұрғылады. Әбден өкпесі алқынып, жүрегін қысылғандай болған соң, бірауық дем алайын деп еді, бұның көзіне көрінбей дәл қасында көк тасты дүңк-дүңк тоқпақтап жатқан





өзге дүрсіл бұрынғыдан да күшейте түсті. Ол орнынан тағы тұрды. Темір сүймен тақтай тасты тағы да төбелей жөнелді. Еңсептің өне бойын қара тер жуды. Көзіне құйылған ащы терді білегімен жасқауға да мұршасы болмай, үсті-үстіне ұра берді...

Кенет сүйменнен әлдекім шап беріп ұстай алды да, жібермей қалды. Еңсеп көзі қарауытып, отыра кетті. Қара үңгірдің іші су қараңғы тас түнекке айналды. Оның көз алдынан Қалпақтың көк орамалы желпіп өткен сияқты болды. Қалпақ мошқап күліп тұрғаны, я аяп тұрғаны белгісіз, бұның қарсы алдында тісі ақсиып, талтайып тұрып алды. Кенет бұған қарай қолын созды да, сүйменіне жабысты. Еңсеп қолындағы сүйменін алып кетеді екен деп, жан-дәрмен шірене тартып еді, тастың жігіне түсіп, тесік ұстап қалған сүймен жылмаң етіп, суырылып шыға келді.

Еңсеп есін енді жинады. Табанының астынан өкпек жел ескендей болды. Сарқыраған судың шуылы анық естілді. Еңсеп шуылға құлағын тосып біраз отырды. Оның құлағы судың сылдырынан бөгде бір дыбысты байқады. Таң атқалы бұның құлағынан кетпей қойған алқына соққан өз жүрегінің дүрсілі екен.

Езуіне күлкі жүгірді. Енді ішіне жарты астау су сиятын тай терісінен жасалған үлкен қауға қиналмай сыятындай қып, мынау тақтай тасты оюы керек. Талтайып тұрып, тақтай тасты тағы ұрғылады. Біраз шапты. Тесіктің көлемін білгісі кеп, қолындағы сүйменімен барлап көріп еді, әлі шағындау тәрізді. Қайтадан төмпештей жөнелді. Сүймені әр тиген сайын тақтай тас күрт-күрт омырылады. Біраздан бері жұртқа есесі кетіп, көңілін ыза жайлаған Еңсеп дегеніме жеттім бе дегендей, екілене ұрғылайды. Тұңғыыққа тасыр-тұсыр домалап, біраздан соң барып шылп-шылп құлайтын тас дүсіріне құлағы әбден үйреніп алған. Ештеңеден еті шімірікпейді. Жаңа ғана жан-жағынан сығып тұрған тас құрсауға да, қалтарыс-қалтарыстан қарақшыдай аңдып тұрған көлеңкеге де, құдықтың аузындағы саңылау жарықтың бірте-бірте өлеусіреп бара жатқанына да, сыртта топырақ шығарып тұрған жігіттердің үсті-үстіне арқанды жұлқылағандарына да – ештеңеге де елең еткен жоқ.

Қайқайып тұрып, тақтай тасты сарт-сарт сабалайды. Кенет сүймені тасқа тимей, тесіктің өзіне түсіп, екпетінен құлап түсті. Маңдайы тасқа соғылып, басы зеңіп кетті. Біреудің аялы қолдары қос алақанын жайып, қағып алғандай. Басқа жеріне зақым тимеді. Қақа маңдайынан бастап жып-жылы жұмсақ алақан сипап өтіп еді, көмейіне қоймалжың бірдеңе құйылғандай болды. Мұны қағып алған бейтаныс адамның да омырауы



терге малшынып қалыпты, жамбас тұсы, жауырыны мұздап қоя берді. Біреу жүзіне телміре төнгендей. Қарауытып кеткен жанары мұның бетіне мүсіркей үңіліп тұрған Қалпақтың көк сұр жарғақ жүзін шолып қалғандай.

Еңсеп зіп-зілдей кіршіктерін өзер көтеріп, көзін ашып алып еді, жан-жағынан ақ түтек боп сарқырап жатқан ағын су әлдеқайда алды да қайқайды. Жан-дәрмен бір бақыруға ғана мұршасы келді. Бірақ оны өзінен басқа ешкім естіген жоқ.

Топырақ шығарып тұрған төрт жігіт қыл арқанды өрі жұлқыды, бері жұлқыды. Күн екіндіге таянғанда, қайта тартып еді, ішінде ештеңе жоқ, бос күбі шелектің өзі шықты. Төрт жігіт енді қара атанды шығырға жегіп, қыл арқанның ұшын тұзақтап, шыңырауға салды. Шығыр арқан да бос қайтты.

Есі шыққан жігіттер төртеуі төрт жақтан құдықтың аузына жата қалып:

– Еңсеп! Еңсеп! – деп айқайлайды.

Төменнен ләм-мим дыбыс жоқ. Жігіттердің құлағына сонау жер түбінен еміс-еміс суыл естілді. Беттерін жер астынан бір түрлі суық леп жалап өткендей болды. Жалма-жан бастарын көтеріп алды...

Содан бірнеше жыл бойы қанды құдықтың маңына ел жоламады. Біреулер құдықтың перісі бар екен, Еңсепті ұстап қалыпты десті, енді біреулер о жердің астында айдаһар бар екен, бірде құдықтың аузынан басын шығарып тұрғанын өз көзімізбен көрдік деп соқты.

Арада әлденеше жыл өтті. Жер астынан шыққан айдаһар көрінбеді. Бір-екі жүрегіне жүн байлаған жігіттер барып, қауға салып еді, мөп-мөлдір тұщы су шықты.

Ақсақалдар өрі ақылдасып, бері ақылдасып, молда апарып, кітап ашқызып, дұға оқытып, құдықты жын-періден аластады. Шегендеді. Әйкел орнатты. Тусырап жатқан өңір суға қарық болды да қалды. Жанбырсыз жылдары қанша шыңыраудағы су тартылғанмен, ол лықылдайды да жатады.

Біреулер қауға түсіріп алса, артынан сонау көк теңіздің жағасындағы ақ тұмсықтың астынан табылыпты. Енді жұрт бұл құдықтың суы сонау ұлы теңізге барып құяды екен десті.

Не де болса, ол бүкіл Үстірттің үстіндегі ең терең, ең мол шыңырау боп атағы жайылды. Бірақ “Еңсеп қазған” емес, “Еңсеп өлген” атанып кетті.



**СЕМЕЙ ҚАСІРЕТІ<sup>1</sup>**  
(Деректі тарихи хикаят.  
Үзінді. Біқшамдалған)

**МЕДЕУ  
СӘРСЕКЕ**

**БІР ҮМІТ, БІР ТІЛЕК, БІР БІЛЕК ЕЛ ЕДІК**

(1936 жылы туған)

Әр адамның жүзегін жадыратар іңкәр жері – туып-өскен мекені. Мен үшін ынтық жер – бітімі дара, әр сайынан қайнар бұлақтар құлаған Жақсы Абыралы тауының тұстік баурайы. Жақсылығы неде десеңіз: баурайын қоныс еткен елді алты айға созылатын аязы қақаған қыста жұтатпас үшін теріскейден соғатын тентек желді үнемі үдетіп, төрт таудың ортасындағы (Мәремік, Жаңғызтау, Жаман Абыралы, төртіншісі өзі) мал өрісін қалың қардан аршуы – алғашқы ерекшелігі; екіншісі, әр сайдан бастау алатын арынды бұлақтарды жағалай қоныс еткен жұртқа береке-құт дарытудан жаңылмауы; сол қайнарлардың атауы да тұнған тарих – Сұтбай, Қалыбай, Шынқожа қуыстары, Атарқан, Үштөбе, Қызылшілік баурайы; үшінші, әр бұлақтың төріндегі тал-шілікте қарақат, күңгей бетінде дала бүлдіргені қаулап өседі. Төртінші ерекшелік ұшар басы бір мың метрге таяу, аумағы да жиырма-отыз шақырымдай еңселі таудың әр тұсынан өрлесең – тасжарған мен тікенекті бұта жыңғылына, тас бетін көмкерген арша нуына кезігесің. Солардың бәрі де – қызуы мол дайын отын. Біз, естияр балалар, жаз шыға құз-қиядан сол нуды үйімізге тасимыз. Абыралының қойны-қонышындағы шілігі, сай төріндегі тобылғы мен бұталар жыңғылы, күнбатыс сыртындағы сулы, нулы өлкелердің қалың талы – отырықшы тұрмысқа көшкен дала тұрғындарын қызулы отынан ешқашанда тарықтырған емес.



<sup>1</sup> Сәрсекке Медеу. Семей қасіреті. – Астана: Фолиант, 2018.



*Иә, қысы қатаң, жазы жайсаң Абыралы өңірінің ала білсең – берері көп, суы да, нуы мен қуы да, жер оты да мол және сан алуан; бейберекет отамай, жарата білсең – қаншама ұрпаққа сан ғасыр құт-береке болар байлық болатын, амал қанша?!..*

*Ғасырлар бойы көшіп-қонумен өмір кешкен Дала халқын отырықшы ел етуді көздеген Кеңес үкіметінің 1926–1928 жылдарда үрдіс жүргізген жөнсіз саясатының бірі – мыңдаған қожалыққа бөлінген қазақ шаруаларының басын қосып, аудандарға біріктіру болғаны – тарихи шындық. 1931 жылдың жазында күллі қазақ даласында жедегабыл ұйымдасқан аудандар саны 130-ға жеткен. Солардың бірі – Абыралы ауданы, 1928 жылы шаңырақ көтерген.*

*Сол кездегі ел басшылары жаңа ауданның әкімшілік орталығына Жақсы Абыралы тауының Қалыбай қуысын таңдаған. Төрт болыс елдің кіндік ортасында. Теріскейдегі Киікқашқан, Қаратау, Дін таулары, Жұман шиі, одан бергі сулы, нулы өңірді жайлаған ауылдарға ұрымтал орналасқан. Күнбатыста ну тоғайы, аңы мен малы аралас жайылатын, егінге қолайлы жері мол – Көкшетау мен Айғыржал, тұстіктегі Шыңғыстауға дейінгі бұйратты, өлкелі қоныстар. Үш таудың ту ортасындағы Қараөлең мен Келдібай өлкесі, Мәремік пен Бөрліні мекендеген қалың ел, одан арғы Дуана мен Дегелеңнің алды-арты, Мыржық тауының тұстік бөктері – ежелден халық қоныстанған шұрайлы өңір. Бәрі де бір тілек, бір ұміт, бір білекпен өмір сүрген қыруар жұртқа құтты қоныс болған. Солар енді Абыралы ауданы атанып, жаңа өмір бастамақ...*

## РАДИАЦИЯ КҮЛІНІҢ АСТЫНДАҒЫ ТІРЛІК

«Әскери полигон» деген атауымен мәлім аймақты мен қырық жылға таяу мерзім ұрымтал іргесінде тұрсам да небәрі үш мәрте көрдім. Алғашқы сапарым 1994 жылдың қоңыр күзі.

Студент кезімде табысқан досым, техника ғылымдарының докторы Төкен Ғабдоллаұлының кенеттен қайтыс болғанын, туған жері Қарағайлы кентінде жерленеді деген қаралы хабар Қарағандыдан маған кіші бесінде жетті. Ертіс жағасынан сол мекен 400 шақырымдай жерде. Көлігім өзір, алыс жолға тек жалғыз аттану мен үшін қиындау: бір аяғыма тұсау түскен, шаршаған кезде руль ұстар сенімді жолсерік керек; оған қоса тағы рынок келгелі мұнай өнімдерімен шұғылданатын база жағармайды 10–20 литрлеп сататын одағай рәсім енгізген. Десем де «Алтайалтын» комби-



натының бас директоры Сәтбек Бегембетов жүргізушісін беруге келісті, бензинмен де қарайласты. Сонымен күндізгі сағат төрт шамасында Сәтиев Бахтияр екеуіміз Ертіс үстіндегі көпірден өтіп, Қарағайлы кентіне Абыралы арқылы аттандық. Жолшыбайғы Доғалаң аулына қонып, келесі күнгі сәскеде Қарағайлыға жеттік. Досыммен қоштасу рәсімін орындаған соң ат басын Семейге бұрдық...

Қарағайлыдан жиырма шақырымдай ұзаған соң мені желік ой биледі. Полигонның дамылсыз тарсылы сап тыйылып, Курчатов қаласындағы әскерилер Ресейге қайтып, атомшылар қаласы тәуелсіз Қазақстанның иелігіне көшкен. Сол жердегі атомдық реакторлар және бірнеше ғылыми кешендер сақталғанын естігенмін. Алатау баурайына 1950 жылдары ірге тепкен Алмалы кентіндегі Ядролық физика институты сол нысандарға ие болған-мыс. 1947 жылдан бері семейліктер үшін жабық болған әскери полигон иелігіндегі Абыралы жерінің XX ғасырдың аяғындағы ұсқынын көруге көңілім ауып жүрген кез еді... Тоқетерін айтқанда, асфальт төселген жол Шөже ақынның шошақ бейітінің тұсында екіге айрылды: оң жақтағы – Абыралыға тура түсіреді, сол жақтағы асфальт төселген жол – Егіндібұлақ ауданының орталығына апаратыны есіктей жарнамада әйгіленіпті.

– Егіндібұлаққа соғып, Мыржық арқылы Дегелеңді баса жүрсек қайтеді?

– Өйтетін болсақ, кеш таяу, аудан орталығына қонамыз. Менің кіші нағашым сонда тұрады. Ортаншысы Мыржықтың Семей жақтағы баурайында, сол жердегі бөлімшенің бастығы, есімі Таңат. Қайсысы болсын бізді ықыласпен күтеді. Бензинмен де қарайласады. Тек Семейдегі жұмысты қайтеміз?.. – деп күмілжіді Бахтияр серігім.

– Бастығың үш тәулікке дейін сені іздемейді. Келіскемін. Қане, солға тарт! Жетпіс шақырым жолды бір сағатта өтіп, Мұхамеджан әулетінің кішісі Олжастың үйіне күн ұясына қона жеттік. Орта жасты еңсерген сергек азамат екен, өзі де, әйелі де қонақжай жандар болып шықты. Алматыдағы «Атамұра» баспасынан сол қарсаңда жарық көрген, өзім құрастырған «Қаракесек» шежіресін сыйлағаным да түрткі болды-ау деймін. Тегінде осы ауданның, жалпы Қарқаралы атырабының тоқсан пайыз тұрғындары – Қаракесек атанған тайпаның ұрпақтары. Шежіренің бірер бумасын ала шыққанмын. Өздері ғана емес, арғы бабаларының 21–22 есімдерін көріп, жадтарынан баяғыда өшкен аталарын тапқан қағілез үй иесі біздің көңілімізден шығуға тырысты.



– Мыржықтың қойны-қонышын аралап, Дегелеңнің де алды-артын шолсақ деген ой бар, қалай көресің? Әлбетте, тау-тасқа біздің «Волга» жүре алмайды, ГАЗ-69 керек...

– Медеке, бұл мәселені тиянақтауды маған жүктеңіз. Кеңсемде тауға жүргіш көлік бар. Гәп – бензинде. Соны тапсақ – Мыржықты да, Дегелеңді де көрсетемін. Алаңсыз демалыңыз, таңертең бұйырғанын көресіз... – деді Олжас.

Келесі күні Мыржыққа аттандық. Бензинді молдап табуға да қоржыннан суырылған шежіре кітаптарымың септігі тиді. Аудан орталығынан Абай кеңшарының орталығына тартылған тас жолмен жүйткіген екі автомобиль түс әлетінде үлкен елді мекенді жанамалай өтіп, егінжайдың ортасындағы таптауырын қара жолмен Мыржықтың күншығыс бөктеріндегі Мөшекебұлақ елді мекеніне келдік.

Қолымдағы картада бұлақ басындағы ескі жұртта Семей мен Қарқаралы округтері аралығына өткен ғасырда таптауырын болған «Жандарал жолының» пошта бекеті орныққаны көрсетілген. Бұлақ атына есімі байланған Мөшеке жарықтық Мыржық атырабына өз заманында билігі жүрген ірі бай, төрт әйелінен 13 ұл көріп, солар осы атырапта он шақты ауыл болып, ерекше молайған өулет (Атақты күйші һәм қазақтан шыққан тұңғыш кенші-кәсіпкер Тәттімбет осы атаның үлкені Қазанғаптан тарайды. Ғұлама тарихшы Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы «Қазақ шежіресінде» оған: «Мұса, Секербай заманында Тәттімбет Қаракесекте үштің бірі болып атағы шыққан. Өзі бай, өзі өнерлі, өзі бет біткеннің сұлуы, өзі шешен, айыр көмей, темір жақ домбыра тартып, өн қосқанда алдына жан түспеген...» – дегені есімде. «Қаракесек шежіресі» кітабымда мен осы атаның Шаншар-Нұрбике бұтағынан өрбіген ұрпақтарын түгендеп, Мыржық тауын соңғы екі ғасырда жайлағанын түгендеп тарқатқанмын. Осы атаның бір перзенті – саяси қайраткер һәм философ Нұрымбек Жанділдин. Мөшекенің Дәулет есімді екінші ұлынан тарайтын ұрпақтардың бірегейі – семейлік білікті ағартушылар Жүсіпбек пен Кенжебек Дәукеевтер. Олардың бергі ұрпағы – академик Серікбек Дәукеев, оның да аға-інілері – физика мен энергетика ілімдерінің докторлары – Ғұмарбек пен Диас Дәукеевтер. Осы сапарда көрдім: Егіндібұлақ ауданының Мыржық атырабын қоныс еткен байтақ өңірде 1970-жылдары қомақты кеңшар ұйымдасып, оған Абайдың есімі беріліпті; бұл да кездейсоқ телу емес, ұлы ақынның анасы Ұлжан Тонтайқызы – Қаракесектің Нұрбике бұтағынан өрбитін Битен өулетінің перзенті; демек Абай хакім бұл елге – жиен; ол кісіге ақындық, шешендік өнер тегінде



нағашы жұртынан дарығаны дүйім жұртқа мәлім ақиқат. Абай кеңшарын қоныс еткен ескі көздердің шамалауынша, бір ғана Мөшеке жарықтықтан жүзден аса ұрпақ өрбіген, солардың дені Мыржық тауының бөктерінде осы күнге дейін тұрады десті...

Абай кеңшары Мыржықтың теріскей-батыс атырабындағы аса құнарлы қара топырағы басым құйқалы жазыққа егін салады екен, төрт түлік малды да шектеусіз өсіріпті. Біз келген уақыт егіннің орылып, кеңшар еңбекшілері қолындағы малдың қысқы азығын қамдауға кіріскен шағы. Егін шығымы сол жылы жап-жақсы болыпты. Мыржық теріскейден күнбатысқа қарай жантая созылған кеуделі тау. Осы сапарға дейін мен оны Дегелең жағынан көргенмін. Енді теріскей тұсынан тікелей түсіп, қойны-қонышына ирелеңдеп енген тау жолымен жарып өттік. Арнайы төселген тас жолы болмаса да, жынысы қатты тау сүрлеуі «Волгаға» бөгет болған жоқ. Тек жүрісті тежеп, әр жерде одырайған жертастарынан сақтанып, екінші жылдамдықпен ұзақ изеңдеуге тура келді. Шамалауымша, Мыржықтың ұзына бойы елу шақырымдай, біз кесіп өткен көлденең тұсы – небәрі бес-алты шақырым. Мөшекебұлақ – таудың күншығыс қолатында. Тау жолымен жарым сағаттай жүріп, үстіне көтерілгенімізде тұрқы оймақтай болып дөңгеленген Дегелең тауы да қырық-елу шақырымнан көрінді.

\* \* \*

1968 жылдың 18 шілдесінде Егіндібұлақ кентінің байырғы тұрғыны, отыз екі жастағы автомобиль жүргізушісі Телтай Күйіков пен оның қосағы Рымжан Сәйділқызының отбасын есінен тандырған төтенше оқиға сап еткен. Егіндібұлақ – Қарағанды облысына қарайтын, құт дарыған елді мекен, бұрынғы Қу ауданының орталығы. Шұрайлы жерге бай, егін салып, төрт түлік мал өсіреді. Шофер жігіттің әйелі бес перзент туған: Ризабегі – тұла бойы тұңғышы, одан соң Сәуле, Зәуре атанған екі қыз туып, солардың алды мектепке қатынай бастағанда жарық дүниеге келген қызы мен ұлы небәрі бірнеше ай өмір сүріп, белгісіз дерттен шетінеген; әлқисса содан Рымжан

Сәйділқызының бойына тағы да шарана бітіп, туар күні жақындайды...

Аудан орталығындағы аурухананың гинеколог дәрігері мен медбикесі жарық дүниеге келгенін шар-шар еткен зор үнімен мәлімдеген нәрестенің кіндігін байлағанда-ақ қолдары қалтырап, бір-біріне шошына қарап, баланы анасына көрсетпей, қашығырақ жерге далдалаған. Содан олар:



«Мына нәресте осы күнге дейін біз көрмеген, білмеген шарана, не істейміз?» – десіп, төтенше мәслихат өткізген. Сәбидің жон омыртқасы иілген доғадай, кәдуілгі бүкір; ең шатағы, балақанның екі қолы жоқ; ал, жүрек соғысы, қос өкпесінің демалысы – сау баладай, салмағы қалыпты...».

Баланың әкесі, ет жақын туыстары ауруханаға шақырылады. Дәрігерлерді шошытқан сұмдық ақпарды естігенде Телтай сорлы: «Бұл енді Құдайдың жіберген жазасы маған. Тек не үшін жазықты болғанымды білмеймін. Бір пендеге жасаған зәредей қастығым жоқ. Не дерімді білмей отырмын, жараңдар!..» – деп кемсеңдейді. Ағайындары да қапелімде не дерін білмей, ақылы азған туысын құшақтап қоса еңіреді. Биология пәнінен сабақ беретін мұғалім көршісі: «Телтай інім, бекерге егілме, Рымжан келіннің мына бүлдіршіні кемтар болып туғанына зәредей кінәсі жоқ. Сендерді сорлатқан әскери көршілеріміздің жиі дүңкілдеткен жарылысы. Мүгедек нәрестелер полигонға ұрымтал ауылдардың бәрінде тууда. Абыралы мен Шыңғыстау атырабында тіпті көп деседі. Полигонның жарылыс жасайтын алаңы бізге ұрымтал жерде, Балқан тауды бөктерлеп, Дастар мен Мыржыққа қарай тура жүрсең – сірә, жүз шақырым... Сойқанды жарылыстан түзілетін радиация бөлшектері, ол енді көзге көрінбейтін тинәмдай пәлекет, қонатын жер таңдамайды, олай-бұлай ұшып жүріп біздің де төбемізге жауады. Келінді, әлде сені солар зақымдаған... – деген түсінік айтады. – Рымжанды шошытпаңдар; бойын жиғанша балақанның орауын ашпай емізсін. Телтай інім, он екі мүшесі сау балаларың аман болсын!..»

Күйіковтер отбасы ойда жоқта тап болған төтенше ауыртпалықты қаыспай көтерген. Біршама уақытқа дейін нәресте атаусыз жатыпты.

Алайда табиғи елгезектігі бірден білініп, анасының омырауын тауыса еміп, кәдуілгі тіршілік иесі екенін күн сайын сездіруден жаңылмаған. Ең ғажабы, ата-анасының, әпкелері мен ересек ағасының пейілін баурап, апта сайын шираған. Күйіковтер отбасы нәрестенің кемтарлығын ескеріп әрі ағасы Ризабекке бейімдеп КӘРІПБЕК атайды. Бүлдіршіннің келешек бейнетін оймен шамалаған жанашыр туыстары: «Бұл сорлы алдағы өмірлеріңді ғұмыр бойы өксітетін азап, ас ішуге дәрмені жоқ, шалбарының ауын ашып, өз бетімен дәрет сындыра алмайтын, бүкірлігі түп-тура доғадай мүгедекті қалай асырайсыңдар? Кішкентай кезіндегі бейнетін көтерерсіңдер, ал, жігіт жасына жеткенде қайтесіңдер? Кәріпбекті бағамыз деп ересек балаларың да діңкелейді. Оны да ойландар. Құдай жөні бейшараның бетін аз уақыт жастықпен бүркесеңдер болды, әп-сәтте демі үзі-





леді!..» – деген де ақыл айтқан. Үлкендік жолмен нығарлап бұйырғандар да болыпты.

Кәріпбек балақанның әке-шешесі ойға қонымды сияқтанған сол ақылға ден қойса да, жеме-жемге келгенде дөттері жетпеген. Қоңыр көзі шырағандай жайнаған бүлдіршін ұйқыдан оянса-ақ жан иесі екенін мәлімдеп, үй-ішін танып, айран-асыр күлкімен жайраңдаған нәрестені өз қолыммен түншықтыра алмаған. Ақыр аяғында жергілікті дәрігерлердің ақыл-кеңесіне құлақ асып, Кәріпбек үшке келгенде Алматыдағы мүгедек балаларды тәрбиелейтін пансионатқа тапсырған. Жарым жылдан соң ол Шымкенттегі мүгедек балалар үйіне ауыстырылған. Содан төрт жасқа келгенде кемтар сәбилерге қайырымдылық жасаумен шұғылданатын қоғамдық бір ұжымның назарына ілініп, ата-анасының рұқсатымен Ленинградқа аттанады...

Кәріпбек КҮЙІКОВПЕН ауызекі әңгімеден (Қарағанды, 28 қазан 2014 жыл):

*«Балтық жағалауындағы пансионатта екі жыл тәрбиеленуден соң, 1975–87 жылдар аралығында мен Ленинград және Воронеж қалаларындағы мүгедек жасөспірімдердің мектеп-интернатында оқып, каникул айларында Гатчина қалашығындағы ғылыми-зерттеу институтында жатып, протез жасатып, жасанды қолмен еңбек етуге дағдыландым. Интернатта жүргенде сурет салуға жаттықтым. Қыл қаламды тісіммен ұстап немесе оң аяғымның бақайына қыстырып, күні-түні сурет саламын. Сол өнерге өзгеше құмар болдым. Сурет салуға баулыған ұстаздарым ерекше білікті жандар, бірде-бір рет: «Бұл өнерді кәсіби игеру саған қиын, қолсыз суретші дүниеде болған емес демеді. Шимамайы мол алабажақ суреттерімді үнемі мақтап, кейбірін көрмеге шығарып, жұртқа дабыралады. Қолсыз қалпыммен сурет салуды мақтан көріп, жаратылыстың маған бір қол, иә саусақ бермей жаратқанына өзімше көрсеткен қарсылығым еді бұл. Сөйтіп жүріп, Медеу аға, әуесқой суретші атандым.*

Интернаттағы күтімім, тәрбием өте жақсы болды. Ешкім мені жатсынған жоқ, өзім де бауырмал мінезіммен сүйкімді балақан болдым. Бертінде Вологда шәріндегі мектеп-интернатты тәмамдадым. Одан соң алдағы тіршілігіме қам жасап, Мәскеу іргесіндегі мүгедектер училищесіне түсіп, екі жылдық есепшілер курсы 1987 жылы тәмамдадым. Сол жылы интернат директоры әке-шешеме: «Кәріпбек Күйіков жуықта 19 жасқа толады. Байсалды мінезді, өнерлі, өмірге ерекше құштар азамат болып ержетті. Бұдан әрі біз оны ұстай алмаймыз, тәртіп солай. Күн-көріске жарайтын мамандығы бар, суретші өнерін де игерді... Егер әки



*сіздер Кәріпбекті қабылдаудан бас тартсаңыздар, біз оған осы жақтан жұмыс қарастырамыз...» – деген сипатта хат жолдаған. Мен өзім де елімді, сендерді сағындым деп хат жаздым.*

*Әке-шешем балаң азамат болды дегенге айран-асыр қуанған әкем Ленинградқа келіп, интернат ұжымына рақмет айтты. Үйге келген соң ағайынды жиып, тай сойып, ұлан-асыр той жасады. Ал, мен он бес жыл бойы тірі қазақты көрмей, ана тілімді тарс ұмытып, орыс болып кеткемін. Әке-шешем, туыстарым – орысшаға шорқақ. Сөйтсе де тап болған ортам кілең қазақ болғаны септігін тигізіп, ана тілімді бірер айда қайтадан үйрендім. Әкемнің үйретуімен жеті атамды жаттап: «Әкем Телтай, оның әкесі Елтай, үшінші атам – Мұқан, ол Шамшышәріптен туады, оның әкесі – Балабек, одан жоғарғысы – Мұсабай... деп сайрайтын болдым. Тегінде біз – Арғын ішінде Болатқожа, яки Қаракесек руының ұрпағымыз, оның ішінде Таз-Бұлбұлдан тараймыз, одан – атақты Шаншар абыз, сол атадан Келдібек би туады (Қаз дауысты Қазыбектің әкесі), ал Қазыбектің үлкен ұлы Қазымбеттің бәйбішесінен төрт ата тарайды – Қанай, Жанай, Атымбай және Анай... Төртеудің Қанайынан – біз... Содан, бабаларым шежіресін жаттап, ана тіліме қайтадан жаттықтым. Ал, құныға оқитыным – орысша кітаптар. Жазуым да солай. Елге келген соң да қаламды тісіме қыстырып, шаршаған кезде бақайыммен ұстап, түрлі түсті бояумен суреттер салдым. Амал не, Ленинградтан әкелген қағаз, қаламым таусылды, бояудан да тапшылық көрдім. Менен кейін шешем тағы бір ұл туыпты, бұл балақан бізге қуаныш әкелді деп, яғни он екі мүшесі сау туған, есімін Қуанышбек қойыпты. Үйіміз жұпыны, небәрі екі бөлме, тұрмысымыз қоңыртақы. Әкем жұк машинасын жүргізеді, отбасындағы – жалғыз табыскер. Еңбек ақысы аз. Шешем үй шаруасындағы адам. Мені есепшілік жұмысқа ешкімнің алғысы келмеді. Ресейдегі жағдайым бұдан тәуір еді, күні ертең не ішемін, не киемін деген жайтқа ешқашанда ойланбаған едім. Ал, мұнда? Сыпыра жетімсіздік. Өзімді масыл пенде сезінетін күйректікке ұшырадым...*

*Содан бір күні көмек сұрап, үйдегі дәрменсіз жағдайымды баяндап, облыс әкіміне хат жаздым. Облыс әкімі П.П. Нефедов деген мейірімі мол кісі екен, кен инженері, ерекше бойшаң, ісі де сондай ірі деседі, Қарағандының үлкен шахтысын басқарған. Егіндібұлаққа іссапармен келгенде үйіме соғып, әке-шешеммен танысып, ауыр жағдайымызды көрген соң-ақ осы аудандағы Қазсельхозтехника бөлімшесіне бюджеттен қаржы бөлгізіп, әке-шешеме сол жазда-ақ төрт бөлмелі, шатырлы, тақтай едені бар көк-*



төбел ұй салдырып берді. Облыстық газеттерден, телестудиядан тілшілер келіп, суретшілік өнерімді мақтап, өмір сүруге құштарлығымды дәріптеп мақалалар жариялап, телеэкраннан көрсетті. Қысқасы, қолсыз сурет салатынымды кұллі Қазақстан білді. Суреттерім жариялана бастады. Геннадий Толмачев деген, «Комсомольская правда» газетінің тілшісі Егіндібұлаққа іздеп келіп, «Қолсыз суретші, жігері жалындаған қайсар һәм шебер...» – деп одақтық комсомол газетіне суретіммен жариялады. Сол хабарды Олжас ағай, Сүлейменов ақынды айтамын, газеттен оқыпты, әлде Толмачевтен естіген? Ол кісі Жазушылар одағының бастығы әрі «Невада-Семей» қозғалысының президенті. 1990 жылдың тамыз айында мені Алматыға шақырып (ұлкен әпкем апарды), жапон еліне тасталған алғашқы атом бомбасының бейбіт елді мыңдап қырған шатақ оқиғаның 45 жыл толуына орай, «Алматы–Хиросима» деп атаған телекөпір шарасын өткізді. Сол шараға мен тірі экспонат ретінде қатыстым. Телеэкраннан сөз сөйлеп, полигон тақырыбына салған түрлі түсті суреттерімді көрсеттім. Суретті бақайыммен қалай салатынымды да экраннан бейнеледім. Сол күннен беріде полигоннан зардап шегуші ретінде «Невада-Семей» қозғалысына белсене қатысып, ядролық жарыстардың адам баласын, жан-жануар дүниесін тұқымымен құртатын, дәрменсіз мүгедек ететін залалын түрлі-түсті жантүршігерлік суреттермен әшкерелеушіге айналдым. Бұл кәсіп өзіме де ұнайды, жасым қырық жетіге ауды, 1990 жылдан беріде сол іспен үзбей шұғылданып келемін. Саяси мәні өткір, оған қоса ядролық сынақтардың жер-жаһанға зиянды әсерін әлем халқына әшкере суреттермен әйгілеймін, соларды салушының өзі де жарылыс зардабын тартқан мүгедек болуым да әрқашанда өтімді. «Мен, міне, сондай жанмын. Радиация залалын өмір бойы тартқан жан иесімін, менің азабымды басқалар көрмесін, кұллі әлем халқы ядролық жарылыстарды сынаудан біржола тыйылсын, сол үшін күресейік...» – деген жанайқайым, ештеңе демей, сурет альбомдарымды алып, жұрт алдына шықсам, сеніңіз, ағатай, қандай елге барсам да ешқандай тілмәшсіз-ақ әсерлі болып, кейбіреулер көздерінен жас сорғалап, енді бірі мені бауырына тартып құшақтайды. Сөйтіп, ойда жоқта бейбіт өмірдің белсенді күрескері атандым, аға...».

1930 жылы төрт болыс елді біріктірген Қу ауданы бертінде Егіндібұлақ атанып, бірнеше кеңшар болып, еңбек көрігін қыздырып шалқып отырғанда тұтқиылдан сап еткен нарық заманының қыспағына төзе алмай, Қарқаралы ауданына қосылды. Оның қожырауына анығында әскери по-



лигон иелігіне осы ауданнан берілген қыруар жерден айырылуы (Қазақстаннан берілген 18500 шаршы км жердің 39 пайыз жер телімі тек қана осы ауданнан алынған) басты себеп. Балқантаудың баурайын қоныс еткен кенттің көңтерімді тұрмысы содан кейін-ақ қожырай бастады. Жергілікті тұрғындарға күнкөріс болған кеңселер мен өндірістер жабылып, жұмыс іздеген халық Қарағанды мен Теміртауға, кейбірі Балқашқа шұбырған. Телтай Күйікұлының шаңырақ түзеген балалары да сөйткен. Солармен бірге әке-шешесі де Қарағандыға көшкен. Жаңа жұрттағы басты қиыншылық – тұрғын үй. Сатып алуға миллиондаған теңге қаржы керек, бұрынғыдай кезекке тұрып қазынадан баспана ала алмайсың... Аға-әпкелеріне қарағанда сол түйткіл Кәріпбек үшін оңды шешіліпті: қолсыз суретшінің шет жұртқа да әйгілі өнерін бағалаған, одан да гөрі бірінші топтағы мүгедектігі тұрткі болып, қала әкімшілігі 1997 жылы зейнеткерлер үшін тұрғызған тоғыз қабат үлкен үйден оған бір бөлмелі дербес пәтер сыйлапты. Кәріпбек Телтайұлы несібесіне тиген сол баспанада жеке өзі тұруға тәуекел еткен. Содан бері 18 жыл өткен. Айтуынша, үй шаруасын, ас қамдауды, киім-кешегін жууды, тағы сондай тіршілікке қажет шаруаларды ешкімге міндет қылмай өзі атқарады. Бірден-бір ермегі – сурет салу. Сол кәсібі бертінде едәуір жеңілдеген: АҚШ-қа барған сапарында әлдебір қоғамдық ұжым қолсыз суретшіге сурет салуға бейімделген, бағасы ерекше қымбат компьютер сыйлап, сонымен жұмыс істеуді де үйреткен; содан бері Кәріпбек тісіне қыл қаламды қыстырып, етпеттеп жатып сурет салуды «ұмытып», арнайы жасалған клавишаны еденге қойып, бақайымен түртіп отырып жұмыс істейді; әрине, сурет келбетін, бояуын, өрнектеуін, мазмұнын бөз-баяғы өз таңдауымен экранда өрнектейді. Бұл болса бояу мен қағазға үнем (Әлбетте, сырттан тамақ әкелу, өзге де қажеттерін Қарағандыда тұратын аға-інілері мен екі әпкесі кезектесіп атқарады. «Әсіресе, үлкен апайым Сәуленің көмегі молырақ. Оның пәтері менің үйіме ұрымтал жерде. Қысқасы, ағайыншылық мейір мен пейілден құралақан емеспін, аға. Жетпіс жастың орта шеніне жетіп, әке-шешем опат болды. Мен ол кісілерден 43 жасымда айрылдым. Екеуінің де артында қалған ұрпағына аманат еткенімен, Кәріпбекті ренжітпей, қолғабыс етуден айнымаңдар дегенін, шүкір, туыстарым бұзған емес. Мен солармен де бақытты адаммын!» – деген сөзді Кәріпбек маған екі-үш мәрте қайталады).

– Сені онда-мұнда шақырып, тірі экспонат етіп жүрген «Невада-Семей» қоғамдық қоры әр сапарға апарған сайын сыйақы беруге тиіс. Олардың есепшотында күллі Қазақстан өндірістері мен шаруашылықтар миллион



теңгелеп аударған қомақты қаржы бар. Саған тұрақты түрде жәрдемақы тағайындаса да елден жиған-тергені азаймайды...

Осы ойымды естігенде, Кәріпбек суретші сирек тістерін ақситып, езу тартты.

– Олжас аға маған 1994 жылы УАЗ көлігін сыйлады. Көкем сол машинаны күтіп мініп, қайда барса да «Кәріпбегімнің табысы» деп мақтанып жүріп, отбасының шаруасын атқарды. Олжас аға керек еткенде мені Алматыға алғызады. Мысалы, өткен жазда «Невада-Семей» қозғалысының 25 жылдығын жер-жерге дабыралап мерекелегенде, өзіңіз тұратын Семейге ұшақпен апарды. Ертіс жағасындағы мұнтаздай таза әрі тамаша қаланы көріп, ерекше таңғалдым: біздің Қарағандыдай емес, ауасы да, көшесі де таза, үйлері сәулетті, үлкен өзеннің ту ортасындағы Түйемойнақ деген аралда полигон зардабын бейнелеуге арналған мұражай салмақ, жарылыстардан зардап шеккендерге бағыштап зәулім ескерткіш орнатыпты, өзеннің екі жағасына жыпырлата салған үйлері де маған ұнады. Үш-төрт университеті бар екен, өзге де оқу орындары да түзік. Байқауымша, ерекше білімдар және дегдар қала. Бірер тәулік мейманханасында жатып, студент жастармен кездесіп, өзен бойын қайықпен аралап, тамылжыған табиғатын бейнелеп сурет салғым келіп еді, амал қанша, театрда зерігіп отырып, бірер сағат біз сөйттік деген сыпыра мақтан сөзді тыңдаудан соң жетектеуші жігіт мені әуежайға алып келді де аспанға көтерілдік. Амал не, Семейде бір түн де қондырған жоқ. Әрине, қаражат үнемдеудің амалы. Мерекелік жиын да атөтті дабырамен өтті. Әлбетте, жол шығынын көтерді, түстік ас әперді, бірақ, қолыма бір тиын да қаражат берген жоқ. Мен де ештеңе сұрамаймын. Ылғи сөйтеді... – деп, суретші басын шайқады.

Мен де соған сенер-сенбесімді білмей:

– Мен сені, бауырым, кешкілікте іздетіп, қайтып кеткеніңді біліп қатты өкіндім. Жә, сен дүние жүзінің бірталай елін араладың. Естуімше, Жапонияда, АҚШ-та, Германия, Түркияда және Қытай елінде болыпсың. Бәріне де арнайы миссиямен барасың. Соның бәрі – едәуір қаражат, қолдорбаңды көтеретін әрі барған елдің жол-жобасын білетін жетектеуші керек... – деген сұрауыма Кәріпбек ағынан жарыла жауап берді.

Сөйтсем, осыншама сапарларды ұйымдастырушы, мен ойлағандай, «Невада-Семей» қоры емес, ҚР Шетел министрлігі екен. Шетелге сапарды жобалаған кезде Кәріпбекке бірнеше ай бұрын ескертетін көрінеді. Министрлік суретшінің полигон тақырыбына салған отыздан астам шығармаларын иемденіп, соларды уақыты мен тақырыбына орай топтап, қымбат



қағазға түрлі түсті суреті мол альбомдарды қажетінше шығаратын көрінеді. Бұл болса ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың ынтасымен Кәріпбек Күйіковке жасалған қамқорлық, сол да 1995 жылдан беріде тұрақты түрде жүзеге асып келе жатқан «Атом» жобасы бойынша жүреді-міс<sup>1</sup>.

Сол жобаның тұрақты экспонаты әрі белсенді қатысушысы – зардап шегуші Кәріпбек Күйіков және Семей полигоны таратқан қасіретті бейнелейтін жантүршігерлік суреттері. ҚР Шетел министрлігінің дипломат мамандары сұранысқа және рухани қажеттігіне орай жыл сайын қарағандылық суретшіні Астанаға алғызып, арнайы миссиямен, дипломат мамандармен шетелге апарды. Суретшінің альбомдары да баратын елдің тіліне аударылып, өзге де экспонаттар алдын ала дайындалады-мыс. Осыдан-ақ Кәріпбек бауырымыздың бала күнінен әуей болып, хал-қадерінше меңгерген өнері табиғи мүгедектігімен рухани қабысып, ядролық қаруды күш көрсетерлік үлкен шоқпар еткісі келіп, дөңайбат жасаушы саясаткерлерді көзге шұқып, «Міне, ақыр аяғында, жетер жерің, адамзат қауымын бір-жола құртар мұратың...» дегендей әсер туғызары анық. Сол себептен де Шетел министрлігі Кәріпбек Күйіковті саяси үгітке, әсері мол игі іске жеккен. Бәрекемді демеске, шараң қанша!..

Кәріпбекпен мен 2014 жылдың күзінде Қарағандыда кездестім. Суретші маған алдағы желтоқсан айында Австрия елінде өтпек өзінің сурет көрмесіне әзірлік жасап отырмын, сол елдің тарихы, халқы туралы деректер іздеп, кітапханаға да жиі барып жүрмін деді. Мен қуаныш білдіріп: «Жолың болсын, бауырым! Сондай сапарларға жиірек барғын, сен енді қазақ халқын шетел жұртына өнеріңмен таныстырар сергек ойлы, өмірің де өрелі азаматсың. Сен қазірде аты өшкір полигон дертінен жапа шеккен бейшара мүгедек емессің, күллі Қазақстанның мақтан етер, өнерлі азаматы әрі бейбіт өмір үшін күрес жолына белсене түскен жанкүйер қайраткерсің. Қазақ мемлекетінің тәуелсіздігінің жиырма жылдығында «Құрмет» орденімен марапатталдың. Мүгедектік мүскініңді жанқиярлық ерлік және өрлікпен, еңбекпен жеңгеніне жасалған сый бұл. Қазақ Елінің Президенті де сені жанқияр еңбегің үшін марапаттап отыр...», – дедім.

Кәріпбек айран-асыр қуанып, «Ой, ағатай, көп рақмет! Өзім де сондай ойдамын...» – деп, қоңыр көзі күлімдеп жайраң қақты.

<sup>1</sup> К.Күйіков Нұрсұлтан Әбішұлымен Теміртау металлургия комбинатында жұмыс істеген кезінде танысқан. Одан соң Қарағандыға қоныс аударғанда кездесіп, «Атом» жобасына суреттерімен қатысуы туралы Президенттің игі ойын қуана қабылдап, бірден-ақ келіскен. Айтуынша, шетел министрлігінің өзіне деген, көп жылға созылған ыстық ықыласы мен нақты байланысы осыдан кейін өрбіген.



Исекеев Сымбат бөлемнің көлігімен суретшіні үйіне дейін шығарып салдым. Қоштасарда: «Сенің 21 суретіңмен көркемделген екі альбомың менде бар. Сол суреттерді соңғы жылдары жазып жүрген «Семей қасіреті» атты, екеуіміздің туған еліміз полигоннан тартқан қайғы-шерді бүркеусіз шерткен кітабымды көркемдеуге пайдаланбақпын, рұқсат етесің бе?» – дегенімде, ешкімге жоқ деуді білмейтін жомарт суретші: «Аға, рұқсат! Қажетінше пайдаланыңыз, маған тек сол кітабыңызды сыйлауды ұмытпаңыз!..» – деді.

Мен уәде еттім.

\* \* \*

Ядролық полигон құпия жағдайда өмір сүргендіктен оның территориясында болған неше түрлі сұмдықтардың кейбірін жұрт білмейді.

### СЕМЕЙ ПОЛИГОНЫН КІМ ЖАПТЫ?

ВПК бастығы, КСРО үкіметі төрағасының орынбасары И.С. Белоусов 1990 жылдың басында К.Б. Бозтаевқа телефон шалып, «Сіздерде биыл сынақ жасалмайды», – деген (ВПК сол жылы Семей полигонында 9 жарылыс жасауды жобалаған, КПСС ОК-нен тек рұқсат ала алмаған). Соны да бүкілхалықтық күрестің жеңісі деп ойлағанбыз. Тек бекерге қуаныппыз.

Өйткені сол жылдың бас кезінде Мәскеуден сап еткен тосын оқиға жағдайымыздың құбылмалы екеніне қайтадан мойындатты. «Правда» газеті 12 ақпандағы санында радиолог-ғалым А.Ф. Цыбтың редакция тілшісімен «Семей полигоны. Аңыздар, лақаптар және шындық» деп атаған, ғылыми айғақтармен өрілген көлемді сұхбатын жариялады. Соның да Орталық Комитеттің тапсырмасымен жазылғанын бірден аңдадық. Мақаланың әр тармағы осы сұхбатта айтылған тұжырымға сенімсіздік жариялауды қажетсінбейтін ақиқат... дегендей өктем топшылаумен баяндалған. Ең шатағы, сол «үкімді» айтушы Бүкілодақтық Радиология институтының директоры, КСРО Медицина академиясының корреспондент-мүшесі, профессор А.Ф. Цыб Семей конференциясында былтыр өзі көпшілікке мәлімдеген:

«Жиі жасалған сынақтар салдарынан жергілікті тұрғындардың ауыр дертке жаппай ұшырағаны – ақтауға болмайтын өкінішті шындық. Семей полигонын біржола жабу мәселесін мен жүз пайыз қолдаймын...» – деген



тұжырымынан мүлдем бас тартқан. Анатолий Федорович: «Полигон территориясы, оның төңірегіндегі аймақтың радиация бөлшектерімен ластанғаны бекер, семейліктердің дертке шалынуы – мүлдем басқа себептен...» – деп, өзі басқаратын институт мамандары осы мәселені қайыра зерттеп, өзгеше тұжырымға келгенін, яғни алты ай бұрын Ертіс жағасында, конференция мінбесінен жұртқа естірткен пікірінен мүлдем айнып, басқаша жайттарды өзінше көйткен. Неге?

ВПК-нің, әлде ОҚ-тің өкімі күшті бір шенеунігі: «Әй, ғалымсымақ, су ішіп отырған құдығыңа түкірме, ойлан!..» – дегенінен сескеніп, ғалымдық ғана емес, дәрігерлік борышына да сатқындық жасағаны анық...

Осы тұжырымның дәлеліне Анатолий Федоровичтің 1989 жылғы 19 шілдеде Семей конференциясын жабардағы сөзінен үзінді келтіремін:

*«Қымбатты семейліктер, обыр сырқатынан шетінегендердің есебі сіздерде өте-мөте дәйексіз жүргізілген, байқауымша, жергілікті дәрігерлер өздерінің міндетті ісіне жауапкершілік сезінбей, өлім туралы сараптамаларға жалған деректерді тіркеген. Сондықтан да онкодиспансердің есебі мен ЗАГС-тегі өлім туралы деректер өзара сәйкеспейді. Радиология институтының мамандары Семей қаласы мен облыс тұрғындарына радиацияның қалыптан тыс шоғырланған зиянды әсері ұзақ мерзімге созылғанын, осы төңіректе онкологиялық ауырулардың қауырт өршігенін нақты деректермен байланыстыра алмады. В.И. Степаненко ғана біздің экспедиция мұрағаттан суырған ескі есептерді қайыра сараптап, полигонмен іргелес аудандардағы халықтың онкологиялық ауыруларға шалдығуы одан алысырақ жерде қоныстанғандардан 2,5 есе көбейгенін анықтады. Бұл енді кімді болсын шошытатын сорақы дерек! (...) 1954 жылдан беріде обыр сырқаты Семей тұрғындары арасында өзімен іргелес Павлодар мен шалғайдағы Петропавл қалаларына қарағанда, үш есеге жуық көлемде зорайған. Тағы бір өрескел жайтты мәлімдеуге мәжбүрмін: Денсаулық сақтау министрінің құпия бұйрығымен Семей қаласында онкологиялық дерттің кенеттен өршу себебін зерттеуге соңғы жылдары тиым салынған. Неге? Бұл мәселе де жан-жақты тексерілуге тиіс...»*

Семей облысы тұрғындарының денсаулығын екі айға жуық уақыт зерттеген одақтық экспедицияны басқарған, сол істе білімпаздығын аңғартумен қоса парасатты болмысымен шынайы ғылым иесі екендігін көрсеткен А.Ф. Цыбтың конференция мінбесінен жергілікті дәрігерлерді аяусыз мінеген сөзін ұмытып, «Правда» бетінде алты айдан кейін өзгеше сарында





сайрауы түсініксіз құбылу. Анығында, өзіне жүктелген міндет пен парыздан бас тарту.

Сұхбаттың кіріспесінде Анатолий Федорович өзі басқарған экспедицияға Одақтың радиация саласының 50 шақты жетекші ғалымдары және жергілікті мамандардан 140 адам қатысқанын, ізденіске қоғамдық сипат беру үшін өртүрлі қауымдастық өкілдері мен «Невада-Семей» қозғалысының белсенді мүшелерін қатыстырғанын ескерткен. Сол мамандардың 1957 жылдан беріде жабық мұрағаттарда сақталған деректерді, Семейдегі 4-диспансердің материалдарын қайыра сүзгені де тегін емес. Яғни жарылыс ауада және жер бетінде жүрген алғашқы 14 жылда полигон төңірегіндегі халықтың 10 мыңы радиация сәулелерін өртүрлі мөлшерде алғанын анықтаған (Полигонға ұрымтал аймақта сол қарсаңда 85 мың адам тұрыпты).

*«Демек, сынақ алаңына ұрымтал мекендердегі тірі пенденің бәрі де зақымданды деген пікір жаңсақ. Біз шұқшия қараған құжаттарда әрбір 10 кісінің екеуі ғана (?) радиация шоғырына тап болған... – дейді Цыб газет тілшісіне түсіндірген жауабында (Сірә, радиолог ғалым сол деректі ескеруге болмайтын залал санайды). – 4-диспансер тексерген 10 мың адамның бәрі бірдей радиациямен зақымданбаған, солар қабылдаған сәуле шоғыры да бірдей емес, ала-құла, 2-ден 160 бэр шамасында. Ал, Семей облысының халқы жарылыс жер бетінде жүрген жылдарда небәрі 2 бэр сәуле қабылдаған. Әлбетте, сынақ жер астына түскен соң сол залал мүлдем жойылып, ауа да, жер де радиациядан тазарды...».* Цыб экспедициясы 10 мың дерттінің 1949 жылдан беріде, небәрі, 55 адамы обыр ауыруымен жер жастанғанын хаттамаға тіркепті. 824 науқастың осы күнге дейін тірі жүргенін де ескертеді. Ғалым 1949–1989 жылдар аралығында жергілікті КГБ жүйесінің талабымен облыстық денсаулық сақтау бөлімі аққан, обыр дертімен ауырғандар мен радиофобия салдарынан өзіне қол жұмсағандардың сырқаты ресми есептерде қасақана өзгертіліп тіркелгені туралы ләммим демейді. Яғни, былтырғы, Семейде өткен ғылыми жиынның хаттамасына жазылған, жергілікті дәрігерлердің шейіт болғандардың дерттері ресми актілерде бұрмалап көрсетілгенін өз сөзінде қынжыла сынағанын мүлдем ұмытқан.

Рас, 1949–1963 жылдар аралығында жер бетінде, ауада жасалған жарылыстардың семейліктер үшін аса қатерлі болғанын ол газет бетінде ішінара мойындайды. *«Алайда, арада өткен жылдар сол қатерді айтарлықтай бәсеңдетті. Обыр дертінің осы аймақта өршуі қазірде тоқтады. Радиациямен зақымданған ошақтар атымен жоқ. Енді мынадай дерекке*



назар салыңыз: Семей облысындағы әрбір жүз мың адамның 99-ы немесе 216-ы ғана ауыратынын біздің мамандар шұбәсіз анықтады; осы айғақты Кеңес Одағындағы әрбір жүз мың жан иесінің 235-і обыр дертіне шалдығатын санымен салғастырыңыз; осыдан-ақ Семей облысындағы онкологиялық ахуалдың көңтерімді екендігі түсінікті...» – дейді Анатолий Федорович.

Радиология институтының жетекшісі одан әрі: «Семей облысы мен оның төңірегіндегі қалалар мен аудандарда, Алматыда, Алтай өлкесінде соңғы жылдары өрбіген наразылықтың себебі неде?» – деген сауалға да түсінік беріпті. Сөйтсек, басты себеп – осы өңірдегі радиологиялық білімтанымның төмендігі, байыпты зерттеу жүрмей, жұрт арасында жолды болған үрейдің салдары-мыс. Сол себептен де: *«Алматыда осы саламен түбегейлі шұғылданатын Экологиялық және радиологиялық медицина институтын жедегабыл ашып, оның филиалын Семей қаласына орналастыру қажет. – дейді мәскеулік ғалым.*

– Біріншіден, бұл Ертіс атырабындағы жүздеген мың адамның денсаулығын тұрақты бақылауға, радиация туралы түсінікті кеңейтуге септігін тигізетін игі шара болады. Екіншіден, осы атыраптағы жұрт көп жылғы тарсылдан үрейге ұшыраған. Сол қатерді бірер жылда жою өте қиын. Тарсыл басылды-ақ құдықтағы су әлдеқайда жоғалып кетеді. Су ғана емес, тышқандар да... Соның бәрі осы өңірдегі тұрғындардың ұйқысын бұзып, *«Жарылысты тоқтат, қу жанымызға тыныштық бер, әскерді де әкет!..»* – деген жанайқайымен күллі халықтың ереуілге шығуына түрткі болуда. Мен семейліктердің ашу-ызасын қасында отырғандай түсінемін, заңды талап!..».

Қитұрқы сауалдарға қайтарылған ғылыми байсалды сияқтанған түсіндірменің түп мақсаты мейлінше айқын. А.Ф. Цыб сол гәпті мынадай көлгір сөздермен бүркеген: «Семей полигонындағы сынақты бірнеше есе азайтып, қуатын да кеміту қажет; тек мүлдем тоқтатуға болмайды; өйткені бұл – Отанымыздың қарулы қуатын нығайтудың бірден-бір амалы; жергілікті халықтың заңды талабын қанағаттандыру үшін оларға жыл сайын төлемақы беріп, ауыру тараған аймақтағы емдеу орындарын түбегейлі түрде оңдау қажет. Сөйтетін болсақ барлық проблема оп-оңай шешіледі...».

«Правда» тілшісімен сұхбат, әлбетте, сол үшін ұйымдастырылып, ВПК-нің сойылын соғу үшін жазылғаны да – көлемі едәуір, мәнді жауаптың әр сөйлемінде атойлап тұр.



Осы сұхбат КСРО Жоғары Кеңесінің көктемгі сессиясы ашылуға бір ай қалғанда жарияланған. Өйткені сол сессияда ядролық сынақтардың келешек тағдыры шешілмек. Депутаттар ортасынан «Союз» деп аталған топ құрылған. Оның бүркеулі міндеті – ВПК мүддесін қорғау, яғни Кеңес Одағының әскери қуатының күшеюіне аса мүдделі жанкүйерлер ынтымағы. Шығысқазақстандық депутаттар полковник Петрученко, дәрігер Васильева – сол одақтың сойылсоғар белсенділері. Ал, депутаттар корпусының К.Салықов пен Ю.Н. Щербак басқаратын экологиялық комитет соларға қарама-қарсы ниеттегілер. Сірә, қарама молырақ, белсенділігі де күштірек «Союз» тобы ВПК-мен өзара келісімге келіп, А.Ф. Цыбтың «сынақ алаңы да, төңірегі де радиациядан таза» деген «концепцияны» депутаттар санасына ғылыми деректермен сіңіріп, М.С. Горбачевті де сол пікірге жақтас етіп, Семей халқын ядролық сынақты қайыра бастауға қайткен күнде илктіру жобаланған...

Сүйсінерлік гөп: Одақтық газеттің «Семей полигоны. Аңыздар, лақаптар мен шындық» деп атаған, аты да, мәні де сорақы жарияланымының ғылыми дәйексіздігін ең алдымен әшкерелеуші – жетпіс жастың межесінен өлдеқашан асқан, зейнеткер атанған, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан ҒА-ның корреспондент-мүшесі, полигон шекарасына ұрымтал жердегі тұрғын халықтың денсаулығын өзі басқарған ғылыми-дәрігерлік экспедициямен 1957–1960 жылдары жан-жақты тексерген патолог ғалым, сол кезде-ақ шынайы білгірлік көрсеткен жанкүйер ұлт азаматы – Бақия Атшабаров.

Профессор А.Ф. Цыбтың тұжырымдарын теріске шығарған оның мақаласы небәрі 20 күннен кейін, «Невада-Семей» қозғалысы былтырдан бері шығара бастаған «Аманат» (орысша нұсқасы – «Избиратель») газетінің 1990 жылғы 4 наурыз күнгі санында екі тілде бірдей жарияланған.

Мәскеулік әріптесі Ертіс жағасындағы қалың елдің жапа шеккен ауыр жағдайдың өңін айналдырып, өзінше бопсалаған өтірігін әшкерелеу үшін Бақия Атшабарұлы дерек іздеп ақыл тауыспаған. Бұдан отыз жыл бұрын полигон төңірегіндегі ауыл-селоларда тұратын халықтың денсаулығын, баққан малы мен солардың өрісін сарыла жүріп мұқият тексерген экспедицияның 3940 парақ, яғни 12 том құраған еңбегін Өлкелік патология институтының жабық қорынан суырып, мәскеулік ғалымның нақ сол аймақты 1989 жылы қарамды топпен қайыра сүзіп, «екі ай бойы мұқият зерттедік,



бүлінген ештеңе жоқ, жарылыстардан туатын зардаптар жер астында бұқтырылады, ауа таза, жер жарасы жазылды...» – дегенге сайған, «Правда» газеті жариялаған сұхбатында мәністеп баяндаған ғылыми тұжырымын патолог зейнеткер өздері төрт жыл ұдайы сарыла жүріп, шүбәсіз анықтаған айғақтармен жоққа шығарған. Әрине, наразылық сарында жазылған жауаптың әрбір айғағы, ғылыми тұжырымы – бұлтартпас жайттардан туындаған. Жә, сонда ғылыми айғақты саяси өуенге тәуелді ету қаншалықты қажет, нәтижесінде сол бопса өмірлік шындықты белінен басып, ВПҚ-нің баз баяғы өз өміріне құлдық ұруға мәжбүрлейтін дағдысы. *«Ғажапты қараңыз, – дейді қазақ ғалымы. – 1961 жылғы емес, былтырғы, Семейде шақырылған ғылыми конференцияда жұрт алдында мінбеден көпшілікке жария еткен қортынды ойларын, мысалы, әрбір жаңа сынақ – бұл атырап үшін өте-мөте қауіпті дегенін мәскеулік ғалым-медик тарс «ұмытып», жарылыстарды бірнеше есе кеміген қуатпен әрі санын да сирете жасап, сақтық шараларын күшейтіп, жер астына тереңірек түсіп, бақылауды күшейтіп, баз баяғыдай жалғастыруға болады-мыс дейді. Өйткені бұл да бүгінгі таңда сол экспериментке ділгерлікпен, шындығын айтқанда, сынақтарды Отан қуатын әлуетті қалпында сақтауға қажеттіліктен туындап отыр-мыс»* (Ескерту парыз: сол жиынға профессор Б.Атшабаров әлдекімнің қастандығымен шақырылмаған).

Бақия Атшабарұлы мәскеулік әріптесіне газет арқылы жолдаған «Ашық хатында» өзі басқарған экспедицияның бірнеше жылғы зерттеуін әлденеше ай сарыла отырып қорытқан қазақстандық 62 ғалым 1990 жылы емес, бұдан отыз жыл бұрын 6 мыңға таяу далалықтарды мұқият қарап, солардың 60 пайызы радиация зардабын қылкеңірдектен тартқанын бадырайтып көрсеткен. Сондықтан да біздің тұжырым жұртшылыққа жария болмай, жабық қорға түсті. О күндегі талап қатаң еді, уақыт та мейірімсіз болатын. Иә, көзге түртіп тұрған тажалды жоқ дедік, ортақ Отанды қорғау мүддесі де солай дегізді. Мысалы, мен Компартия мүшесі ретінде, оған қоса республикадағы үлкен институттың директоры атанып, қарауымдағы бес жүзден астам ғылыми қызметкердің күнбе-күнгі ісіне жауапты болғандықтан, Мәскеуден түскен қатаң жарлыққа, аяқ-қолды тұмшалаған қатыбас өмірге бойсұнуға мәжбүр болдым. Ал қазір? Күллі қауым зарыға күткен кембағал уақыт туғанын жүрек ділімен сезінген соң, күні кешегі осалдығымды, үкімет талабына бас игенімді «ұмытып», жадым түбінде манаурап жатқан «өттегенайларлы» қайыра жаңғыртуға ден қойдым дейді қазақ ғалымы. Сол-ақ екен бір кезде көреген көзді тұмандатқан, көңілді



қарадай шошытқан айғақтар қағаз бетіне жарыса түсіп, А.Ф. Цыбтың дегбірін қашырап, өтірік көлгірсіген тұжырымдарын теріске шығарар ғылыми трактат небәрі бірер аптада өмірге келген.

Құрамында 190 маман бар одақтық ғылыми экспедиция «небәрі екі айда 40 мың адамның денсаулығын тексеріп, оған қоса 30 мың науқастың сырқаты туралы ескі құжаттарды екшедік...» деген анықтамаға Бақия Атшабарұлы «Ашық хатында» сенімсіздік жариялап, «Бұл енді естияр адам мысқылмен қарайтын нанымсыз дерек,.. – дейді де, өздерінің жүзден астам зерттеушіні қатыстырып, алты-жеті ай бойы жаз айларында, үш жыл жүріп, бір жыл бойы нәтижесі қорытылған ұзақ ізденісте қазақстандық экспедицияның үш ауданның (қосымша тексерілген полигоннан қашығырақ және үш ауданның) небәрі 5592 адамын ғана дәрігерлік бақылаудан өткізгенін ескертеді.

Патолог ғалым осы трактатында 4 түрлі кесте келтірген. Соның екеуінде мынандай деректер бар: медицина ғылымына жаңа дерттің атауы ретінде қолданысқа өзі енгізген, қыр елінде полигон зардабынан өрбіген жаңа ауырудың танымал белгісін даралап, «Қайнар синдромы» деп атаған, радиация бөлшектері туғызатын дерт бойынша, Абай ауданының тұрғындары мол үш мекендерінен 1375 адамды ғана мұқият тексеріп, солардың Қайнарда – 46,7; Саржалда – 53,6; Қарауылда – 38,4 пайызы осы ауыруға шалдыққанын шүбәсіз анықтаған; ал, тексерме есеп үшін таңдалған Баршатас елді мекенінің (Шұбартау ауданы) 486 адамының 26,3 пайызы, Қарағанды облысының Ұлытау ауданында 572 адамынан 8,6 пайызында ғана «Қайнар синдромының» болмашы белгілерін тапқан. 1959 жылғы тексеру нәтижелері де осындай: Қайнар мен Саржал ауылдарынан 724 адамын екінші мәрте тексергенде, солардың 54,9 және 57,4 пайызы «Қайнар синдромымен» ауыратынын анықтаған. Ал, Баянауыл ауданының Шадыра аулындағы 414 тұрғынның 14,9 пайызынан ғана әлгі сырқаттың танымал белгілерін тапқан.

Бұл енді көрсоқыр адамды да көзге шұқып мойындатар сорақы айғақтар!..

Осы трактатында емес, кейініректе жариялаған ғылыми кітабында профессор Б.Атшабаров радиация зардабынан өрбитін ауыруды «Қайнар синдромы» деп даралап атаған ғылыми жаңалығын әріптесі С.Б. Балмұханов мәскеулік академик А.В. Лебединскийге жағымпаздықпен «байлап», «Қайнар құпиясы» деп өзінше өзгертіп жұртқа таратқанына наразылық білдіріп, соған байланысты сорақы құбылтулар жасағанын да нақты деректермен өшкерелеген...



Бақия Атшабарұлы «Ашық хатында» профессор Цыб басқарған экспедиция Семейдегі 4-диспансер есепке алған 10 мың науқастың 55-і ғана қайтыс болғанын мәлімдеп, обыр дертіне ұшырады деген 824 науқастың бертіндегі тағдыры туралы ештеңе демегенін, сол байғұстардың тұрғын мекенін, жасын, жынысын, сырқатын бұлдыратып атағанына да сенімсіздік байқатады. Соны айта келіп, ол обыр дертінен марқұм болғандардың саны осы ауылдарда бұдан бірнеше есе көп дейді.

Зейнеткер профессор осы хатында өзін ерекше таңдандырған кейбір жайттарды ашына сөз еткен. Радиология институтының директоры ғылыми айғақтарды теріске шығарған биылғы әрекетімен аға әріптесі, Мәскеудегі Биофизика институтының жетекшісі, академик А.В. Лебединскийдің 1961 жылы Гиппократ антын тарс ұмытып, жарылыстар дертті еткен сырқаттарды қасақана көрмеген, көзге түртіп тұрған себебін де көпе-көрінеу басқаша түсіндірген дәрекі қылығын қайталады дейді де, өзі қиялмен топшылаған «тұжырымын» мемлекет саясатына бейімдегеніне таңғалып, наразылық білдіреді.

\* \* \*

1961 жылғы 27 алматылық ғалым төрт жылғы ізденісте өздері іздеп тапқан, солардың дұрыстығына шүбәсіз иланған 19 баяндамамен Мәскеуге барғанын, ғылыми талқылау қызу жүргенін де мен көлемі 120 бет конференция хаттамасы бойынша сол тарауда тәптіштеп баяндағанмын. Ал, қазір? Сол тарауда бүге-шігесін әдейі ашпай, шерлі хикаятымның соңына сақтаған, әрине, себепсіз емес, конференцияның үшінші күні қазақстандық зерттеушілер есінен таңа жаздап, таяз қайранда тоқтап қалған кемедей шарасыздыққа кездесіп, не істерін білмей, бір-біріне қымсына қаратқан төтенше оқиғаға тап болғаны туралы сөз етемін...

Сайым БАЛМҰХАНОВ, 1961 жылғы конференция хаттамасының 116-беті:

*«Радиациямен зақымданған аудандар мен одан таза ауылдар тұрғындарын экспедиция мамандары тексерген кезде сол аймақтағы адамдар организміндегі «С» және «В» дәрумендерінің ерекше азаңдығы бірдей болып шықты. Осы жайтқа біз ұзақ ойланып, ақыр аяғында кейбір ауданға сәуле дозасы көбірек тарап, Дала тұрғындарын жаппай зақымдап, табиғаты беймәлім ауыру түрлері содан өршиді деген болжауымыз мүлдем қате екенін білдік. Демек, «Қайнар синдромының» ерекше өршуіне*



ядролық жарылыстардың ешқандай қатысы жоқ. (...) Біздің клиникада ашқанымыз, сөйтсек, өлкелік патологияға тән құбылыс. Сондықтан да біз тексерген аймақта тыңнан өршіген ауырулар радиацияның залалды әсері деген тұжырымды түбірімен өзгертіп, сырқатқа шалдыққандардың ерекше көбейген себебін сол байғұстардың тұрмыс күйтінің жүдеулігінен іздеу қажет. Олардың дерттері – жергілікті жағдайдан өршіген, яғни дала тұрғындары қорек еткен тамақтың әлсіздігі, нақтырақ айтқанда, дәрумендердің жетімсіздігі...».

Демек, С.Б. Балмұханов Биофизика институты мен полигон дәрігерлерінің 1949 жылдан бері ойдан шығарған «ертегісін», жергілікті өкімет адамдарына ғылыми түсінік ретінде таратқан ақпарын қаз қалпында қайталаған. Сол сөзімен ол қазақстандық өріптестерінің, яғни өзінің де тыным көрмей, қыр елін кезіп, қыруар бейнет тарта жүріп, зерттеумен анықтаған жаңа дерттердің себеп-салдарын жоққа шығарған. Сайым Балуанұлы сол күнгі тосын мәлімдемесінің соңында: *«Экспедиция мүшелері үш жыл бойғы тексерісте өздерінің кереғар тұжырымын бекітетін айғақтарды ғана іздеді, жергілікті халықты біз жаппай тексергеніміз жоқ...»* – деген де мәлімдеме жасаған.

Бақия АТШАБАРОВ, «Семей полигоны туралы адасулар...» кітабының 69-бет:

*«Сайым Балуанұлы Мәскеулік конференцияда кенеттен жария еткен оғаш пікірін әскери медиктердің ойдан шығарған ежелгі бопсасын қолдау мақсатымен айтқан. Сөйтіп, ол Өлкелік патология институтының ұжымы бірауыздан мақұлдаған пікірді тәрк етіп, әскери-өндірістік кешеннің солақай пиғылына бізді жығынды етті. Сөйтуге оның ресми де, азаматтық та қақысы жоқ-ты. Сол қарсаңда ол Патология институтының директорының, яғни менің ресми орынбасарым болатын. Ол өзі экспедиция құрамында болған жылдарда және соған дейін де ұстанған ғылыми концепциядан жата танып, полигон төңірегіндегі халық радиация залалынан зардап шегіп, әртүрлі сырқаттарға ұшырады деген әріптестерінің пікірін Мәскеудегі конференция мінбесінен ешбір қымсынбай теріске шығарды.*

*Ең гажабы, 1990 жылы жариялаған «Ядролық полигон менің көзіммен» деп атаған еңбегінде ол түсінікті себеппен сол сатқындығы туралы ләм-мим демей, мүлдем басқаша сайраған...»*



\* \* \*

Бақия АТШАБАРОВ, «Адасулар, өтірік және ақиқат», «Радиацияның генетикалық әсері туралы ғылымға жалған бопсалар» тарауынан (90–114-бб.):

*«Генетикалық мутацияның зиянды зардабын дүйім елге таратушылар (С.Балмұханов, К.Бозтаев, И.Часников және басқалар) кітаптарында немесе баспасөзде жариялаған толғамдарында ғылыми дәлелденбеген, өздері ойдан шығарған жантүршігерлік қатерді күллі Қазақстанға әйгіледі. Олардың шамалауынша, сәуле ауыруы бір ұрпақпен үзілмейді, баласынан немересіне, одан шөбересіне, бәлкім содан да кейінгі ұрпақтарына қан, иә ұрық арқылы тарап, келешекте миы кішірейген, ақыл-есі кеміген тұқымды дүниеге келтіреді-міс. Осы тұжырымның бәрі де ойдан шығарылған, ғылыми негізі жоқ фантастикалық әдебиеттен суырылған өтірік болжамдар.*

*...Шынтуайтын айтқанда... мен сәуле ауыруы ұрпақтан ұрпаққа таралады деген жаңсақ концепцияны кім айтса да, ғылыми жөнінен сауатсыз ұйғарым деймін. Сол дертке шалдыққан біздің халық үшін де жуса кетпейтін жала әрі жүрегіне қадалған қанжар деп есептеймін. Сол себепті даңққұмар пенделердің ойлап тапқан жаласынан, яғни радиация залалы тұқым қуалайды деген концепциядан тезірек арылуымыз керек!..»*

\* \* \*

Аңдауымша, 1949 жылдан беріде туған жұртының «тәжірибе көжегі» болған дәрменсіз халіне жәрдем беруді ойлап, шынайы һәм рухани ділгерлікпен бастаған ісін тарихи жаңғырту үшін Бақия Атшабарұлы сексен жастың өріне таяған кексе жасына қарамай, Өлкелік патология институтының мұрағатын қайыра ақтарып, жоғарыда біз сан мәрте үзінді келтірген «Семей полигоны туралы адасулар, өтірік және ақиқат» кітабын жазуға кіріскен. Сол еңбек 2002 жылы орыс тілінде жарық көріп, тарихи еңбектің авторлығы өз иесіне қайтарылды (Өлбетте, оны Кешірім Бозтайұлы оқыған жоқ, 1999 жылы өкпесін шалған обыр дертінен небәрі екі ай ауырып, бір өкпесін алдыртса да сеп болмай өмірден озды).

Думан АНАШ, «Егемен Қазақстан», «Бейбітшілік бітімгері», 3.09.2015 ж.:

*«Жапондық қонақтар Семей қаласындағы мемлекеттік медицина академиясының базасында өткен профессор Б.Атшабаровтың қажырлы*





еңбегін еске алуға арналған, «Экология. Радиация. Денсаулық» атты XI халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысты. (...) Осы ғалымның өткен ғасырдың орта шенінде экспедициялық зерттеумен анықтаған еңбектері қазіргі замандағы онкологтарға радиациядан өрбитін ауырулар түрлерінің өсу, иә азаю деңгейін салыстыруға таптырмас құнды еңбек болып отыр. 1957–1959 жылдарғы ғылыми тұңғыш экспедиция қапысыз анықтаған деректер, әсіресе, медицина іліміне тыңнан енгізген «Қайнар синдромы» сырқатының таралу көлемін анықтауға септігін тигізуде. Шындығында, Атшабаров тыңнан салған сара жолды осы өңірдегі шәкірттері жалғастырып, сәулелену залдарынан адам ағзасында өрбитін дертті қатесіз анықтап, емдеу шараларын тездетіп қолданатыны жайында, сол іске лайықталған жаңа аппаратуралар да жәрдемдесетініне бірнеше хабарлама, баяндамалар әзірлеген (...) Осы жиынға арнайы қатысқан Жапонияның Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Камохара Масасидің айтуынша, ядролық бомбалау мен ұзақ жылғы ядролық сынақтардан зардап шеккен екі халықтың мұңы да, қайғы-қасіреті де ортақ. Осы жайт жапон мен қазақ халқын өзара жақындатты. Жапония үкіметі соңғы жиырма жылда Семей өңіріне күллі әлем қауымдастығының бәрінен де бұрын көмектесіп, 10 миллион АҚШ доллары көлемінде жәрдем берді. Өздері игерген озық емдеу техникаларымен бөлісті...»

Б.А. Атшабаров өткен ғасырдың 60-жылдарында дәрігерлік парызын өтеу мақсатымен кіріскен тың іс – радиация залалын кешенді түрде ұзақ зерттеп, Дала тұрғындарын жаппай шалған жаңа ауыруды шүбәсіз анықтап, «Қайнар синдромы» деп даралаған дертті сырт белгілері бойынша даралап, сүйсінбеске амалың қанша, сол еңбегі ғасырдың аяқ шенінде, одан соң үшінші мыңжылдықтың басында-ақ көшелі іске айналып, зерттеу нәтижелерін қорытындылайтын ғылыми конференциялар әрдайым Семейде өтетін болды. Ғажапты қараңыз: сол жиындардың 11-ші басқосуы Семей Медицина академиясында 2015 жылдың күзінде шақырылған. Демек Бақия Атшабарұлы бұдан алпыс жыл бұрын көрегендікпен ашқан ғылыми жаңалығы қырық жылға кешігіп, әлбетте, бұл өкінішті жағдаят, енді, міне, туған халқын сол дерттен тезірек сауықтыруға қызмет етуде...



# АЙГҮЛ КЕМЕЛБАЕВА

(1965 жылы туған)



## ТОБЫЛҒЫСАЙ (әңгіме)

Алты ай жаз нұрлы күн көктен сәулесін төккенде демінен гүл аңқиды. Нәресте жер жүзін анасындай аймалап, жарылқап тастайды. Бұлыңғыр қыста өңі алтындай салқын өмірші күн жерді тіпті өгейсітіп, мұз қабағын ашпай тұнжырайтты. Уақыт күнді оздырады әлде Күн уақытты қозғайды, бәлкім бұл екі ұғымды бір-бірінен бөле жарып, ажыратып алу мүмкін емес. Қарашадан сәуірге дейінгі тоңмойын, жатбауыр мінезінен күн жасарғасын ерекше ұялатын сыңайлы. Мамыр айында қылтанақ шөп басы ұзарса, көңілі сынық өлкенің тоңы жібігені. Жер мен көктің пейілі толысады, араздығы тарқаса дүние қайыра думандайды. Адам ұлы игілігін еңбектен іздейді сонда.

Терең сайлардың қалың шөбін шауып алуды кәсіп қылған Бижан ашасы мен шалғысын мотоциклдің бүйіріне қайқайта байлап алып әкеледі. Ол мотоциклмен дүрілдеп келіп, айдаланы жаңғырықтырып тоқтаған сәтте төңірек тегіс тына қалады. Беймәлім ұлы дене адам ұланын күтіп жатқандай, көзінің астымен әр қимылын бағып, бұға қалғанға ұқсайды. Көзге мұқтаж емес, бірақ көреді, одан таса жер жоқ. Көгәл иісі бұрқырап, жаңбырдан соңғы ауа иісіндей үнемі жұпар аңқиды. Шырайы жалқын биік күн аспанда балқып жатады. Адам ұланының дамылдап, жүрегімен тағзым қылған тамыр соғуына үндес келсе, алаңсыз табиғат жаны елжіреп, қайта мүлгиді. Ауасы балдай даланың шегірткесі шырылдауық, құсы сайрауық болған соң, ұлы дене һәм сергек, қауіпшіл, һәм кінәмшіл қарауыл екенін ұғыну қиын емес. Табиғатты меңіреу деп қабылдау адасқанды жарға жығады. Құлағы түрік, сақ,



күдіретті қарауыл. Осыны сезгесін Бижан елегізіп, өрнеге елендей құлақ тігеді. Сондайда көкек шақырады сайдан. Бірақ оның көңілінде қорқыныш, үрку жоқ. Өйткені уызы кеппеген мынау момақан тыныштықтың астарында асқан мейірім құпия сырдай, тұңғыық судай тұнып тұрғаны.

Күміс шалғы сыр-сыр етсе, шөп біркелкі тегіс құлап, бір жаққа жапырылып қалғаны. Бижан білегінің бұлшық еттері ойнап, бұлтылдап кетеді, арқасы шымырлап желпінеді. Сол екпінмен қарыштап ұзақ жүреді. Айнала сүттей ұйып, арайлы дүние жарқырап жатады. Әр жерге шөмелелеп пішен үйіледі, арасында неше түрлі гүлдер қоса оталады. Шабынды гүлдер тез солады. Бижан шалғысын құлаштай сермеп, адымдай алға ұмтылғанда маса ызындап, белуардан жалаңаш денесіне бармақтай көк бас шыбын масайып кеп соқтығады. Содан күн төбеде арқан бойы биіктегенде ол тамағы құрғағасын, жас пішеннің шетінде жайғасып, дәм оралған дорбасын ашты. Ішінен ет пен бауырсақ, қияр мен сөбіз алып жеп әлденіп, сусынға айран жұтты.

Қайыңы сыңсыған шоқтоғайдан ақшұбар балапан қаршыға жебедей самғап көрінді. Құс баласында әдемісі төбесіне төж таққан көкек, жұрт дақырттап жаман атаса да өзінше бір кербез. Тоғайдың әр тұсында су ішуге айналып соғатын аңдардың ізі сайрап жатады.

Сай-саланың тотияйындай көк, шүйгін шөбі қыстың боранында ірі қараның ең құнарлы азығы. Екпе шөп ылғи көде, тікені сояудай дәмсіз, малдың таңдайына татымайды.

Жас пішенді кептіріп әкеліп, шөп қораға үйіп толтырғанда, тау мен даланың керім хош иісі бұрқырап мұрын жарады. Әдетте адамзат мекендеген жерден сап тиылып, мүлде жоғалатын табиғи хош иіс. Ауладағы көң мен бау-бақша иісіне еті өліп кеткен ит пен мысық, тіпті тауық екеш тауық сары үрпек балапандарын соңынан шұбатып жас пішенге үймелей қалатынын қайтерсің. Балапан қораздары қызыл айдары желкілдеп, шибилері безбеңдеп жалғас қораның төбесінен секіріп түседі. Үлкен өтеш ұшып жеткенде әлдебір ұлы сағынышқа елтіп, дарқан даланың қасиетті түгіне аунап-қунайтын тәрізденеді. Себебі, табиғат анасына адамнан гөрі жануарлар мен жәндіктер жақын.

Бижаннан өзге шалғыншылар бұл өңірде аз емес. Ел техника шабатын сатулы шөпті місе тұтпайды, қайраты барлар қимылдап үлгереді.

Кеше Балпақсайда кездескен, баласымен бірге шөп шауып жүрген Бекет аға шабындық жерге таласқан жоқ. Түптеп келсе, бұл жайлау Бижанның арғы ата-бабасы көшіп-қонған, өз кіндік қаны тамған туған жері. Қара орманын ұрпағынан қызғанғанды Құдай қаламас.



Ауылдың еңкейген қариясы ақшам намазға жығылған мезгіл. Күн тау басынан асып барып, тайғанап, ұясына батуына таяқ тастам қалғанмен маңғаз. Сол азамат Бижанның анасы Тоқташ шөпке жиналған ұлына, «Балам, ертең де таң атып, күн шығады шығыстан, бүгінше барма», – деп, тоқтау салып көріп еді. Ақыл сөзге ұлы құлақ аспады. Баласы алмас кездікше лыпылдап кететін тыз етпе мінезіне бақты. Пішенді тиеп қайта оралғанша бар-жоғы екі сағат уақыт өтеді, іңір әбден түскенше, бұйырса, үйге қайтып ораламын деп Бижан анасын сендірді. Каникулда бір тыным жоқ, күз басталса оқу, әбден шаршап жүр деп анасы уайымдап қалды.

Бижан шопыр ағайыннан бортты машина сұрап алған, сәті түскенде соны пайдаланып, шөбін жеткізе қоймақшы. Ұзамай Бижан ескі машинаға отырып, тау ішіндегі жолмен кетті. Ауылдан ұзай бергенде түлкі қашқандай бұраңдаған тар жолда ат арбаға көк тірегендей ырғалып шөп тиеген Сапай қарсы кездесті. Бижан кабинадан басын шығарып, бас изеп амандасқан соң: «Жолдан былай түр!» – деп өмір етті. Анау ақсия күліп, атын қақпайлап, машинаға ығысып жол берді.

Бижан шеткі пішенді Балпақсайдан тиеп алды, онысы бұйым болмай, борттың ширегі де толмады. Кісидегінің кілті аспанда дейді. Өзі көлікті арнайы сұрап алған соң, шаруаны біржолата тындырмаққа ниеті ауды. Тәуекел деп, ары қарай Қарақұрман деген алты шақырым қашық жерге тартты. Өзі де өндіріп, тәуір шапқан екен. Қалың шалғынды тиеп біткенше, кезеңнен асып, қызара-сұрлана күн баты. Көз байланды. Сосын ол апыл-ғұпыл шөп тиеді. Қайтар жолда Кітапбай деген қыстақтан өткенде, тау ішінде өрге шығатын кезде бензині таусылғаны. Армияда жүргізуші болған ол түсе қалып, шұқылап бензонасосы істеткесін тағы да алға екі шақырым озды. Даланы түн салбырай басқанда, шарқыш машина итшілеп барып үні өшті. Бижан әлгі әдіске салып, тағы біраз жер өндірді. Үш деген санда кие мен қатер қоса жүреді, үшінші мәрте бензин мүлде азайғаны білінді, бензонасосқа мүлде жетпеді. Машина темір денесімен ауыр ырғалып, артқа шегіне табандап барып, биік сайда тоқтады. Бижан амалсыз мойынсұнып, жер шолды. Ауылдан өзін бес-алты шақырым қашықтықта тұрмын деп кесті. Ол қолына аша ұстап, бағдарлап көрмекке, таяу болса, ауылдың желкесінде орналасқан қыстақ – Ақтасқа жаяу түспекке бел байлады.

Аспанда ай жоқ, өлара. Түн көзге түртсе көргісіз тастай қараңғы. Бижан алға қарай үш жүз метрдей жүрген соң, сайдың аузындағы тобылғыға іліккенде, көк желкесі тартып, төбе құйқасы шымырлап қоя берді. Бір



нәрсе арқадан басқандай, тапжылмай, қалт тоқтай қалған. Ішкі үнге жан бітіп: «Ары қарай аттап аяқ баспа, құрисиың, жүрме, барма!» дегендей бұйырып, ауыр түйсік қамады. Ертең күн шыққанда, ел «Пәленбайды сүйтіп кетіпті» десіп, жаманат хабардан қапыда шулап қалар. Көңілінде суық сезім пайда болды. Сақтықта қорлық жоқ. Бижан жастығын ақылға билетіп, не де болса, машинада таңды атырайынға көніп, келген ізімен кері қайтты.

Қайта бұрылғанда, жаңа келген жолы екі есе ұзарып кетті, бітетін емес. Қалдырып кеткен машинасының сұлбасы көрінер емес. Тау басы қара-құра. Өзер жеткесін кабинаға кіріп жайғасты. Күндізгі ыстыққа алданып, бір қабат жұқа жейдемен отыр. Енді суықтан тоңып, орындықтан одеял тауып жамылды.

Машинаның оң жақ есігі жабылмайды, әрі шынысы жоқ. Қаусап тұр шиқылдап, түртіп қалсаң саудырап кетуге дайын. Бижан түнгі бірдің ұйқысына шомып, жарты сағаттай қалғып кетіпті. Сол кезде аяқ астынан ысқырынып жел пайда болды. Жел машинаның астына келіп, екпіндей кіргенде, бортында сулы шөп тиеулі ауыр салмақты дауылдағы қайық құрлы көрмей қатты теңсеп жіберді. Ол селк етіп, оқыс оянды. Сол азамат желдің қуатын байқап үлгерді. Ерні күбірлеп, бисмиллаға басты. Жапанда адасқан, жалғызсыраған жолаушыға, ұйықтап қалған адамның маңына жын-пері үйір деген сөз ойына оралып, қырғидай шүйілді. «Астафыралла» деп айтқан жерде пәле жоқ! Аузын жиып үлгермеді, әлгі тентек жел сап тыйылды. Қалай жылдам пайда болса, солай тез жоғалғаны ғаламат. Бұл фәниде адам баласының шектеулі ақыл-ойына сыймайтын сан алуан тылсым жайттар кездеседі.

Бижан енді ұйықтауға болмайды деп ұйғарды. Түн күзетпесе, сақтанбаса қиын. Ұйқы аңдыған жауша шапқалы тұр. Бірақ ол сергек болуға бекініп, басын сүйеп, сәл қисайып отыр. Түн, жарықтық, қоюланған сыйын саңырау құр төрізді мүлгиді. Жел әбден басылған соң, бұл не өзі деп байыз таппай кабинадан жерге түсті. Артқы дөңгелектің тұсында зорайып бірдеңе қарауытты. Біреу бұқпалап, таяп қалғандай жүрегі су етті. Бижан жалт бұрылып, ыршып кабинаға қайта тығылды. Алайда басы сол жаққа қарағыштай берген соң, жүрексіңсе де, тексеріп көрмекке жерге түсті.

Айсыздықтың зары мұнша өтер ме? Қозғалмайтын сияқты. Қасына барып, аяғымен теуіп көрсе, домалап келген дәу қаңбақ екен. Кетпектей үлкен, тікенді қалың қаңбақ. Басында айнала қараған да жоқ болатын, енді мүлде бөтен жер сияқты жер бедері құбылып кеткен. Түн тұнжыраған



сайын, қара-құра көбейіп, бұқпалай, еңтіге жеткендей әсер қалдырды. Басында көз шырымын алмаққа қолайлы орын іздегенде, көк шөптің арасын үңгіп, сонда жұмсақ жастанып ұйықтасам ба, әлде кабинада қалғысам ба деп, таңдаған еді. Капот аласа болған соң қасқырдан сескенді, әрі құрғап үлгермеген дымқыл шөпке жатуды лайық көрмеген. Енді ұйқы мүлде қашты. «Асыққан шайтан ісі» дегенді осындайда айтқан екен. Түннің өтуі тасбақаның қыбыры тәрізді тым баяу. Бижан таңды көзімен атырмақшы, сол үшін де ол тек жағымды, сабырлы ойларға ерік берді. Үрейге бір бой алдырсаң, сайқалдығы есіл-дертіңді қаузап, билеп-төстеп әкететін қызыл-көз пәле. Жаз өзір ауа қоятын түрі көрінбесе де, білінер-білінбес ерте күзден нышан бар сияқты. Алтын күзде тау арасындағы орман сары бояуға малынады. Қайың жапырағы күнге шағылысып жалт-жұлт етіп, сап-сары болып төгіліп тұрады. Бірі ұзын, бірі қысқа қаз-қатар өскен қайыңдардың кей тұсы жасыл, ал ерте сарғайғаны қазының майындай мөлдіреп тұрғаны. Тау бетінде түп-түп болып өскен шөп тегіс сарғаяды, соның сарғылтым реңінде қайыңды тоғай күн нұрына шағылысса, ар жағында тау қарауытады. Сонда лимон қабығы тәрізді сары түс тұнып, табиғатты көркемдеп, күз бояуын тереңдетіп, асқақтандырып жібереді. Тау іші терең, жел тимейтін болған соң қайың жапырағы мықты болады, құрағанмен оңайлықпен шашылып қалмай ерте көктемге дейін жетеді.

Тоғайдың әр жерінде ерте сидиып, таздың басындай тақырайып, жапырағынан жүрдай болып айырылатын талшілік. Күзде шөп құрғақ, аунап жатып аспанға қарайсың. Бұлттар көгеріп, баяу жылжып көшкенде тірліктің баянсыздығын уағыздайтын тәрізді. Сонда көк жүзіне үміттене қарасаң, екі көзің шырақтай жанады. Ол – жаныңда тұтанған от-жалынның сәулесі. Дүние жалғанның баяу ғана бұлтпен бірге үдере көшіп бара жатқаны тіптен теріс еместей, жұбаныш ой қылаңдайды. Жастық дәурен ажалды қайдан мойындай қойсын! Өйткені бүйірде тау, етекте тоғай қоршағанда ауаға жылға мен көлдерден, үңгірлер мен сай-саладан тараған хош иіс көкіректегі бүркеншік тәтті арманды түртіп оятады. Сонда ажал адамды әбжыландай арбауға шамасы жетпей адыра қалғаны. Адам баласы өмірге дән риза пейілмен, жасаған Алласын бір есіне алып, еркінен тыс «Я, Алла, менің емес, сенің дегенің болсын, тәубе», – деп сиынғанын өзі де аңдамай қалады.

Сол күз салтанаты әлі алда. Студент болғалы Бижан сол бір күз суретін қалада аңсап, өлердей сағынады. Ол үшін дүниеде өз ауылынан әдемі жер жоқ.



Шөп шабудың қызығы мен хикметі көп, бейнетсіз зейнет жоқ, – деп, өткенді есіне алды Бижан. – Шабындыққа сапар қауіп-қатерсіз болмайтын. Биік таудан ешкі соқпақпен мотоциклмен тігінен түсіп жүрдім. Тау бетін су айғыздап сызып тастайды, жіңішке жыра қиялай бұралаңдап, төмен құлдилаиды. Жыраны қуалай тік түсу аса қиын да емес, бірақ қашанда көз қорқақ. Артымда мінгескен нағашымның ұлы Алдан бірде қаймығып, құлап кетем, «Ойбай!» – деп, қара жаяулап түскені есімде. Құдайсыз қурай да сынбайды.

Қазекең жер аттарына ыждаһатты. Шетінен ырғақты, мағыналы, құлаққа жағымды келеді: Аюбай, Жәнәпия, Кітапбай, Мергентас, Қабанатқан, Ешкіөлген, Жынтас, Байбол, Алтышал деген жерде сонда жалғыз кемпір болмағаны ма?! Нағыз жер жаннаты өзі. Кемпір атаулы ешқайда ауып кетпеген болар, әлде ажал ертерек шеңгелін салып жұтқасын, кемпірлерінің артында сопиып алты шал қалды ма екен? Жұмбақ. Білсе, жер атауының маңызын көне көз шалдар білуі мүмкін. Нағашы атамнан түбірімен сұрап алмаған екенмін, неткен ағаттық. Мамам айтпаушы ма еді, өні бар деп:

Бір күнде жер шоқтығы Қызылағаш,  
Бұл күнде, уа, дариға, жап-жалаңаш.

Үйдегілер екі көзі төрт болып, зарыға күтіп отыр ғой мені. Қайтейін енді, аманшылық болса үйге де жетермін. Мамам уайымдап, шошынып, қараңғыда іздеп шыға ма, Алла біледі.

Бір күнде жер шоқтығы Қызылағаш,  
Бұл күнде, уа, дариға, жап-жалаңаш.

Менің бала кезімде ауыл маңындағы өзендер тым терең еді. Полигондағы мыңдаған жарылыстардың кесірінен су жерастымен ағып жоғалып, дала құрғап, жүдеулік пайда болды. Өскерде жүргенде неміс жерінің орманы көптігіне қызығатын едім. Тау бетінде қаптаған қарағай өседі, сондықтан тау-тасына дейін орман. Біздің даламыз азып-тозып, кеуіп барады. Орманы молайса он жылда орта өзгеріп, жұмсарып, өңейері сөзсіз. Табиғаты сұлу елдің адамдары көрікті.

Бұрындары нағашы атам Оразхан, нағашы ағам Жеңісқазы, оның үлкен ұлымен бөріміз қосылып шөп шабатынбыз. Қайтарда Ақымжанның



желкесінен қараған шөпті шауып алмақ болып бөгелдік. Мақажанның көпірінен өткен соң:

– Алдан, біз машинаға ілеспей, бөлек жолмен кетейік, ауылға кім бірінші жетеді екен? – деді. Мотоциклмен жұлдыздай ақтық, ол болса, ал құйындат-құйындат деп, жел беріп қояды. Алдағы тік дөң алды сай, екі жағы жартас, біз зу етіп жоғары өрлегенде бір-ақ көрдік, жол үстінде жусап көп сиыр жатыр. Қырсыққанда алабел біреуі көлденеңдеп қара жолдың дәл аузында күйіс қайырып жайынша тұр. Құстай ұшқан мотоциклді қапелімде тоқтатпақ түгілі, оның жылдамдығын бөсеңдетуге мұрша болмай қалды. Егер екпіндеп келіп сиырды белден қақсаң өзің қалпақтай ұшасың. Мойның үзіле ме, сүйегің сына ма, оны бір Алла біледі. Жануарға обал, өзіңе қатер. Былай жүрсең арба сынады, олай жүрсең өгіз өледі дегеннен сорақы. Мотор үнін өшіріп жібердім, өзім рульге жабысып жаттым. Алданға «Бұқ енді!» – деп, өмір еттім. Адам миы қас-қағым сәтте көп сырды аңдап, өз пайдасына пайымдап үлгереді деп бұрын кім ойлапты. Не де болса, өуке тұсты көздедім. Мотоцикл сиырдың дәл тамағы астына іліккенде, жануар әдейі істегендей, басын кекжең еткізіп көтеріп қалды. Екеуміз оқша зулап келіп, төніп тұрған қауіп-қатерден дым болмағандай аманесен өте шықтық. Егер сор айдағанда, сиыр басын шайқап қалса, мүйізіне шаншылып қалардай оқыс көрінгені рас. Алла құтқарғанда, сиырдың салбыраған өукесін жалап, құтылдық. Мен сол жолы қаршыға құстай кезеген ептілік таныттым, шүйіліп келіп, сытылып үлгердім. Артынша дамылдап қарасақ, сиыр бізден, тіпті, үріккен жоқ, маңғаз қалпы, сол бойы қозғалмапты.

Әне бір жазда шөп шабамын деп жазатайым мерт бола жаздағаным бар. Жиен інім Қайратты ертіп тоғай барып, шалғыға сапқа жарайтын ағаш кесіп алмақ едім. Қонышымда пышағым байлаулы, пышқыны<sup>1</sup> Қайратқа ұстаттым. Тегіс жол көгалға түскенде ұқыр-шұқыр екен, соған алдыңғы дөңгелек келіп тірелгенде мотоцикл қопаң ете түсті. Қаңылтақтай он жасар балада не салмақ бар. Қайрат шошаң етіп иығыма қарай шығып кетті.

Сөйтсем, ол пышқының жүзін үстіне қаратып ұстап отырыпты, оның балалық аңғалдығынан қапы қала жаздаппыз. Оң көзімнің қиығымен оқыс шалып қалғаным, пышқы қиғаш жүзімен тамағымнан орып жіберуге өзірейілдей таяп келе жатыр екен. Басымды жұлып алып, шалқайта қалғанда пышқы қылтамақ астынан өте шықты.

<sup>1</sup> Пышқы – кішкене пышақ.





Тоқтаған соң, бауырымды ашумен тілдеп салдым, пышқының жүзін төмен қаратып ұста деп едім ғой саған, егер байқаусызда мені бауыздап салсаң қайтер едің? Тамағым тілініп, қан судай ақса қайтер едің ақымақ? – десем, Қайрат, балалығы ғой, «Онда мен тоғайға қашып кетем», – дейді.

Елсізде, көрдей қараңғы жапан түзде жалғыз түнеген жігіттің жүрегінің түгі бар. Түлен түртіп, жын-сайтан туралы жаман ой иектеп шопытпасы үшін Бижан естелік жалына жармасқаны рас. Арғымақтай ағызып ақ таң атса деп тіледі. Өзі әулиеге сыйынып, күбірлеп қояды.

Түнгі үш жарым мезгілі деген шамада таудың беті жарқ етті де жоқ болды. Келесі сәт тағы сөйтті. Бижан жалма-жан айнаға қарады. Кезең-кезең дөңнен асып бір машина келеді. Нағашысының жеңіл машинасын мотор дауысынан таныды. Таяп кеп тоқтағанда көрді: ішіндегілер көздері атыздай болып бақырайып отыр. Анасы түсе сап ентелеп, беттеп келеді. Бижан енді мамам ұрсады деп күтті. Мамасының жүзі тым абыржулы екен, мұны көріп, қатты қуанғаны да білінді.

– Балам-ау, осының не, сандалып түнге дейін жүріп?! Шала ес болып өзіңді өзгер таптық, тәубе, – деді анасы кейісе де, жүрегі орнына түскен соң, Жаратушыға сыйынып.

– Қарағым-ау, кешқұрым жайлауға жалғыз кеткенің ағат қой, біреуді қасыңа ерте кетсең болмады ма, – деді нағашысы.

Өздері бортты машинаның иесін қоса ала келіпті. Жамағайын туыс болған соң, ұйқысын қиып, мұны іздескен ғой. Шопыр тетігін біледі, тез жөндеп, жүрмей тұрған машинаны оталдырып, ауылға айдап келді.

– Өзіңді күте-күте көзіміз талған соң, жеті қараңғы түнде қолыма таяқ ұстап, екі өзеннен өтіп, ауылдың төмам итін шулатып, арғы ауылға бардым. Балалар телевизор көріп, түн күзетіп отыр, нағашың жатып қалыпты. Сенің шөптен оралмағаныңды естігенде қорқып қалды, дереу машинаға отырдық. Жол бойы кең дүниенің қай бұрышынан іздеуді білмей, жаман састық. Нағашың анда-санда тау-тасқа машинаның жарығын да қаңғыртты. Қыстақтағы елді оятып сұрап ақыры тапқанымыз осы. Әбден жүрегімді ұшырдың ғой, балам. Бүйтіп шөп әкелгенің бар болсын. Аллаға жалбарынып, зөрем қалмады.

Бижан анасын үнсіз тыңдады. Егер анасының жаныашыр туған бауыры, оның астында жеңіл машинасы болмағанда жағдайы қиындау екен. Өне, қара жолдан құлағы тікірейіп қасқыр қиып өтті.

Туған топырақтың бір түп шөбі де адамды жамандықтан қорғап қалатын қасиетіне Бижанның көңілі сенген. Бір қозы артық туса, бір түп



жусан артық шығады. Тіршілік Алланың өмірінде, жарылқаймын, сақтаймын десе Жаратушының қамқорлығы әр кез дайын. Қиыннан қиыстыратын жазмыш. Одан озбайсың, ендеше түңілетін де түк жоқ.

– Өткен түнде иманың қалай ұшқанын суреттеп берші, көне, – деп өтінді ертесінде Бижанның студент әпкесі. – Қорыққанға қос көрінген болар.

Бауыры оған сезген-білгенін әсірелемей айтып беріп еді. Тыңдаушы айтылған сөздің жалған емесіне бек иланса да, салмағына онша көңілі толмады. Түн ішінде жапан түзде жоғалып кеткен адамға ұқсамайды өзі. Өйткені үрей атты жүректі жаулап алып, жаныңды обырдай обатын құбыжық сезім бейнесі бұлдырап бас көтермей бұғып қалды. Әпкесі соны қомсынды. Сонда күллі әлемді тітіркендірген үрей сезімін Бижан шыбын шаққан құрлы көрмегені ме?! Оның орнында өзі болса ше? Алла сақтасын, есінен адасып, жарымес болып қала ма, кім білсін?! Өзі беймезгіл туған үйінің іргесінде жайқалып өскен бау-бақшада қарақшы бұғып отырғандай қарадай тіксінетін су жүрек. Ай мен күннің жарығы адам жанында екі түрлі сезім тудырады. Ерке һәм тентек баладай көңілді күн нұрында қайғы жоқ. Ай сәулесі сиқырдан жаралғандай құпиясын үкілеп ұшырады. Түннен адам тығылады, күннен үміт пен бақыт күтеді. Ақты аңсаса, қарадан қорқады. Қараңғы түскен соң бақшадағы асқабақ адамның басы, қияр атызы шашы құсап мыстан кемпірдің дүниесіндей құбылып, өзгеріп кетеді. Жансызға жан бітеді. Оның үстіне әпкесі өткен түндегі құлазыған сұмдық қорқынышын қайтіп ұмытсын. Көзінен жасы сорғалап, далаға бір кіріп, бір шығып сенделіп, үйге сыймай азап шекті. Жалғыз бауырының өмірін уайымдап бір тал шашы ағарған болар. Сонда ол ажалды пенде үшін теңдесі жоқ игілік – Аллаға сыйыну қасиеті екеніне кәміл сенді. Адам үмітімен күшті.

Бижан әпкесінің өңінен оның жан түршігер үрейлі өңгіме тыңдай алмағанына өкінгендей сыңайын жазбай таныды.

Адам табиғаты күпірге бейім, кейде өзөзіл азғырғандай еліксе соқыр үрейдің жүзіне үздігіп, үңіліп бір қарауға тым құштар. Оның қорыққан мен қуанған бірдей дегені тегін емес. Жел болмаса, шөп басы қимылдамайтынын ұққан адам әлемдік үндестіктің, тепе-теңдіктің таразы басы бұзылмауын қалайды. Жамансыз жақсы, ескісіз жаңа жоқ. Көлеңке жарықтан жаралған. Қарасыз аққа мәртебе жоқ.

Адам ажалдан именетіндіктен күпті көңілі өліара шақта үрейге бой алдыруға бақұл. Бижан әпкесін нәумез қалдырмас үшін баяғыда осы елде бір адамның басынан кешкен оқиғасы деп бір өңгіме айтты.



## ҒАЖАЙЫП ПЛАНЕТА<sup>1</sup>

(Әңгіме)

## ТАЛАП СҰЛТАНБЕКОВ

(1930–2007)

– Биолог Тұранов, сіз өз пікіріңізді кесіп айтсаңызшы, қараптан-қарап отырып дағдарып қалдық қой. Осылай отыра береміз бе, жоқ, әлде тысқа шығып, өлеміз бе?

«Байқоңыр-12» космос кемесінің командирі Елшібек Оразов креслода шалқалап жатқан биологке осылайша шүйілді.

Тұранов көзін тарс жұмып, сұлық жатыр. Оның қалың ой арпалысында жатқанын сезу онша қиын емес-ті. Ол ақырын жыбырлап, көзін ашты да, кеудесін көтеріп отырды. «Байқоңырдың» барлық экипажы мұны қаумалап тұр. Тұранов алпамса денелі, кең маңдай командир Оразовты, әншейінде «Талшыбығым» деп өзілдейтін кеме дәрігері Мәриям Темірболатованы, конструктор-механик, байсалды мінез Осиповты көз жүгірте шолып өтті. Бәрінің де жанарында бұлыңғыр үміт ізі, «Байқоңыр» болса космос әлемінің бір белгісіз түкпіріндегі әлдеқандай жұмбақ сырлы сарғыш ғаламшардың<sup>2</sup> тұтқыны. Кеме экипажының бұл ғаламшардың үстіне шығу-шықпау жөніндегі айтыс-таласы, пікір алысуы бір тәуліктен бері толассыз.

Экипаж мүшелері түгел дерлік шаршап-шалдыққан. Ойда жоқта кез болып, басқа түскен сергелдең бұларды бір мезгіл асып-састырып абыржытса, енді бірде көңілдеріне қаяу түсіріп жабырқатқандай. Өркім өз ойымен әуре. Командирдің аты командир ғой. Қалай бұйрық берсе, басқасы солай жүрмек. Не дер екен қазір мына ғалым?

<sup>1</sup> Сұлтанбеков Т. Лұқман Хакім. – Алматы: Жазушы, 1966, 54-67-беттер.

<sup>2</sup> Ғаламшар – Күнді айнала қозғалатын аспан денесі (жұлдыз). Күн жүйесінде бізге белгілі 9 ғаламшар бар: Меркурий, Шолпан, Жер, Марс, Юпитер, Сатурн, Уран, Нептун, Плутон.



Бұл жерде экипаждың барлық мүшесі бірдей жабырқаулы деуіміз артықтау да болар. Өйткені кемеде бесінші мүше де бар болатын. Ол кеудесін шамасынша керіп, көңілді тұр. Екі көзі жасыл от шашып, жарқ-жүрқ етеді. Бұл жасанды адам физиомеханикалық «Кибер» еді. Кибер маймаңдап басып, тақап келді.

– Қастерлім, – деді ол биологтің иығына қолын салып (оның әрқашан осылай сөйлейтін әдеті еді). – Сіздер мына мен болмағанда, бағанағы космос айдаһарының аузына түсіп, төтті тағамға айналған болар едіңіздер. Мен білмейтін өнер сіздерде мол. Бірақ осы бір қызықты жұмбаққа миларыңыз қалайша жетпей тұр? Оның үні электронды музыкадағыдай әсем де нәзік естілді. Бұл Кибер түп табиғатында өзінқой боп жаратылған-ды. Оның кез келген нәрсені өзінге айналдыратынын космонавтар жақсы біледі. Сол себепті ешкім тіс жармады. Барлығының көзі Тұрановта.

Биологтың көз алдынан кешегі ғажайып оқиға тізбектеліп өте шықты. «Байқоңыр-12» өзіне жүктелген тапсырманы ойдағыдай орындап, «Тұңғыш» жұлдыздар жүйесінен екпіндей көтеріліп, Орталық космос станциясының мекен тұрағына қарата ақпа жұлдыздай заулап келе жатыр еді. Экипаж кемедегі жұмыстың бәрін автокосмонавтқа жүктеп, үш айлық терең ұйқыға<sup>1</sup> кеткен-ді. Мұндай алыс жолдарды космонавтар анабиоздық ұйқыда өткізеді ғой. Өйтпесе жүздеген жылдарға созылатын космостық саяхатқа олардың өмірі жете ме? «Байқоңыр-12» кемесі мылқау тыныштықта космос әлемін тіліп, үнсіз жүзіп келеді. Ең ақыры, өзінқой Кибер де «шешініп» жатып қалған. Кенет «апат» аппаратының кернейі сарнап қоя берді. «Байқоңыр-12» жүрісін баяулатып, кібіртіктеп қалыпты. Бұған алдымен Кибер оянды. Ол жан ұшыра жүгіріп, механик Осиповты жұлқылады. Әп-сәтте бүкіл экипаж аяғынан тік тұрды. Осипов электрондық миды іске қосты.

- Не болып қалды?
- Жанар отын секциясында апат!
- Қауіптілігі қандай?
- «Байқоңырға» міндетті түрде қону керек!

Оразов электрондық мидан координатты сұрады. Электрондық ми өз экранына космос картасын жайып салды. Экипаж мүшелері әлем картасына үңілді. «Байқоңырдың» келе жатқан жері от жебе болып жарқырайды. Ұлан-асыр космос мұхиты. Галактикалық жеке-жеке жұлдыз жүйелері шоқ-шоқ болып шашылып жатыр. Оқта-текте космос аралдары, жеке-жеке дөңбек оттар, құйрықты жұлдыздар көзге шалынады. Қайда арту керек?!

<sup>1</sup> Анабиоздық ұйқы – айрықша дәрімен немесе өте төмен температурада организмді, адам денесін мұздатып, ұзақ уақытқа ұйықтату.



Оразов «Байқоңырдың» жолына ең таяу деген қосжұлдыз шоғырына бұрылуға ұйғарды. Ол небәрі он жеті планетадан құралған. Қосжұлдыз егіз Күндер іспеттес. Екеуінің дәл ортасынан орбита сызып, бір алып сарғыш планета олардың кенжесі тәрізді. Екі шырақтың нұрлы сәулесіне бөленіп, ерекше жарқырайды ол. Бүкіл әлемдік тартылыс заңының ең бір ғажап қасиетін бір өзі пайдаланып тұрғандай. Қай жағында болсын, мәңгі жарық, біркелкі мәңгілік температура. Шіркін, үстінде өмір бар ма екен, жоқ па екен?

Оразов «Байқоңырды» дәл осы планетаға бағыттады. Экипаж мүшелері үнсіз ишаратпен бұл шешімді мақұлдағандай. Тек ерке Кибер алақанын соққылап, қуанып қалды. Алақай, жаңа планета көреміз!

Оның бұл қуанышы орынды да еді. Оған себеп космос заңы – бұлжымас қатал заң. Қандай бір экспедиция болмасын, ОКС-тің (Орталық космос станциясының) бұйрығына сөзсіз бағынуы тиіс. Айрықша бір төтенше жағдай болмаса, белгіленген маршруттан ауытқуға ешкімнің құқы жоқ. Оразовтың ОКС-пен байланысуға уақыты болмады. Электрондық ми аса бір үлкен қауіп болмаса, космос кемесіне қону керек екенін айтпайды. Экспедиция жинап қайтқан материалдар өте құнды еді. Оны аман-есен адамзат ұрпағына жеткізу – бұлжымас борыш. Тура жолдан ауытқудың кесапаты мол-ақ. Кеме уақыттан ұтылады, жанар отыны таусылады.

Оразов мұның бәрін іштей мықтап сезінді. Алайда шешім біреу ғана болуға тиіс. Ол – «Байқоңырды» және оның жиған материалдарын қайткен күнде аман сақтап қалу.

Экипаж мүшелері әрқайсысы өзінің жұмыс орнында.

Жиған-терген материалдарды сұрыптап, космостық қобдиша-ракеталарға салып жатыр. «Байқоңыр» анау-мынау боп кетсе, материалдар өлмесін. Бәрінің ойы – осы.

Автокосмонавт «Байқоңырды» ерекше ептілікпен қосжұлдыз атмосферасына алып кірді. Міне, сарғыш планета өрісі.

Гравитомашина планетаның тартылыс күші сферасын сезіне бастады. «Байқоңыр» жүрісін баяулатып, орбита таңдай бастады. Жұрттың көзі иллюминаторда.

«Байқоңыр» планетаның ең шеткі орбитасына еркін енді де, оның спутнигіне айналды. Сол кезде күтпеген жерден қызық құбылыстар басталды. «Байқоңыр» орбитаға түсісімен жан-жақтан метеорит тәріздес ұсақ денелер жауып кетті. Кәдімгі жер үстіндегі адамды бас салатын шыбын-шіркей тәрізді. Қозғалыстарында ешбір заңдылық жоқ. Жапырлап ұшып



түс-тұстан «Байқоңырды» соққылап, құлап жатыр. Бірінші боп айқайлап жіберген кеме биологі Тұранов болды.

– Жолдастар, құттықтаймын мен сіздерді! Сіздер адамзат тарихында тұңғыш рет жанды метеориттер жауынын көріп отырсыздар. Кибер, дереу биомагнитті іске қос! – деп дауыстап жіберді ол.

Осы кезде Кибер астыңғы жақтан сүйретіп бірнеше сүлік тәріздес жанды заттарды әкеліп, тастай салды.

– Қастерлім, Тұранов! Мен сіздің осындай бұйрығыңыздың болатынын алдын ала бал ашып біліп едім. Биомагнит сізге тамаша космос балықтарының ұстап берді. Кәнеки, ауыз тиіп көрелікші, – деді ол.

Экипаж мүшелері жапырлай жүгірісіп, космос сүліктерін көре бастады. Мәриям резина қолғабын киіп те үлгеріпті. Жүгіріп келіп ұстай алды да, жиіркеніп, тастай салды.

– Кибер-ау, мына біреулері ішке кірмей жатып, өліп қалды ғой!

Космос балықтары, расында да, тұяқ серіппей, тарамысша тартылып қалды. Денелерінен жасыл сұйық бөлініп жатыр.

Тұранов бірнеше шыны сауыт әкеліп, жалма-жан жаңағы сұйықты құйып алып жатыр. Сұйық сусыма кілегей іспетті. Сынапша толқып, ұстатар емес.

Сұйықтарды құйып алғаннан кейін биолог бұйрық берді.

– Мына балықтар шығарылып тасталсын, орнын отқа күйдіріп, таза-ландар. Нендей жұқпалы ауру әкелгенін қайдан білеміз? Кеменің қорғаныш қалқанын шығару керек!

Бұл кезде кеме командирі Оразовтың көзі электрондық телескопта еді. Кенет ол шалқасынан түсе жаздап, кері бұрылды.

– Тұранов, бері кел! Мынау не деген сұмдық! Планета дөңбекшіп жыбырлайды ғой. Бетінде бейне бір үлкен дауыл тұрып, астан-кестеңін шығарып жатқан сияқты. Міне, бізге қарата бір снаряд ұшып келеді! Сақтаңдар, жанды торпедо!

Тұранов телескопқа жетіп үлгермеді. Өлдеқандай бір күштің әсерінен көзі қарауытып, құлап түсті. Барлық сезгені өне бойын, барлық ерік-күшін ғажайып сиқыр билеп, тәтті ұйқыға бөленіп бара жатқандай. Тұла бойын ыстық жалын шарпып, түпсіз шыңырау апанға тұншықтырып әкетіп барады. Ең соңында, көзін ашқанда, көргені басқа экипаж мүшелері де құлап жатыр екен. Ол бұлқынып, кеудені басқан ұйқыны тарқатуға әрекет жасап көрді. Бірақ белгісіз бір күш тұқыртып әкетіп берді. Соңғы минутта ол енді халіміз не болды деген оймен жан ұшыра бір талпынды да, сұлық жатып қалды...



Міне, ол қайтадан достарының ортасында. «Байқоңыр» өз еркінен тыс жаңағы бөгде планетаның үстіне қонған екен. Космонавтар өздерін өздері бейне бір тұтқын кейпінде сезінді. Барлығы да аурудан жаңа тұрғандай. Жүздері сынық, көңілсіз. Тек жалғыз Кибер ғана жабырқар емес. Масайрап ортада тұр. Өңгімесін қайта-қайта саңғырлап айтып тауыса алмайды.

– Бір кезде қарасам, бөрің бірдей сұлап жатырсың. Дереву электрондық миды бұрай қойдым. Ол: «Байқоңырды» шұғыл қондыру керек, бір секунд кешіксе, кеме алып биомагниттің аузында кетеді деді. Содан кейінгісін автокосмонавт жасады. Кеме торпедоға соқтықпай, маневр жасап, жалт берді. Бірақ торпедо жаны бар аң сияқты екен. Бізді қуалап, найзағаймен атқылады. Кеменің қорғаныс қалқаны сытырлап сөгіліп кететіндей көрінді. Дегенмен кеменің ішіне белгісіз бір күшті толқындар енген болуға тиіс. Сіздердің талып қалу себептеріңіз содан ба деп ойлаймын.

Халіміз тым мүшкіл болуға айналған соң, мен атом зеңбірегінен сәуле семсерін сілтедім. Сол сол-ақ екен, жанды торпедо қақ бөлініп, төмен қарай құлады.

Автокосмонавт бұдан кейін біздің кемені бөгде планетаның атмосфера-сына баяу алып кірді. Қонуымыз да ешбір қиындықсыз өтті, – деп аяқтады өңгімесін Кибер.

Планетаның табиғаты өте қызық екен. Кеменің үлкен телеэкранынан ойлы-қырлы сарғыш алқап көрінді. Бір ғажабы – кілемнің түгіндей ғана шөп тәріздес бірдеңе өскен тақыр дүние. Тек оқта-текте ғана арқан жіп сияқты шұбалған ағаштар бой созып шайқалады. Мәриям теледүрбімен жан-жақты түгел шолулап қарап шықты. Көңілсіз де қорқынышты. Алғашында қарайған тас сияқты бірдеңелер қарауытып жатыр еді, кейін олардың бәрі зымзия болып ұшып кетті. Олардың жаны бар хайуанаттар екені айдан анық. Сезім мүшелері де ерекше дамыған. Томпандаған борсық тәрізді.

Бұл планетаның қос Күні де біздің жақтың Күніндей кішкентай екен деп ойлады Мәриям. Сол сәтте оның жүрегі дүрсілдеп, өзінің үйреншікті жерін сағынды. Планета атмосферасы жөңкіліп жүрген сүлік тәрізді «құстарға» толы. Кәдімгі бір мұхит сияқты дөңбекшіп, шалқып, толқын атып жатқандай. Өредік-өредік жарқылдап от шығады. Бейне бір бұлтсыз күнгі найзағай іспетті.

Шындығына келсек, космонавтар мұндай жағдайға душар боламыз деп мүлде ойламаған-ды. Үстеріндегі скафандрларының биотокқа қарсы күресер қорғанышы жоқ.

Алып шыққан биомагнит аппаратының қуаты да мына планетада түкке аспай қалды. Мәселе биотокқа келіп тірелді.



Экипаж мүшелері Тұрановтың аузына қарады. Биолог ғалым «Байқоңыр-12» қонғаннан кейін планета табиғатынан көптеген үлгілер жинап, зерттеулер жүргізген болатын. Ол орнынан тұрды да, биоанықтауыш электрондық машинадан соңғы информацияларды алды. Өңінде сабырлық, терең ойлылық нышаны сезіледі. Мәриям Тұрановтың жүзіне мұңая қарап отыр.

– Маған көптеген нәрсе түсініксіз, – деп бастады ол сөзін. – Егер жиналған ғылыми деректердің негізінен қозғасаң, бірталай қызық пікір айтуға тура келер. Атмосферада белок пен көміртегі орасан көп мөлшерде шоғырланған. Бұған қарағанда, планетадағы тіршілік мөлшерлі шарасынан мүлде асып кеткен тәрізді. Кеме аспаптары планета үстінде оттегін бөліп шығаратын қуатты көздер бар екенін тіркеді. Бұл – өте қызық құбылыс. Планетадағы фотосинтез процесі атмосфераның жоғарғы қабаттарында жүреді екен.

Яғни біздің жер бетінде өсімдік топырақта өсіп-өніп, олар алуан түрлі формада табиғаттың, ауа райының ыңғайына қарай икемделсе, мұнда, тіпті де, олай емес. Өсімдік атаулы ауада жүзіп жүретін көрінеді. Шайтан білсін, олардың қандай формада екенін. Ұсақ полимерлер тізбегі болуы ғажап емес. Жай көзге көрінбейді. Мөп-мөлдір. Анау көрінген жасыл жолақтар – солардың күнге шағылысқан нұры.

Экипаж мүшелері телеэкранға қарап, айран-асыр болысты.

– Өзіміз куә болдық қой. Планетаның ауа райы мүлде өзгермейтіндей біркелкі. Сол себепті мұндағы өсімдіктердің жер бетіндегі сияқты түрліше формасы жоқ. Олар атмосфераға тарап кеткен.

– Бұл бір біз естімеген ғажап екен. Онда жаңағы «Байқоңырға» қарай снаряд осы планетаның бізге лақтырған сексеуілі болғаны ғой, шамасы, – деді Кибер.

Бәрі қарқылдап күлді. Кибер жұрттың күлкісі аяқталмай жатып:

– Егер олай болса, Мәриям екеуімізге рұқсат беріңіз. Ауадан қауын-қарбыз, бүлдірген сүзіп қайтайық, – деп қалды.

– Қалай болғанда да, бізге сыртқа шығу керек. Кеменің ақауын жөндеп алу соншалықты қиын емес. Бірақ қайта ұшып шыға алатындығымызға үлкен күмәнім бар, – деді сәлден соң Тұранов. Ол экипаж мүшелерінің көңілді күлкісіне іштей қуанса да, өзін байсалды ұстады.

– Бұл күлкі емес, достар. Атмосфера биотоктың аса қуатты разрядына бөгіп тұр. Біз мұнда тұрғанда, әрине, ешбір қауіп жоқ. Ал көтеріліп ұша бастасақ, планетаның тарту күшін біздің организм жеңе алмайды. Денеміз ұсақ-түйек бөлшектерге ыдырап кетуі мүмкін.





– Осындай үлкен планета тек ұсақ биоорганизмдер құйынынан тұрмайтын шығар. Мұнда даму сатысы жоғары ақыл иелерінің болулары да ықтимал ғой, – деді Мәриям. – Мен сыртқа шығып, барлап қайтуға қарсы емеспін. Сіздердің барлықтарыңызға биомагнит скафандр кигізіп, оның полюстарын ауыстырып жіберейік. Сонда ешбір микроб бізге жақындай алмайды.

Дәрігердің бұл сөзіне ешкім тіс жарып қарсы болмады. Кемеде Осипов пен Оразов қалатын болды да, сыртқы экспедицияға Мәриям, Тұранов және Кибер шығатын болып ұйғарылды.

Экспедиция мүшелері жол жабдықтарын жөндеп болғаннан кейін жұмсақ дөңгелекті амфибия автомобильге отырды. Вертолеттік қондырғыны әдейі алмай тастап кетті. Мынау ауадағы толып жүрген «балықтар» оның винтінің айналуына жол бермес. Автомобиль жап-жайдақ тақырмен жылжи жөнелді де, алыстан қарауытып көрінген тауға бет алды. Кибер жолшыбай машинаны үш-төрт рет тоқтатты. Тұранов әр аялдаған сайын топырақ ұнтағын, өсімдік қалдықтарын іздеген болады. Бірақ онысынан түк шықпады. Бір-екі рет аяқ астына бұрғы салып көріп еді, қоймалжың көкшіл сұйық бұрқылдап шыға келді.

– Бұл не ғажап?! Жердің астында да белоктық заттар шоғырланған ба? – деп күбір етті Тұранов.

– Ахмет-ау, сіз өзіңіздің қайда тұрғаныңызды ұмытып кетіпсіз-ау. Сіз сиқырдың үстінде тұрсыз, – деп, Мәриям оның сөзін бөлді. – Бұрғыны қайтесіз, онан да ана біреу шұбалып өсіп тұрған арқандар ағаш па, басқа ма? Соны барып көрсек қайтеді?

Тұранов басын шайқады.

– Ағашқа ұқсамайды. Жыланша сусып тұрған бірдемелер ғой, Пәлесінен аулақ.

– Қараңызшы, арқандардың табан асты үңірейіп тұр. Қып-қызыл бірдеңе жылтырайды, – деді Мәриям.

Автомобиль ағаштарға 50–60 метр жақын келіп тұра қалды. Кибер киноаппаратын суырып, арқандардың әрбір қозғалысын суретке түсіріп жатыр. Сол кезде телерация қызыл от берді. Экраннан Оразовтың бейнесі шыға келді.

– Неғып тоқтап қалдыңдар?

– Кісі жегіш ағаштарды бақылап тұрмыз, – деп жауап қатты Кибер.

Енді ағашты автомобиль арқылы кемедегілер де бақылай бастады. Айнала тымырсық, желсіз. Бірақ соған қарамай, ағаштың тармақ-бұтақтары жан-жағын соққылап, теңселіп тұр. Сыртқы түрі қорқынышты-ақ. Кенет



ғажап көрініс болды. Ағаштар ысқырған дыбыс шығарып, бірін-бірі соққылап, дуылдасып қалды. Бейне бір жеті басты аждаһа деп қалуға болардай. Космонавтар енді көрді. Алыстан бөрене тектес жанды торпедолар ұшып келе жатыр екен. Олар жан түршігерлік дауыспен қиқу салып келеді. Бет алысы – «Байқоңыр-12».

– Зеңбіректі дайындаңдар. Мынау бағанағы айдаһарлардың бір тобы, – деп айғайлап жіберді Кибер. Мәриям қорыққанынан бүрісіп қалды.

Торпедолар дуылдап тұрған ағаштардың үстіне келгенде, ысылдаған, сатырлаған үндер естілді. Іле-шала қорқынышты жәндіктер топырлап құлай бастады. Жаңағы ағаш деп отырғандары жаны бар хайуанаттың қолы сияқты бірдеңе болып шықты. Шіркіндердің ептісі-ай, торпедоларды жерге түсірмей қағып алып, жұмарлап, ауыз сияқты бір қуысқа тықпалап жатыр.

– Тауға бет алыңдар. Ағаштардың не екенін көрдіңдер ғой. Мұқият сақ болуларыңды сұраймын. Сіздердің қолдарыңызда «Байқоңырдың» тағдыры.

Тұранов пен Мәриям Оразовтың бұл сөздерін бұйрық деп ұқты.

Экран сөніп қалды. Автомобиль кедір-бұдыры жоқ жайдақ жолмен баяу қозғалып жүре берді. Әрбір сүйем жолды электрондық аппаратпен мұқият зерттеп келе жатыр. Атомдық локатор жүрген жолдың әрбір жүз метрінде шыңырау тұңғыыққа толқын жіберіп, түрлі деректер жазып келеді. Бір жарым сағаттай жол жүргеннен соң, автомобиль үлкен жарға келіп тірелді. Жардың асты ағып жатқан қарақошқыл өзен. Өзеннің үстін жұп-жұқа мөлдір қабық қымтап жауып тұр. Өзен үсті құж-құж қайнаған ұсақ жәндіктердің қара құйыны. Қарақошқыл судың ішінде де алуан түрлі жәндіктер мол екен. Біреуі жыланша иірілген ұзын, екіншісі домалақ, кейбіреуі үшбұрышты жалпақ. Бірақ бөрінің де тұрақты формасы жоқ. Бұлтыңдап, сынапша толқып, құбыла береді. Тұранов пен Мәриям жар басында ұзақ тұрды.

Кибер өзенге ау салып, жаңағыдай балықтардың төрт-бесеуін ұстап алды. Бірақ олар балық сияқты аузын ашып туламай, кәдімгі тюлендерше домалап, қашып берді. Кибер мез болып қуып жүр.

– Ахмет ағасы, не болса, о болсын, мен бір балық сорпасын қайнатып жіберсем қайтеді?

Тұранов Кибердің өзіліне селқос қалды. Дегенмен балықтардың бірекеуін алып, тоңазытқышқа бекіттіріп тастады. Содан кейін өзі Мәриямды қолтығынан алып, өзен жағалап кетті. Кибер автомобильді арттарынан баяу жүргізіп келеді.

– Ахмет, сіз айтыңызшы, бұл неғылған ғажап планета? Көзімізге тірі жәндіктерден басқа ештеме түспей қойды ғой. Мынау ағып жатқан суы



да жаны бар бірдеңе сияқты. Мен өте қысылып келе жатырмын. Біреу (бәлкім осы планетаның ақылды тұрғыны болуы ғажап емес) екі көзін өңменнен өткізе тесірейіп тұрған тәрізді. Арқам тоңазып, қорқа бастадым.

– Тоқташы, Мәриям, сен мынау дүңкілдеген дыбысты естисің бе? Мәриям енді ғана естіді. Расында да, бір дүңкілдеген дыбыс алыстан еміс-еміс келіп тұр. Ол оның жүрек соғысымен бір ритмде сияқты. Мәриям шошып кетті.

– Жүр, автомобильге қайтайық.

Олар артынан біреу қуып келе жатқандай қалбалақтай ұшты. Аяғының астында үлкен бір жануардың денесі сияқты. Олар автомобильге ентіге жүгіріп келіп қараса, Кибер кабинаға бүк түсіп, жатып қалыпты. Мәриям Кибердің басын ашып қарады. Оларда еш ақау жоқ. Барлық электрондық лампалар қаз-қалпында.

– Ахмет, енді не істейміз? Киберіміз өліп қалыпты ғой.

Тұранов Кибердің жүрек тұсын, миын ашып қарады. Бірақ еш мүкіс таба алмады. Содан кейін олар Кибердің жотасындағы аккумуляторды алып көрді. Мәриям шыдай алмай, күліп жіберді.

– Кибер өз аккумуляторының қуатын разрядтап жіберіпті де, оның ішіне жаңағы өзендегі қоймалжың сұйықты құйып қойыпты.

– Сабазың өзіне жан салмақшы болған екен ғой. Идеясы дұрыс-ақ. Бірақ қарсы мәндес зарядты ұмытқаны несі мұның?

Тұранов нейлон сүзгімен ауадан жәндіктер сүзіп алды. Дорбаға үш-төрт килограмдай шыбын-шіркей тәріздес құрттар толды. Ахмет оны ештеп отырып, аккумулятордың ішіндегі сұйыққа қосты. Сол кезде Кибердің денесінен ток жүріп, оған жан бітті.

– Ойпырау, мына жерде топырақ пен кәдімгі судан адам жасап алуға болады екен ғой, – деді Мәриям.

Кибер орнынан тұрып, санын шапалақтап қуанды.

– Енді Құдай қаласа, біраз темір-тұмардан арылып, жеңілдейтін шығармыз.

– Байғұс-ау, онда тамақ ішіп, әуре боласың ғой. Темір болғаныңның өзі жақсы емес пе?! – деп, Мәриям шаншып алды.

Сол кезде автомобилдің телеэкраны жарық берді. Экранда Оразов.

– Тұранов, қайтуға бет бұрыңыздар. Бізге енді көп күтуге болмайды.

Қосжұлдыз системасы өзінің қозғалысымен бізді маршруттан бірте-бірте алыстатып әкетіп барады. Енді бір-екі тәулік кешіксек, жүз жылдық шалғайдан бір-ақ шығамыз.



Автомобильден ешбір дыбыс шықпады. Кибер төменгі отсекке басын сұғып, жиналған жәндіктерді қызықтап тұр еді. Ешкім үндемеген соң, таңданып, өзінің жолдастарына көз салды. Мәриям алған әсердің күштілігінен бе, әлде шаршап, ұйқысы келді ме, автомобильдің жұмсақ орындығына шалқалап, қалғып кетіпті. Осы кезде Тұрановтың иығынан да әлдеқандай күш басып, тұқыртып әкеткен еді. Кибер екеуін алма-кезек жұлқылап, оята берді. Экраннан Оразовтың бейнесі тесіле қарап тұр.

– Не болған сендерге, тападай-тал түсте ұйықтағаны несі, жүрмейміз бе? – Кибер.

Мәриям әрең-әрең көзін ашты.

– Менің жүрегімнің соғысы құлағыма өте дүңкілдеп естіліп тұр. Тұрановқа айт, – деді де, сылқ ете қалды.

Оразов шұғыл қайтуға бұйырды. Рульге Кибер отырды. Оның құлағына солқылдап үдей соғып тұрған жүректің дыбысы естілді. Оның жаратылысында қорқу деген сезім жоқ-ты. Бірақ адамзатқа төнетін қауіпті түсінетін тетігі бар. Сол тетіктің қызыл лампасы жалт-жұлт жанып, есін шығарды. Кибер автомобильдің жүрісін жылдамдатып, кемеге ұмтылды...

Жып-жылы төтті ұйқы құшағында жатып, Тұранов өзін біреудің қатты тартқылап, оятып жатқанын сезінді. Қаншалықты күштеніп қозғалғысы келсе де, жалғыз бақайына шамасы келмей жатыр. Қаны ұйып, жүрегі тоқтап қалған сияқты. Біреу әлуетті қолымен иығынан сілкілеп-сілкілеп жіберді. Тұранов тістеніп, көзін ашты. Күңгірт тұманнан басқа ештеңе көрінбейді. Әлдеқайдан тұңғыық шыңыраудан әлдекімнің айғайлаған дауыстары талып естіледі. Бірте-бірте оның денесіне қан жүгіріп, көзі көре бастады. Оразов пен Мәриям иығынан укол салып жатыр екен.

– Сендер планетаның орбитасын, оның тәулік, айлық мерзімін есептедіңдер ме? – деді ол.

Оразов электрондық есептегіш машинадан перфолентаны суырып алып, Тұрановтың қолына ұстатты. Ол креслода шалқалап жатып, тез көз жүгіртіп өтті.

– Біз екі сағаттың ішінде бұл планетаны тастап шығуымыз керек. Өйтпесе жаңағы Мәриям екеуімізді ұйықтатқан ыстық леп ақырындап осында да жетеді. Қалғанын планетадан құтылғаннан кейін айтамын.

Экипаж мүшелері әрқайсысы өзінің міндетін атқаруға кірісті.

Ешқандай бұйрықтың қажеті болмады. Әп-сәтте «Байқоңыр-12» қанатын қомданып, гүрілдей бастады. Кеме сопласынан ұшқындап шыққан жалын планетаның үстін күйдіріп, қоңырсыған иіс шығарды. Кенет аяқасты теңселіп, жер сілкінгендей болды. «Байқоңыр-12» тік көтеріліп, тартып әкетті...



Міне, барлық қорқыныш артта. Кеме экипажы жайласып, өз жұмыстарын жүргізе берді. «Байқоңыр» космос картасындағы өзінің жолына түсті. Оразов Тұрановқа қарап, ойланып отыр.

– Ахмет, осы біздің жаңағы көргеніміз не бәле? Сіз биологсыз ғой, қандай тұжырымға келдіңіз?

Тұранов аз-кем үнсіз отырды да, сөз алды.

– Мен білсем, біздің көргеніміз – космос әлеміндегі ең бір сирек ұшырасатын ғажайып құбылыс. Жаңағы бізді тұтқындаған планетаның жаны бар болып шықты.

– Жаны бар?!

Барлық экипаж мүшелері айран-асыр болып, үрпиісіп қалды.

– Бүтіндей бір планетаның алып жануар болуы мүмкін бе? Бұл ақылға сыймайтын жағдай екен, – деді Мәриям. – Айтып отырғаныңыз, тіпті, космоста тіршіліктің пайда болу заңына да қайшы ғой.

– Тіршіліктің пайда болу заңына дейсіз бе? – деді Тұранов. – Сіз өзіңіз қалай пайда болдыңыз? Космостық табиғаттың адам сияқты тірі организмді дүниеге тудыруы, тіпті де, ғажайып емес пе?! Бұл да сондай бір құбылыс. Жер бетіндегі тіршілік ауа райына байланысты мың құбылған формада өсіп-өнді. Ал бұл планетаға ондай форманың қажеті жоқ. Олар ортақ биогравитациялық<sup>1</sup> заңға бағынған.

– Бізді сіз асықтырғанда, нендей қауіпке сүйендіңіз? Және біз осындай алып планетаның тартылыс күшін қалайша жеңдік? – деп сұрады Оразов.

– Мен алдымен планета үстіндегі жәндіктердің азайғанын, олардың қозғалыстарының саябыр тапқанын байқадым. Содан кейін дүңкілдеп соққан жүректің дыбысы естілді. Ол осы планетаның алып жүрегі болуы ғажайып емес. Жүрек соққанда, жан-жаққа жылы леп тарап, ол бүкіл планетаны ұйқыға баурайды екен. Біздің Мәриям екеуміздің ұйықтап қалуымыз сол себептен екені даусыз. Планета бір космостық тәулікте ұзақ уақыт ұйқыға кететін көрінеді. Біз соның куәсі болдық. «Байқоңырдың» биогравитацияны жеңіп, ұшып шыға алуы да осы ұйқының арқасы.

Экипаж мүшелері тым-тырыс қалды. Әрқайсысы өзінің жиған-терген материалдарын ойлап, Орталық космос станциясына қандай құнды ғылыми дерек алып келетініне қуанып отырған еді.

«Байқоңыр-12» автокосмонавтың басқаруына көшіп, барлық экипаж мүшелері анабиоздық ұйқыға жатты. Тек қана Кибер ояу отыр. Оның маңдайындағы жалғыз көз жасыл от шашып, жылт-жылт етеді...

<sup>1</sup> Биологиялық гравитация – заттардың, денелердің өзара магниттік тартылыс күші.



# ОРАЗАҚЫН АСҚАР

(1935–2019)



## ШАТТАН, ҚАЗАҚ!<sup>1</sup>

Сырттан жау сан қайтара шапқан қазақ,  
Сан өшкен отын қайта жаққан қазақ.  
Тап болып кең пейілі тар заманға,  
Тағдырға ән-күймен мұң шаққан қазақ.

Айтқан серт опа күткен анттан қазақ,  
Жатқа үміт жарылқар деп артқан қазақ.  
Өзді-өзі мәмілеге келмей жүріп,  
Өзгені бауырына тартқан қазақ.

Елдікке ерте қанат қаққан қазақ,  
Сол жолда талай азап тартқан қазақ.  
Арманға өліп-талып жеттің зорға,  
Айырыла жаздап тіл мен салттан қазақ.

Жадырап жайлауда мал баққан қазақ,  
Жігерлен, білім алып жатқан қазақ.  
Енді бар игілігің өзіңдікі,  
Ойдан дән, таудан алтын тапқан қазақ.

Шашылма жерің тардай, топтан, қазақ,  
«Ова» мен құтыл енді «овтан», қазақ.  
Болашақ қамын ойла, тегіңді біл,  
Бар болған ел емессің жоқтан, қазақ.

Құтылдың тәуелді, отар шақтан, қазақ,  
Сергек бол сан қауіптен сақтан, қазақ.  
Еселеп еңбек сіңір елің үшін,  
Дербестік алдың, міне, шаттан, қазақ!

*5 наурыз 1992*

<sup>1</sup> Оразақын Асқар. Дербестік дес бергенде. – Алматы: Жалын, 2006.



## ДЕРБЕСТІК

Ата-бабам арман еткен дербестік,  
Сен жоқ елде туып, сенсіз жерде өстік.  
Бақыттымыз, жетті саған қолымыз  
Іргелі ел боп кетсек екен енді өстіп.

Еркіндігім, сені бұрын сезді кім?  
Аңсайтын бар әлі өзгенің көз қырын.  
Өз өмірін ойлау керек әр адам,  
Мемлекет те көру керек өз үнін.

Бәрін тыңнан бастау боп па ол оңай,  
Іс те керек, күш те керек толағай.  
Алға үнемі басу керек аршындай,  
Кейін тартқан кедергіге қарамай.

Сенім, бейбіт еңбек керек ол үшін,  
Достық, бірлік беру керек қол ұшын.  
Болашақты алдан ғана күтейік,  
Дербестіктің құтты етіп қонысын.

Құдайға шүкір, ұлт ұйқыдан оянды,  
Бүгін жұмыс, болсын сонау той алды.  
Дербестікті ел боп қорғай білейік,  
Бақытымыз болсын десек баянды.

## «ҚАЗАҚ ЕЛІ»

«Қазақ елі» монументі,  
Нұр-Сұлтан қаласы



# ШЕРХАН МҰРТАЗА

(1932–2018)



## ТАСТАЙ БЕРІК, ГҮЛДЕЙ НӘЗІК<sup>1</sup> (Әңгіме)

Жұрт тына қалды. Митинг ашылды.

– Қарақтарым, – деген дауыс репродуктордан қарлыға, тіпті, дірілдей шықты. Сөз батырдың анасына беріліп еді. Қарт ана «Қарақтарым» дегеннен басқа не айтарын білмегендей, үнсіз қалды. Айнала қарады, қаптап тұрған адам толқынын тым баяу шолып өтті. Сол қалың топты кішкентай тар құшағына сыйдырып жібергісі келгендей, қолын жайды. Бұрын мұндай көпшілік алдында сөйлеп көрмеген ана қол созған күйі едәуір тұрып қалды. Енді бір кезде иегі кемседеп барып:

– Менің Нұркешім өлмеген екен, – деді.

1943 жылы Сталинград түбінде жау үстіне жай оғындай құлап түсіп, мерт болған Нұркенді «Менің Нұркешім өлмеген екен» деп тұрған кемпірді жақынырақ көргім келіп, жұртты кимелеп, алға ұмтылдым. Бірақ мына қарт адамның аузынан андасанда бір шыққан сөзді әлдебір төбәріктей шашау шығармай, құлақ түріп қалғандарға менің бұл өрекетім мүлде ұнамады. Маған жұрт ала көзімен қарады. Әйтсе де мен өлермендік пен екі шынтақтың арқасында трибунаға таяп бардым.

Қарсыдан соққан күзгі жел қара шәлінің астынан қарт ананың бір селеу самай шашын шығарып алып, желбіретіп тұр. Сол сәтте ол маған сұрапыл сойқан дауылға бетпе-бет қарап, қайтпай қасарысып, ұзақ жол жүріп келе жатқан орасан алыптай болып көрінді. «Мынандай анадан туған баланың батыр болмауы, шынында, мүмкін емес-ау», – деп ойладым ішімнен.

– Менің Нұркешім өлді деп кім айтты! Мені тұлдырсыз қалды деген кім? Осынау тұрған барлығың менің балам емесің бе?!

<sup>1</sup> Мұртаза Ш. Жеті томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2006. Т.7. 224–227-беттер.





Қарт ананың үні қатқыл шықты. Өдепкідей емес, күмілжімей, жүнжімей, жарқын-жарқын естілді. Сол кезде жон арқамнан нендей құдіреттің жосып өткенін білмеймін, тұла бойым дүр-р сілкінді. Екінің бірі айтып жүретін көне сөздердің өзі дәл осы бір шақта Бородиннің «Қаһарман» симфониясының заңғар нотасындай қаһарлы, айбарлы шықты.

Ана одан әрі сөйлемеді, әлденеге булыққандай:

– Рақмет, шырақтарым... – деп, өрең айтып үлгерді де, бұрылып кетті.

Ескерткіш үстіндегі ақ жамылғы алынды. Алғашқы секундтарда оған жүздеген көз, қалың топ қадала қарады. Енді бір сәтте жұрт бір-бірімен жабырласып, сөйлесіп ала жөнелді. Ескерткіштің қалай шыққаны жайлы әркім өз ойын айтып, өз бағасын беріп жатты. Біреу тұрып:

– Сәтті шыққан екен, – десе, енді біреу:

– Онша емес, – деді.

– Скульптураны салған кім екен?

– Кім де болса, азамат екен! – десіп те жатты.

Ал скульптураны айнала пионерлер гүл шоқтарын қойды. Ескерткіштің еңселі тұғырынан алтын жазу айқын көрініп тұрды:

**«Даңқты жерлесіміз, Совет Одағының Батыры Нұркен Әбдіровке Қарағанды комсомолецтерінен»**

Осы жазу жаңағы Багила апаның: «Осынау тұрған барлығың менің балам емессің бе?!» деген сауалына жауап сыпатты еді.

Багила қарттың балалары өте көп екені кәміл шындық. Сол балалары былтыр ардақты ағасын еске алып, ескерткіш орнатпақшы болды. Олар жас шахтерлер, жас құрылысшылар, студенттер, оқушылар еді. Аға сыйлай білер жақсы інілер жұмыстан, сабақтан тыс уақытты пайдаланып, еңбек етті. Жер астында бірер сағат артық қалып, көмір шапты, көше-көшеге ағаш отырғызды, сынық металл жинады, өнерпаздары ойын көрсетті. Жүз мың сом ақша осы еңбекпен келді. Сол қаржыға, міне, ескерткіш орнатылды.

Жұрт тарамай, ескерткішті айнала қарап жүр. Құлақ салсаң, әңгіме сыңайы жаңағыдай, біреу ескерткіш мықты салыныпты десе, енді біреу орташа екен дейді.

Сол сәтте мен елдің сөзіне құлақ сала жүрсем де, батырдың анасынан көз жазбадым. Ол өзінің батыр ұлымен дидарласып тұр еді. Сай-сай әжімді қуалай тарам-тарам жас аққан жүзінде жатырқау жоқ, бірақ таңдану ма екен, әлде масаттану ма екен, әйтеуір, көз жанарында бір үшқын жатқандай көрінеді маған.

Мен ойладым. Мен мына кішкентай адамның үлкен жан дүниесіне үңілгім келді, оның жан тебіренісін көз алдыма елестеткім келді. Мен



былай ойладым. Сонау соғыс жылдары осы анаға: «Балаң асқан ерлікпен қаза болды» деп естіртті. «Жаудың ондаған самолеттері мен танктерін, жүздеген әскерін жайратып жүргенде, ақиық сұңқарға аспандағы айқаста топшысынан оқ тиіп, мерт болды», – деді.

Баласының бұл ерлігін абзал ана көз алдына сан рет елестетер еді. Ұзақ түндерде қараңғы үйде көз жұмбай жатып, жаумен арпалысқан Нұр-кешінің бейнесін көрмек болып, сол бейнені, сом бейнені, өлімнен де зор бейнені зарыға іздеп, шарқ ұрар еді.

Міне, искусство сол бейнені жасапты. Ана ұлын таныды.

Аспандағы айқаста Нұркешінің самолетіне снаряд тиіп өртеніпті. Өрт жалыны батырдың алдын да, артын да орап алыпты. Сусымалы сұм жалын Нұркешінің етек жағын ала лапылдап лаулап барады. Ақиқат ажал алқымынан алған кез ғой бұл! Ал ажалмен бетпе-бет кездескен жан мына бір жапырақ кемпірдің ұлы самолеттің рычагін күрт басып, сол қолын көкжалға шүйілген қырандай сермеп, төмен құлдилап келеді. Келбеті қандай, келбеті! Сол келбеттен мен зұлымдық пен ізгіліктің айқасын, адам баласына деген сүйіспеншілік пен адам затына деген қастандықтың арпалысын көремін.

Анасы да көрді мұны.

– Иә, менің Нұркешім осындай, – деп күбірледі.

– Иә, менің Нұркешім өлген жоқ екен, – деп қайталағандай болды ананың ерін емеуріні. Сонда ардагер Мұса Жәлилдің:

*Тәнді көмер топырақ,  
Кәмбес бірақ  
Жалынды жырға толы көңілімді.  
«Өлді деуге сыя ма, айтыңдаршы,  
Жеңіп өлсек сұрапыл бұл өлімді!» –*

деген бір ауыз өлеңі есіме түсті.

Сұрапыл сұм өлімді жеңіп өлген бала тұр тас мүсін боп. «Өлді» деуге қия алмай ана тұр кәрі төсі бүлк-бүлк етіп еміреніп. Тас бала мен ақ шаш ананың үнсіз-тілсіз көріскенін көріп, ел тұрды тебіреніп... Айнала тұрғандардың көбі жас өспірімдер, Нұркеннің інілері. Ана айтты оларға: «Бәрің менің баламсың», – деді. Батыр ағаны қастерлегені үшін балаларына: «Рақмет, шырақтарым», – деді.

...Бас-аяғы бір сағаттан асар-аспас уақыт қой. Осы мезгіл ішінде мен қарт ананың қас-қабағынан көз алмадым. Оның қуанғанын да, жыламасқа дәті қайсы, жылағанын да көрдім. Көрдім де, ана жаны тастай берік, гүлдей нәзік екен деген ойға келдім.



## ТУҒАН ЖҰРТҚА БАРҒАНДА<sup>1</sup>

Қараған бұтаның түбінен,  
Ұйқысы қанып түнімен  
Ойнап шыққан қояндай,  
Орғып-орғып жүгірем.  
Орғыған сайын алқындым,  
Алқынған сайын шарқ ұрдым –  
Соңымнан қалмай жүгірген,  
Тасбұлақ,  
Өзен,  
Самалды,  
Болдыртып артқа қалдырдым.  
Ойдан-қырға орғыдым,  
Қырдан нуға орғыдым,  
Табанға қатты батса да,  
Орғыдым таудан тасқа да.  
Желбезек ерні түрілген,  
Желге қарсы жүгірген,  
Глеспей қалды бөкен де  
Жылтылдап ұшқын түгінен.  
Қосылған жандай санатқа,  
Түрілді жең де, балақ та.  
Айналып кетті нансаңыз –  
Екі өкпем екі қанатқа.  
Сонан соң дүр-дүр сілкіндім,  
Сілкіндім де, жыр тудым.  
Құсына кеттім қосылып,  
Осынау туған жұртымның.  
Жатсынған жоқ құстары,  
Мені ту ғып ұстады.  
Менсіз жерге қонбады,  
Менсіз шалқып ұшпады.  
Бозторғайға серік боп,  
Қыста ұшпай, жаз көштім,

## ЖӘРКЕН БӨДЕШҰЛЫ

(1944 жылы туған)



<sup>1</sup> Жәркен Бөдешұлының өлеңдері «Емендер түнде бүрлейді» (Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2002) жинағы бойынша ұсынылды.



Сары ала қазға еліктеп,  
Салқын майса саз кештім.  
Аққу құспен бір түлеп,  
Ақ айдында аунадым.  
Ұлар құспен бір түнеп,  
Ұлы тауда жаурадым,  
Ұлы тауда жаурасам –  
Таусылған жоқ тағатым.  
Қиядағы қыранның  
Туырлықтай тұтасқан,  
Жамылдым қос қанатын.  
Қалғымадым түнімен  
Көңілім менің алаң боп.  
Мойнымды таудың үкісі  
Бұрап, жұлып алар деп.  
Бүркіттің ажалы – үкіден,  
Түлкінің ажалы – бүркіттен.  
Ағаштың ажалы – түрпіден,  
Ақынның ажалы – жаладан,  
Сұлудың ажалы – күлкіден,  
Сол ажалдың бетіне  
Қайта-қайта түкірем.  
Қараған бұтаның түбінен  
Орғып шыққан қояндай,  
Ажалға да жеткізбей,  
Орғып-орғып жүгірем.  
Жерден Айға орғыдым,  
Айдан Күнге орғыдым.  
Күннен гүлге орғыдым,  
Түн қойнына төгілген  
Жұлдызбен бірге сорғыдым.  
Сонау кәрі Жоңғардан  
Сарыарқаға орғыдым.  
Құм үйірген жондардан.  
Самал тауға орғыдым.  
Самал таудан орғыдым Алатауыма,  
Алатаудан орғыдым Қаратауыма.



Орнында тұрса бұл жалған  
Орғи берем тағы да.  
Жанып кетсем көмірмін,  
Онда мені көмбегін.  
Орғып жүрсем – өмірмін,  
Орғымасам – өлгенім.

## АТАМЕКЕН

Қалыпты өн бойымда қыртыс, таңба,  
Ұқсаймын тағдырмен көп жұлқысқанға,  
Атамның туған жұрты – Қазақстан,  
Мен тудым сонау Шығыс Түркістанда.

Шыққандай қызыл-жасыл тасқа қына,  
Оралар алуан қиял басқа мына.  
Құдайым шырылдаттың аямай-ақ,  
Екі оттың ортасына тастадың да.

Ашынып әлдекімге ұрсамын да,  
Дал болып ойланамын бұл шағымда,  
Шекара жүрегімді бөлді екіге  
Анамның жатқан шақта құрсағында.

Жаз жайлау, қыс қыстауда тойға барып,  
Ел едік егін салған, қой бағып та.  
Дүниенің жалғандығын ойласақ та,  
Бөлініп қаламыз деп ойламадық.

Ел едік көкірегі толы сезім,  
Бір таудың екі беті қоныс едің.  
Шынында, ойламадық, ойламадық,  
Ақ патша, Ежен хан боп бөлісерін...

Бөліктің туған жұртым арғы жағын,  
Секілді шекарасы – қарғы бауы.



Бөліктің бергі жағы – Ата жұртым,  
Шұлғыған белдеуінде арғымағы.

Жалғанда жаман бар ма бөлінгеннен,  
Бөлінген емес екен өлімнен кем.  
«Жансыз» деп,  
«Қос жүрек» деп,  
«Ауған ел» деп,  
Естіген сөзім аз ба көрінгеннен?

Мен келсем, келдім туыс, бауырым деп,  
Алатау, Арқа, Алтай, Сауырым деп,  
Келгем жоқ жату үшін аузымды ашып:  
– Қазы мен қартаның бар төуірін жеп.

Жақсылар, айтпасам да, түсінесің,  
Болмай ма түсінбеген кісіге сын.  
Алматым, айттым саған рақмет,  
Біреулер мейлі күндеп кісінесін.

Рақмет, бауырмал, байыпты жұрт,  
Дертімнен алдың мені айықтырып.  
Рақмет, Алатауым, Қаратауым,  
Қарсы алдың құшағыңды жайып тұрып.

Сенімім саған деген аса бекем,  
Арыммен, жаныммен де қасам етем<sup>1</sup>.  
Талап жеп, қояр еді қасқыр тағдыр,  
Егер де сен болмасаң, Атамекен.

---

<sup>1</sup> Қасам ету – ант ішу.



## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз .....	3
----------------	---

### I бөлім

#### ҚАЛЫҢ ЕЛІМ, ҚАЗАҒЫМ

##### Абай ҚҰНАНБАЙҰЛЫ

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы .....	4
Сабырсыз, арсыз, еріншек .....	6
Болыс болдым, мінеки.....	9
Мәз болады болысың .....	13
Бойы бұлғаң.....	14
Отыз үшінші қарасөз .....	16
Ескендір ( <i>поэма</i> ) .....	17

### II бөлім

#### ӨЗ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫМЕН ОҚУ

##### Әбіш КЕКІЛБАЕВ

Шыңырау ( <i>повесть</i> ) .....	24
----------------------------------	----

##### Медеу СӘРСЕКЕ

Семей қасіреті ( <i>Деректі тарихи хикаят. Үзінді. Ықшамдалған</i> )....	59
--	----

##### Айгүл КЕМЕЛБАЕВА

Тобылғысай ( <i>әңгіме</i> ).....	82
-----------------------------------	----

##### Талап СҰЛТАНБЕКОВ

Ғажайып планета ( <i>әңгіме</i> ).....	91
--	----

##### Оразақын АСҚАР

Шаттан, қазақ! .....	102
Дербестік .....	103

##### Шерхан МҰРТАЗА

Тастай берік, гүлдей нәзік .....	104
----------------------------------	-----

##### Жәркен БӨДЕШҰЛЫ

Туған жұртқа барғанда.....	107
Атамекен ( <i>үзінді</i> ) .....	109



*Учебное издание*

**Составители:**

**Каскабасов Сеит Аскарлович  
Алмуханова Риза Таскынғалиевна  
Раушанов Есенғали Абдижапбарович  
Кайырбай Канат Сатыбалдыұлы  
Оспан Динаш Бектенқызы**

**ҚАЗАҚ ӨДЕБИЕТІ. ХРЕСТОМАТИЯ**

Учебное пособие естественно-математического направления  
для 10 классов общеобразовательных школ

*(на казахском языке)*

Редакторы  
Мұқабаның дизайнері  
Техникалық редакторы  
Дизайнын жасаған және  
компьютерде қалыптаған

**Ғұсман Жандыбаев  
Ермек Мейірбеков  
Зайра Бошанова  
Гүлмира Өтенова**

ИБ №7398

Басуға 29.04.2019 ж. қол қойылды. Пішімі 70×90<sup>1</sup>/<sub>16</sub>.  
Қаріп түрі «SchoolBook Kza». Офсетті басылым.  
Баспа табағы 7,0. Шартты б.т. 8,19.  
Таралымы 2000. Тапсырыс №

ISBN 978-601-200-638-4



9

786012 006384